

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті

ӘӨЖ 330.012:338.43

Қолжазба құқығында

ЖУСУПОВ ЕРЖАН АЛПЫСБАЕВИЧ

**Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге
қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру**

6D050600 – Экономика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
экономика ғылымдарының докторы,
профессор
Есенгельдин Б.С

Шетел ғылыми кеңесшісі:
экономика ғылымдарының докторы,
доцент
Воронина Т.В.

Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан, 2021

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ	6
1 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..	9
1.1 Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің мәні мен маңызы.....	9
1.2 Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар.....	19
1.3 Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін сипаттау.....	29
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ МЕН БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	37
2.1 Ауыл шаруашылығы өндірісін еңбек ресурстарымен қамту жағдайы	37
2.2 Ауыл шаруашылығы өндірісінің ағымдық жағдайын талдау.....	48
2.3 Ауыл шаруашылық өнімдерінің экспорттық және импорттық операцияларын бағалау.....	62
3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	74
3.1 Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін қаржылық қамту бағыттары.....	74
3.2 Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін цифрлық технологиялар арқылы арттыру.....	86
ҚОРЫТЫНДЫ	94
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	100
ҚОСЫМША А	108
ҚОСЫМША Ә	109

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда мынадай нормативтік актілерге сілтемелер жасалған:
Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан 2012.

Қазақстан Республикасының Кодексі. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі: 2015 жылдың 29 қазанда, №375-V ҚРЗ қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2017 жылдың 12 желтоқсаны, №827 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2018 жылдың 12 шілдесі, №423 бекітілген.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда мынадай ұғымдардың анықтамалары қолданылады:

Агроөнеркәсіптік кешен – ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және өткізуді, сондай-ақ тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықпен, ақшамен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ететін ілеспе өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қамтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитын экономика салаларының жиынтығы.

Ауыл шаруашылығы – халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге және өнеркәсіптің бірқатар салалары үшін шикізат алуға бағытталған экономика саласы.

Ауыл шаруашылығы өнімі – бал ара шаруашылығын қоса алғанда, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының, оның ішінде органикалық өндіру арқылы алынған шикізаты және өнімі, сондай-ақ оларды бастапқы қайта өңдеу арқылы алынған өнімдер.

Бәсекелестік – тауарларды өндірудің, сатып алудың және сатудың ең жақсы шарттары үшін экономикалық субъектілердің жарыспалығы.

Бәсекеге қабілеттілік – белгілі бір объектінің немесе субъектінің берілген шарттарда бәсекелестерден асып түсу қабілеті.

Инвестициялық салымдар – жаңа өндірістік қуаттарды құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталған шығындар.

Субсидиялау – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, субсидияларды нақты алушыларды өтеусіз және қайтарымсыз негізде қаржыландыру.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ	– Америка құрама штаты
АӨК	– Агроөнеркәсіптік кешен
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар ұйымы
ж.	– жыл
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім
ЖШС	– Жауапкершілігі шектелген серіктестік
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	– Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
млн.	– Миллион
млрд.	– Миллиард
т.б.	– тағы басқалар
ТМД	– Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
IT	– Information Technology (Ақпараттық технологиялар)

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Аграрлық экономиканың жаһандануы, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілетті өнімдерді азық-түлік нарығына шығаруды талап етеді. Ауыл шаруашылық кәсіпорындары нарыққа тауарларды шығарып ғана қоймай, бәсекелестерінен алдыңғы қатарда болып, жаңа инновациялық технологияларды қолдануы керек.

Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан - 2050» Стратегиясында ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажеттігін атап көрсеткен [1].

Бұл шараны шешу үшін ауыл шаруашылық кәсіпорыны нарық талаптарына сай өнімдер мен қызметтерді ұсына отырып сапалық және сандық сипаттамаларды үнемі арттыруға мәжбүр. Сондықтан бәсекеге қабілетті үдерісті ұзақ және тұрақты қамтамасыз ету үшін тиімді экономикалық тетіктерді қолдану қажет.

Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мемлекеттік аграрлық саясаттың басты мақсаттарының бірі болып келеді. Оны орындау үшін Қазақстан Республикасында 2017-2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асып отыр [2].

Бұл жағдайда ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің экономикалық тетіктерін арттыруға бағытталған жұмыс өзекті болып отыр.

Мәселенің ғылыми әзірлену дәрежесі. Осы диссертациялық жұмыста ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсеке қабілеттілігінің мәселелері зерттелді. Бұл мәселелердің жекелеген жақтары отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарында қарастырылған.

Диссертациялық жұмыста «бәсекелестік» түсінігі сұрақтарын қарастырған Смит А., Портер М., Курно А. О., Шумпетер И., Хайек Ф., Юданов А., Фатхутдинов Р., Сағадиев Қ.Ә., Сабден О., Долинская М.Г., Соловьев И. А. және басқалардың ғылыми еңбектеріне көп көңіл бөлінген.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсеке қабілеттілігін арттыруға қатысты мәселелерді зерттеумен Есполов Т.И., Ленская Т.И., Юркова Е.А., Саубанов К.Р., Анохина М.Е., Фитриани Р., Сумарминингси Е., Лин С., Лин Дж. және тағы басқа ғалымдар зерттеумен айналысады.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсеке қабілеттілігін дамыту мәселелерін баяндайтын ғылыми еңбектердің көптігіне қарамастан, бұл бағыттағы зерттеулер пікірталас тудырады және жеткілікті пысықталмаған. Әсіресе, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін одан әрі зерделеу қажеттілігі туындап отыр.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктері бойынша теориялық-әдістемелік негіздерді зерттеу және ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды негіздеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің мәні мен маңызын ашу;
- ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекелік қабілеттілігіне әсер ететін факторларды топтастыру;
- ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін сипаттау;
- Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің заманауи жағдайын талдау мен бағалау;
- ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін қаржылық қамту бағыттарын әзірлеу;
- ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін цифрлық технологиялар арқылы арттыру ұсыныстарын жасау.

Зерттеу нысаны Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығының өндірісі болып табылады.

Зерттеу пәні ретінде ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін анықтау кезінде туындайтын экономикалық қатынастар болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық базасы абстрактілі-логикалық, статистикалық, сараптамалық, салыстырмалы және құрылымдық әдістер болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің теориялық негізі ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру саласындағы қазақстандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді және ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілері болып табылады.

Ақпараттық база ретінде Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының, сондай-ақ олардың зерттеулері, үкіметтік емес ұйымдардың мәліметтері қолданылды.

Диссертацияның ғылыми жаңалықтарына мыналар жатады:

- «бәсекелестік» және «ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының мәнін ашатын теориялық ережелер нақтыланды және тереңдетілді, сонымен бірге осы түсініктердің авторлық анықтамалары ұсынылды;

- ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар (әсер ету деңгейіне, қалыптастыру және ұстап тұру табиғатына, тұрақты даму бағытына қарай) топтастырылды;

- ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қатысты басқарушылық шешімдердің дұрыстығын, құндылығын және уақытылы қабылдануын қамтитын экономикалық тетіктердің (нарықтық, институционалдық) түрлері жүйеленді;

- ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің даму бағыттарын анықтау үшін, оның күшті және әлсіз жақтарын ескере отырып SWOT-талдау жүргізілді;

– әзірленген корреляциялық-регрессиялық модельді ескере отырып ауыл шаруашылығын қаржылық қамтамасыз етудің нақты бағыттары анықталды;

– ауыл шаруашылығы саласының, кәсіпорындарының және өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік беретін цифрлық технологияларды қолдану бойынша ұсыныстар жасалды.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

– автор ұсынған «бәсекелестік» және «ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының анықтамалары;

– ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар топтамасы;

– ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қатысты экономикалық тетіктердің құрылымдық сызбасы;

– Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі дамуының SWOT-талдауының кестесі;

– ауыл шаруашылығын қаржылық қамтамасыз етудің тиімді бағытын анықтайтын корреляциялық-регрессиялық модель;

– ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды қолданудың деңгейін, жобаларын және мүмкіндіктерін анықтайтын тұжырымдама мен кесте.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің дамуын кешенді бағалау мәселесіне жаңа көзқарасты негіздеу болып табылады. Зерттеудің теориялық нәтижелерін тиісті заңнамалық және жергілікті атқарушы органдар шағын және ірі агробизнес субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу үдерісінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңызы – жұмыста ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар бар.

Диссертациялық зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер ауыл шаруашылығын саласының мамандары, жоғары оқу орындарының оқытушылары және басқа да мүдделі тұлғалар үшін ғылыми және тәжірибелік ақпарат көзі ретінде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары. Диссертация тақырыбы бойынша 6.2 б.т. тұратын 15 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде Scopus компаниясының деректер базасына кіретін журналда – 3, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен журналдарда - 4, халықараралық конференция материалдарында – 8, оның ішінде шетелде өткен халықаралық конференция материалында – 3. Жұмыстың ғылыми нәтижелері «Агро Строй Союз» ЖШС қызметіне енгізілген (Қосымша А).

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың негізгі мәтіні 110 беттен тұрады, жұмыста 18 кестелер мен 25 суреттер бар.

1 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің мәні мен маңызы

Қазақстан Республикасы үшін ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың аса маңызды мәні бар, өйткені бүгінгі таңда халықты өз өндірісінің сапалы азық-түлігімен қамтамасыз ету және ішкі нарықта бәсекеге қабілетті, пайдаланылатын өнім өндіру есебінен әкелінетін тауарларды импортты алмастыру міндеті тұр. Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігінің маңызды сипаттамаларының арасында сапа мен құн көрсеткіштерінің оңтайлы арақатынасының болуын, бәсекелестермен салыстырғанда жақсы нәтижелерге қол жеткізуді және төлем қабілеттілігін сұраныспен байланысты ажыратуға болады.

Ғылыми әдебиеттерде «ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі» ұғымы аса терең қарастырылмаған. Сондықтан бұл түсінікті «бәсекелестік» және «бәсекеге қабілеттілік» сияқты ұғымдар арқылы зерттеген жөн.

Бұл ұғымдарды қарастыруды концептуалды тұрғыдан «бәсекелестік» түсінігінен бастау керек. Бәсекелестік, әрине, нарықтың барлық тетігі мен тұтастай нарықтық экономиканың жұмыс істеуінің негізгі буыны болып табылады.

Экономикалық ғылымда «бәсекелестік» ұғымы ауызша латын тілінен «қақтығыс», «жарыс» дегенді білдіретін «concurere» сөзінен алынғандығы анықталған. Экономикалық ұғымдардың түсіндірме сөздігінде бәсекелестік түсінігі «тауар өндірушілер арасындағы тауар нарығы үшін бәсекелестік, нарықтың белгілі бір бөлігін жаулап алу» деп көрсетілген. Ол үшін әр компания өзінің маркетингтік стратегиясы мен тактикасын, әр түрлі маркетингтік құрылымды қолданады [3].

Бәсекелестік тек тауар өндірушілер (сатушылар) арасында ғана емес, сонымен қатар тауарларды сатып алушылар (тұтынушылар) арасында да орын алады деген пікір біршама даулы болып көрінеді. Бұл жағдайда бәсекелестіктің объектісі жоқ дегенді білдіреді. Біздің көзқарасымыз бойынша ол бәсекеге қабілеттілік факторларын бөліп көрсетуге мүмкіндік бермейді.

Бәсекелестік категориясы көп қырлы және көптеген көріністерге ие. Бұл ұғым мәнінің күрделілігі оны жіктеу қажеттілігіне әкеледі. Бәсекелестік мәселесіне арналған жарияланымдардың жеткілікті болғанымен, бәсекелестіктің пәні, субъектісі және объектісі сияқты ұғымдарға көзқарастардың нақты анықтамалардың бірлігі жоқ.

Экономикалық ғылымдағы «бәсекелестік» ұғымын түсіндіру бірнеше кезеңнен өтті. Бәсекелестікке теориялық көзқарастардың эволюциясын зерттеу оның әртүрлі дәуірлерді, елдер мен экономикаларды зерттеушілердің алуан түрлі түсінігін көрсетеді. Ғылыми әдебиеттерде осы тұжырымдаманың мінез-құлық, құрылымдық және функционалдық түсіндірмелері ерекшеленеді (кесте 1).

Кесте 1 – «Бәсекелестік» ұғымының сипаттамалары

Авторлар	Анықтама	Сипаттама
<i>Мінез-құлық тәсілі</i>		
Смит А.	Бәсекелестік – бағаны көтеретін (ұсыныстың қысқаруымен) және бағаны төмендететін (ұсыныстың артуымен) шайқас.	Сатушылар мен сатып алушылардың шексіз санының болуы, толық және сенімді ақпарат, пайдаланылатын ресурстардың ұтқырлығы, нарықтың әр қатысушысының сапасын сақтай отырып, тауардың нарықтық бағасының өзгеруіне айтарлықтай әсер ету мүмкіндігі.
Портер М.	Бәсекелестік – бұл компанияның сәтті болатынын немесе сәтсіздікке ұшырайтынын анықтайтын негізгі фактор. Бәсекелестік стратегиясы немесе бәсекелестік стратегия – бұл компанияның саладағы бәсекеге қабілетті нарықтық позицияны алуға деген ұмтылысы, яғни қарсыластар күресетін негізгі орта	Бәсекелестік тетігі өте жіңішке және икемді, ол салалық кіріс мөлшерін теңестіреді, салалар арасында ресурстарды оңтайлы бөлуге әкеледі. Жалпы алғанда, мінез-құлық тұжырымдамасы бәсекелестік күрес әдістерін жетілдіру жолдары мен бағыттарын және елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін құралдар жүйесін көрсетеді
<i>Құрылымдық тәсіл</i>		
Курно А.О. Робинсон Дж.	Бәсекелестік – нарықта көптеген тәуелсіз сатып алушылар мен сатушылардың болуы, сатып алушылар мен сатушылардың нарыққа еркін кіріп, оны тастап кету мүмкіндігі	Құрылымдық тәсіл бәсекелестіктің мазмұнын анықтайды, нарық пен онда басым болатын жағдайларды ескеруге мүмкіндік береді
<i>Функционалдық тәсіл</i>		
Шумпетер И.	Бәсекелестік – бұл жаңа жолдар салатын, ресурстардың жаңа комбинацияларын жүзеге асыратын өндірісті ұйымдастырушы кәсіпкерлер жүргізетін ескі мен жаңаның күресі	Функционалдық тәсіл бәсекелестіктің экономикалық мәнін, оның экономикалық дамудағы рөлін зерттеу тұрғысынан қарастырады
Хайек Ф.	Бәсекелестік – бұл «ашу рәсімдемесі», ол жасырын нәрсені айқын етуге мүмкіндік береді	
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [4-9]		

Көріп отырғанымыздай, «бәсекелестік» ұғымының мінез-құлық, құрылымдық және функционалдық тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар:

– *мінез-құлықты түсіндіру* бәсекелестікті сатушылар (сатып алушылар) арасында тауарларды сатудың (сатып алудың) ең қолайлы шарттары үшін туындайтын бәсекелестік ретінде сипаттайды;

– *құрылымдық тұрғыда* бәсекелестердің күресінен нарықтың құрылымын және оған үстемдік ететін жағдайларды талдауға баса назар аударылады;

– *функционалдық тәсіл* экономикадағы бәсекелестіктің рөлін басты назарда ұстайды: бұл нарықтағы өміршең емес өндірушілерді ығыстыратын бәсекелестік тетігі.

Юданов А.Ю. пікірінше, нарықтық бәсекелестік – бұл нарықтың қол жетімді сегменттерінде тұтынушылардың төлем қабілеті сұранысының шектеулі көлемі үшін күрес [10]. Сонымен бірге, ол әлемде «бәсекелестік» деген бірыңғай ұғым жоқ деп санайды және бәсекелестіктің үш түсіндірмесінің (мінез-құлық, құрылымдық және функционалдық) бірін ғана қолдану керек деп санайды.

Әрине, бәсекелестіктің шешуші мәні оның жүргізу үдерісінде бәсекеге қабілетті өнімді тұтынушылар іріктеп бағалауды жүзеге асыратындығымен ерекшеленеді. Нарықтық экономиканың қалыпты дамуы кезінде сұранысқа ие өнімді бәсекеге қабілетті кәсіпорын шығаруы керек, оның жұмыс істеуінің оңтайлы жағдайларын бәсекеге қабілетті сала мен бәсекеге қабілетті ұлттық экономика жасайды.

В.Д. Щетининнің пікірінше, «бәсекелестіктің нақты тұжырымдарында айырмашылықтар бар, өйткені онда экономикалық және әлеуметтік-саяси көзқарас бар; жалпы нарықтық немесе таптық бағдарланған; диалогқа және «ережелер бойынша ойынға» немесе әскери қарама-қайшылық пен төтенше шараларға негізделген» [11]. Экономикалық тәсіл аясында нарықтық экономикадағы бәсекелестік дегеніміз – өндіріс пен сатудың ең тиімді шарттары үшін тауарлар мен қызметтердің иелерінің өзара әрекеттесуінің, өзара байланысының және күресінің экономикалық үдерісі.

Кейбір ғалымдардың (Ф. Найт, Г.Л. Азоев) ойынша, «бәсекелестік» ұғымының анықтамаларында нарықта бәсекелестіктің пайда болуының бастапқы кезеңі тауарларды сатушылар мен сатып алушылардың жеткілікті санын көрсету керек.

Ф. Найт бәсекелестікті көптеген тәуелсіз бірліктер бәсекелесетін нарықтағы жағдай ретінде анықтады [12].

Г.Л. Азоев бәсекелестікті бір мақсатқа жету үшін заңды тұлғалар немесе жеке тұлғалар (бәсекелестер) арасындағы бәсекелестік ретінде қабылдауды ұсынады [13].

Ұсынылған анықтамаларды, «бәсекелестік» экономикалық ұғымын анықтау тәсілдерін қарастыру арқылы біз бәсекелестіктің әртүрлі субъектілер арасындағы жарыспалықтың бар екенін көре аламыз.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде «бәсекелестік» ұғымын жарыспалықтың, адалдықтың, заңдылықтың, тұтынушылар құқықтарының сақталуының талаптарына негіздей отырып мынадай анықтама берілген: «Дербес жасаған әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектілерінің жарыспалылығы бәсекелестік деп танылады» [14].

Көріп отырғанымыздай, бұл анықтамада бәсекелестіктің мәні (бәсекелестік), субъектілер (заңды және жеке тұлғалар, тауар өндірушілер),

әрекет ету шекаралары (тиісті тауар нарығы), пайдалылығы (қажетті тауарларды өндіруді ынталандыру) көрсетілген.

Осы талаптарға сай келетін анықтаманы ресейлік экономистер В.Н. Иванов және И.А. Фокина берген. Олардың пікірінше, «бәсекелестік дегеніміз нарықта максималды пайда алу үшін тауарларды өндірудің неғұрлым тиімді шарттарын қолдану арқылы қалыптасқан кәсіпорындар арасындағы жарыспалық» [15].

Бәсекелестік объектісі көбінесе тауарларды өндірудің, олардың тиімді алмасуының және капиталды құрудың ең тартымды шарттары болып табылады. Кең мағынада бәсекелестік тақырыбын экономикалық қызметтің ең тартымды және, демек, экономикалық тиімді нысаны ретінде қарастыруға болады.

Осы тұрғыда П. Самуэльсон бәсекелестікті бағалар мен нарықтар жүйесі арқылы объективті түрде іске асырылатындығын мұқият әзірленген, күрделі үйлестіру тетігі ретінде түсіндіреді. П. Самуэльсонның түсіндіруіндегі бәсекелестік – миллиондаған әртүрлі адамдардың білімі мен іс-әрекетін біріктірудің құралы [16].

Осыған байланысты экономикалық бәсекелестік бүгін де өзінің дамуында жаңа мазмұнға ие болуда. Ол нарықтың шекарасынан өтеді: оның нысандары мен әдістері экономикалық тұрғыдан таусылмай, жаңа әлеуметтік мазмұнды қабылдайды.

«Бәсекелестік» ұғымына қатысты әртүрлі ғалымдардың көзқарастарын салыстыра отырып, оның мынадай өзіндік ерекшеліктерін бөліп қарастыруға болады:

– *субъектілердің әркелкілігі*. Нарықта бәсекелестіктің пайда болуы үшін тауарларды сатушылар мен сатып алушылардың жеткілікті саны ұсынылуы керек;

– *біртекті тауарлардың болуы*. Сапалық және құндық сипаттамалары бойынша ұсынылатын тауарлар ұқсас тауарлармен салыстырғанда тұтынушы үшін тартымды болуы тиіс;

– *маманданған тауар нарығының болуы*. Нарықтың өзі – бұл негізгі нормалар мен ережелерді сақтай отырып, бәсекелестіктің белгілі бір түрін сатып алу-сату орны. Бұл нарықта сұраныс пен ұсыныс талаптары заңды түрде ескерілген жөн.

Жоғарыда көрсетілген «бәсекелестік» ұғымының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оған мынадай анықтама беруге болады: *бәсекелестік дегеніміз – маманданған нарықта өз өнімдерін тұтынушыларға өткізу үшін жекелеген субъектілердің жарысы*.

Осылайша, бәсекелестік субъектінің нарықтағы пайда үшін күресі, нарықтық экономиканың негізгі қозғаушы күші болып табылады. Тауар бәсекелестік құралы, оның көрінетін себебі және сөзсіз салдары болады. Бұл күресте сәттілік бәсекеге қабілетті деп аталатын өнімдермен қамтамасыз етіледі.

Бәсекеге қабілеттілік күрделі экономикалық категория болып табылады, оның негізінде бәсекелестік ұғымы жатыр. Жалпы алғанда және экономикалық салаға қатысты бәсекеге қабілеттілікті экономикалық бәсекелестік

субъектісінің белгілі бір артықшылықтар жасауға ықпал ететін белгілерге, қасиеттерге немесе кейбір ерекшеліктерге ие болуы деп түсіну керек. Бәсекелестік артықшылықтардың иелері болып табылатын айрықша қасиеттердің тасымалдаушылары: халықаралық экономикалық қатынастардың әртүрлі салаларында көшбасшылық үшін бәсекелестік күрес жүргізетін өнім түрлері, кәсіпорындар, фирмалар, компаниялар, салалық немесе интеграцияланған құрылымдарды, жеке елдерді немесе олардың бірлестіктерін құрайтын ұйымдар болуы мүмкін.

Экономикалық категория ретінде бәсекеге қабілеттілікті экономиканың әртүрлі салаларының мамандары зерттейді, сонымен қатар олар осы тұжырымдамаға әртүрлі анықтамалар береді.

Академик О. Сәбден Қазақстанның әлемдік нарықтағы ұстанымын зерттеп, бәсекеге қабілеттілікті бағалау критерийлерін әзірледі және елдің бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуінің ұлттық моделін ұсынды [17]. Ол елдің тәуелсіздігін, экономикалық қауіпсіздігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономиканың басым салаларын айқындаған: экономиканың нақты секторының салаларын дамыту; қазіргі заманғы логистикалық инфрақұрылым мен көлік дәліздерін құру; әлемдік нарықтарда өндіруші салалардың монополиялық және олигополиялық жағдайын орнықтыру; бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ете алатын жоғары технологиялық және стратегиялық жетекші өндірістерді дамыту; ғылым мен білім салаларына басымдық беру; күшті қаржы саласын қалыптастыру және тағы басқалар.

«Бәсекеге қабілеттілік» ұғымының түсіндірмелерін талдау кезінде зерттеу объектісін таңдау мен анықтаманың кеңдігі, осы тұжырымдамаға енгізілген критерийлер саны арасындағы байланыс байқалады.

Бәсекеге қабілеттілік белгілі бір кәсіпорынның, саланың, аймақтың, елдің әр кезеңде бәсекеге қабілеттілік ұғымы нарықтық үлесті, ресурстарды пайдалану тиімділігі мен зерттеу объектісінің қаржылық жетістіктерін ғана емес, сонымен бірге жалпы қоғамның өркендеуі мен әл-ауқатын сипаттайтын критерийлердің көбеюін қамтиды.

Р. Фатхутдиновтың анықтамасы бойынша бәсекеге қабілеттілік «осы нарықта ұсынылған ең жақсы ұқсас объектілермен салыстырғанда бәсекелестік қажеттілікті қанағаттандыру дәрежесін сипаттайтын объектілердің қасиеті» [18]. Оның пікірінше, бәсекеге қабілетті қасиеті бар көптеген объектілерге өнімнен басқа нормативтік актілер, ғылыми-әдістемелік құжаттар, жобалық-конструкторлық құжаттама, технология, өндіріс, қызметкерлер, бағалы қағаздар, инфрақұрылым, ақпарат жатады.

Академик Қ.Ә. Сағадиевтің еңбектерінде бәсекеге қабілеттілік халықтың жоғары өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін экономиканың жоғары тиімділік деңгейіне жетуі ретінде айқындалады [19].

Әрине, бәсекелестік барысында халықтың жоғары өмір сүру сапасын қамтамасыз ету басты орында болу керек. Осы ұстанымдардан бәсекеге қабілеттілік мақсаттарды анықтауды, жоспарлауды, жоспарларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды, мақсаттарға қол жеткізуді бақылауды және тағы басқаларды тиімді басқару қажет.

Шеховцева Л. бәсекеге қабілеттілік деп «бәсекелес нарық жағдайында талап етілетін сапамен және құнмен өз қызметтерін (мақсатын, миссиясын) орындау қабілеті» екендігін айқындаған [20].

Бәсекеге қабілеттілік – бұл күрделі экономикалық категория, оны бірнеше жағдайда қарастыруға болады. Бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі барынша зерделенген. Көптеген жұмыстарда бұл ұғым өнімнің сапасына және оған әсер ететін факторларға байланысты.

Мәселен, М.Г. Долинская және И.А. Соловьев тауардың бәсекеге қабілеттілігінің келесі анықтамаларын береді: бұл «нақты әлеуметтік қажеттіліктің сәйкестік дәрежесі бойынша да, оны қанағаттандыру шығындары бойынша да бәсекелес тауардан оның айырмашылығын көрсететін өнімнің сипаттамасы» [21].

П. Завьялов ойынша, бәсекеге қабілеттілік – бұл экономикалық, әлеуметтік, саяси факторларға байланысты тауар өндірушінің ішкі және сыртқы нарықтардағы жағдайы, осындай жағдайды және оның динамикасын барабар сипаттайтын көрсеткіштер (индикаторлар) арқылы көрсетіледі [22].

Бәсекелестік күрес үдерісінде жеңілген және ұтылған, бәсекеге қабілетті және бәсекеге қабілетсіз кәсіпорындар анықталады. Бұл анықтама нарықтық механизмнің жұмыс істеуі арқылы жүзеге асырылады, бұл бәсекеге қабілеттілікті экономикалық категория ретінде қарастыруға негіз береді – нарықтық іріктеу тетігінің нәтижесі.

Бәсекеге қабілеттілік бойынша В. Сидоренко мен П. Михайлушник бәсекелес тауарларды және аналогтарды кеңінен ұсыну жағдайында тауарлардың (оның табыстылығын анықтайтын өнімдердің) тұтынушылық және құндық сипаттамаларының кешенін түсінеді [23].

Бәсекелестік тауарлар қай жерде және қашан пайда болса, сол жерде бәсекеге қабілеттілік дамиды. Бұл дегеніміз, бәсекелестік неғұрлым жан-жақты сипатқа ие болса, нарықта, жекелеген кәсіпорындардың, салалардың, аймақтардың, елдердің экономикалық қызметінде олардың бәсекеге қабілеттілігі соғұрлым маңызды болады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің мәнін зерттеу және бағалау толығымен қарастырылмаған. Ауыл шаруашылығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне өндірістік және нарықтық инфрақұрылымның дамымауы, байланыс құралдары өнімдерін бастапқы өңдеу орындарының жеткіліксіздігі, жолдардың нашар жай-күйі, ауыл шаруашылығы өнімдерінің биржалық саудасының іс жүзінде болмауы теріс әсер ететіні белгілі. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығындағы бәсекелестік жағдайлары мен оған өндіріс құралдарын беретін және ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін салаларда айырмашылықтар бар.

Тиісінше, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі бүкіл ел аумағындағы саладағы жұмыстың тартымдылығын өлшеу, азық-түлік саласында тиімді кәсіпкерлік жағдай жасау, халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету, ауыл қызметкерлерінің өмір сүру сапасын бір мезгілде арттыра отырып, ресурстарды тиімді пайдалану бойынша мемлекеттік басқарудың тиімділігін бағалау үшін қажет.

Сондықтан ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің теориялық негіздерін қарастырып, оның құрамдас бөліктерін анықтап көрелік.

Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін теориялық анықтау және оны сандық бағалау әдіснамасының мәселелері Л. Латруфенің еңбектерінде қарастырылады [24]. Л. Латруфе (2010) бәсекеге қабілеттілікті «бәсекелестікке қарсы тұру және бәсекелестік жағдайында сәтті болу мүмкіндігі» немесе «сұраныс талаптарына сәйкес келетін өнімдерді (баға, сапа, сан) сату және сонымен бірге фирманың өркендеуіне мүмкіндік беретін уақыт өте келе пайда табу мүмкіндігі» деп анықтайды.

Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудағы құрылымдық элементтер (баға, сапа, сан, технологиялар және тағы басқалар) арасындағы қатынастар әртүрлі болуы мүмкін. Бәсекелестік артықшылықтар бәсекеге қабілеттілік ядросында құру, ең алдымен, ауыл шаруашылық өнімдерін оңтайлы өңдеу және сату, байланысты салаларды жеткізушілердің барабар баға саясатымен және жеткізілетін ресурстардың сапасымен күшейтілуі мүмкін. Екінші жағынан, бұл артықшылықтарды технологиялық тізбектегі серіктестердің сапасы мен тиімділігі төмен деңгейде «жөке шығаруға» болады.

Саубанов К.Р. өңірдің аграрлық секторында қолданыстағы бәсекелестік артықшылықтарды нығайтуға және қалыптастыруға бағытталған ұйымдастырушылық-экономикалық іс-шаралар кешенін ұсынады. Бұл іс-шаралар төрт негізгі бағыттан тұрады: өңірдегі ауыл шаруашылығы ұйымдарын басқару тиімділігін арттыру, жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өткізу нарықтарына қол жеткізуін жақсарту, республикалық аграрлық азық-түлік өнімдерін өңірлерге жылжытуға жәрдемдесу, механикаландырудың өсуі есебінен еңбек өнімділігін арттыру [25].

Бұл пікірмен келісуге болады, өйткені ауыл шаруашылығы өндірісінің қазіргі дағдарыстық жай-күйінің себептерінің бірі көптеген азық-түлік тауарларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі болып табылады, ол өз кезегінде шикізат пен азық-түлік сапасының төмендігімен, оның стандарттар талаптарына, техникалық шарттарға сәйкес келмеуімен, қайта өңдеу кәсіпорындарында оларды өндіру технологиясының бұзылуымен негізделеді.

Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеудің жаңа технологиялық шешімдерін енгізу, сондай-ақ өндірісті технологиямен жабдықтау бәсекелестікті арттырады [26].

Дегенмен, ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін нақты бағалау қиындықтар туғызуы мүмкін.

М.Е. Анохина және Н.С. Середина аймақтық агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілік деңгейін жан басына шаққандағы ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі түрлерінің мөлшері, олардың оң динамикасы және ұзақ мерзімді келешекте ұлттық экономикалық жүйенің тұрақты дамуы үшін жағдайлардың болуы арқылы бағалауды ұсынады [27].

Әрине, бәсекеге қабілеттілік деңгейін жан басына шаққандағы ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі түрлерінің мөлшері арқылы анықтауға болады, бірақ нарықта тауардың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін көптеген факторлар болған кезде оның әлеуетті сатып алушы үшін пайдалылығы,

тауардың бағасы және оның инновациялылығы басым рөл атқарады. Басқаша айтқанда, бәсекеге қабілеттілік – белгілі бір нарыққа және сату уақытына нақты байланысты салыстырмалы ұғым. Әрбір сатып алушының өз қажеттіліктерін қанағаттандыруды бағалаудың өзіндік жеке талаптары болғандықтан, бәсекеге қабілеттілікті былайша анықтауға болмайды.

Чемерис Е.М. ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау үшін өнім нарығын зерттеу қажет деп санайды. Ол саланың нақты неге маманданғанын, оның географиялық орны мен сыйымдылығын, ондағы нақты ауылшаруашылық субъектісінің мүмкін үлесін, бәсекелестердің озық технологияларын зерттеу маңыздылығын ескертеді [28].

Нарықтағы кез-келген өнім іс жүзінде сол жерде әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру дәрежесін тексеруден өтеді: әр сатып алушы өзінің жеке қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратын өнімді, ал сатып алушылардың бүкіл жиынтығы онымен бәсекелес тауарлармен салыстырғанда әлеуметтік қажеттіліктерге толық сәйкес келетін өнімді алады. Сондықтан бәсекеге қабілеттілік, яғни тауарлардың бәсекеге қабілетті нарығында коммерциялық тиімді сатуды бәсекелестердің тауарларын бір-бірімен салыстыру арқылы ғана анықтауға болады.

З.Р. Новрузованың пікірінше, қазіргі ауылшаруашылық өндірісіндегі бәсекелестіктің ерекшелігі белгілі бір аймақтағы бәсекелестік субъектілері арасындағы бәсекелестік қарқындылығының біршама төмендеуімен аумақтық кооперативті құрылымдар арасындағы басым бәсекелестік [29].

Жоғарыда айтылғандардан ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін тұтынушы ескеретін тауардың сипаттамаларының жиынтығымен анықтау және ұқсас тауарлармен салыстыру нәтижесінде көрінеді деп қорытынды жасауға болады.


Бәсекеге қабілеттілік нарықтық ортада тауарлар мен қызметтердің өмір сүру тәсілдері мен шекаралары ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас деңгейлері арқылы, тауардың құны мен тұтынушылық қасиеттері нәтижесінде анықталады.

Шарнина Н.М. Ресейдің Агроөнеркәсіптік кешені кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі төрт деңгейде қалыптасады деп санайды: 1-деңгей – агроөнеркәсіптік өнімнің бәсекеге қабілеттілігі; 2-деңгей – агроөнеркәсіптік кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі; 3-деңгей – республиканың агроөнеркәсіптік кешенінің (АӨК) бәсекеге қабілеттілігі; 4-деңгей – елдің агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілігі. Әр деңгейде бәсекеге қабілеттілікті анықтаудың өз мақсаттары мен талаптары бар [30].

Біз қарастырған көптеген дереккөздерде «бәсекеге қабілеттілік» екіұштылықпен түсіндірілетін көпқырлы экономикалық категория екендігі белгілі болды. «Бәсекеге қабілеттілік» ұғымы жасалатын өнімге де, экономикалық жүйелердің элементтеріне де қатысты қолданылады, яғни қазіргі уақытта зерттеушілердің көпшілігі өнімнің, жекелеген кәсіпорындардың, қалалардың, аймақтардың, елдердің, технологиялардың, жұмысшылардың және тіпті нормативтік актілердің бәсекеге қабілеттілігін зерттеу мәселелеріне назар аударады.

Осылайша, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктерін үш деңгейде қарастырған жөн (сурет 1):

- ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігі;
- ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігі;
- ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі.



Сурет 1 – Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктері мен бәсекелестік артықшылықтарының сызбасы

Ескерту – Автормен әзірленген

Байқағанымыздай, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің деңгейлерін былайша сипаттауға болады:

– ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігі өзіндік құнға, тауардың сапасы мен бағасына тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан ауылшаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі деп баға мен сапа критерийлері бойынша оның нарықтағы салыстырмалы тартымдылығының көрсеткіштер жүйесін, ал кейбір жағдайларда сұранысты анықтайтын физикалық қол жетімділікті, демек, бәсекелестерге қатысты сату көлемін түсіну керек;

– ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігі бизнес жүргізу саясатына, инновациялық технологияларға және бәсекелік ортадағы талаптарға тәуелді. Бұл ретте ауыл шаруашылығы кәсіпорны бәсекелестерінің әртүрлі санаттарын: тікелей бәсекелестерді (сол өнімді өндіретін); жанама бәсекелестерді (алмастырушы тауарларды өндіретін); түрлі салаларға немесе қызмет салаларына жатқызылуы мүмкін әлеуетті бәсекелестерді (осы қажеттілікті басқа тәсілмен қанағаттандыруға мүмкіндік беретін тауарларды немесе қызметтерді өндіретін) ескеру қажет;

– ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі мемлекеттік саясатқа, ғылыми зерттеулер нәтижесіне, сыртқы нарыққа және макроэкономикалық жағдайға орай құрылады. Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі үшін тауарлар ұқсас шетелдік бәсекелес салалардың тауарларына қарағанда баға мен сапа сипаттамалары бойынша тұтынушылар үшін неғұрлым тартымды болуға тиіс, бұл ретте саланың экономикалық өсуінің жоғары қарқыны қамтамасыз етіледі.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктері мен бәсекелестік артықшылықтарының сызбасы арқылы:

– нарықтағы алмастырушы тауарларды ескере отырып, өнімнің тұтынушылар сұраныстарына сәйкестігін және оны іске асырудың сәттілігі болжанады;

– кәсіпорынның және бизнес иелерінің бәсекелестік артықшылықтарын сақтау мүмкіндіктері анықталады;

– әлеуетті инвесторлардың мұқтаждықтары үшін және іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау мақсатында бизнес-ортаны бағалауға болады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, келесідей авторлық анықтама беруге болады: *ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі – бұл субъектінің әлемдік және отандық нарықтардағы тұтынушылардың талаптарына жауап беретін жоғары сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру қабілеті.*

Осылайша, ауыл шаруашылығының бәсекелестік қабілетін дамытудың теориялық мәселелерін жалпылай отырып, біз келесі қорытындыларға келдік.

Біріншіден, «бәсекелестік» ұғымына қатысты әртүрлі ғалымдардың көзқарастарын салыстыра отырып, оның өзіндік ерекшеліктері (субъектілердің әркелкілігі, біртекті тауарлардың болуы, маманданған тауар нарығының болуы) анықталды. Бұл *«бәсекелестік дегеніміз маманданған нарықта өз өнімдерін тұтынушыларға өткізу үшін жекелеген субъектілердің жарысы»* деп анықтауға мүмкіндік берді.

Екіншіден, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктері мен бәсекелестік артықшылықтарының сызбасы анықталды: ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігі (өзіндік құны, сапасы, бағасы), ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігі (бизнес жүргізу саясаты, инновациялар, бәсекелік орта), ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі (мемлекеттік саясат, ғылыми зерттеулер нәтижесі, сыртқы нарық, макроэкономикалық жағдай). Әзірленген сызба арқылы нарықтағы алмастырушы тауарларды ескере отырып, өнімнің тұтынушылар сұраныстарына сәйкестігін және оны іске асырудың сәттілігін болжауға, кәсіпорынның және бизнес иелерінің бәсекелестік артықшылықтарын сақтау мүмкіндіктерін анықтауға, әлеуетті инвесторлардың мұқтаждықтары үшін және іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау мақсатында бизнес-ортаны бағалауға болады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, авторлық анықтама берілді: ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі – бұл субъектінің әлемдік

және отандық нарықтардағы тұтынушылардың талаптарына жауап беретін жоғары сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру қабілеті.

1.2 Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар

Экономикалық қатынастардың дамуының қазіргі жағдайында ішкі және әлемдік нарықтағы өзгерістер ауыл шаруашылығындағы бәсекелестікті күшейтіп отыр. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы өндірісін тиімді дамытудың негізгі шарты оның бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін негізгі факторларды терең зерттеу арқылы қолда бар бәсекелестік артықшылықтарды сәйкестендіру болып табылады.

Ол үшін «фактор» және «бәсекеге қабілеттілік факторлары» ұғымдарының мәнін түсініп алайық.

«Фактор» ұғымын кең мағынада былайша түсінуге болады:

– кез-келген үдерістің қозғаушы күші, оның сипатын немесе жеке ерекшеліктерін анықтайтын себеп [31];

– индикаторға немесе бірқатар көрсеткіштерге әсер ететін элемент, себеп [32].

«Бәсекеге қабілеттілік факторлары» санаты деп кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметінің және қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінің шығындардың, кіріс пен пайданың абсолюттік және салыстырмалы шамасының өзгеруіне әкелетін, соның салдарынан кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейі өзгертін құбылыстары мен үдерістерін түсіну керек [33].

Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды қарастыру кезінде экономиканың бұл саласы ел экономикасы немесе басқа салалар үшін пайдаланылатын бағалаудың стандартты факторларын қолдануға мүмкіндік бермейтін бірқатар ерекшеліктерге ие екенін атап өткен жөн. Осындай ерекшеліктердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

– аграрлық сектордың төмен табыстылығы;

– табиғи жағдайларға байланысты шаруашылық қызмет нәтижесінің толықтай болжанбауы;

– қоршаған ортаны қорғау мәселелері.

Экономиканың жағдайына қарамастан, оның өнімдеріне сұраныстың тұрақты өсуі аграрлық саланың бәсекеге қабілеттілігіне оң әсер етеді.

Сондықтан ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды оның құрамдас бөліктеріне орай қарастырған жөн:

– ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар;

– ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар;

– ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар.

Ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар

Экономист ғалымдардың еңбектерінде экономиканың аграрлық саласы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің өлшемдері мен көрсеткіштері арасында нақты айырмашылық жоқ. Бәсекеге қабілеттіліктің жеке бөлшектері критерийлер ретінде де, көрсеткіштер ретінде де, тіпті факторлар ретінде де қарастырылады. Сонымен қатар, барлық осы ұғымдар олардың мәні бойынша ерекшеленеді.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілік критерийлері – бұл тауарды нарыққа және (немесе) нақты тұтынушыға жылжыту кезінде оның айрықша ерекшеліктері бағаланатын және көрсетілетін белгі.

Бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші – бұл әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың, олардың сапалық сенімділігімен бірлікте жалпыланған сандық сипаттамасы, олар нақты қажеттіліктерді қанағаттандыруда көрінеді.

Тауарлардың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін бағалауда екі тарап өзара әрекеттеседі: бір жағынан – тұтынушылар, екінші жағынан – өндірушілер. Бір көрсеткіштің мәні сатып алушыны қанағаттандыруы және тауар өндіруші үшін мүлдем қолайсыз болуы мүмкін, сондай-ақ бір нарықта тұтынушы және (немесе) өндіруші үшін жеткілікті және басқа нарықта жеткіліксіз болуы мүмкін.

Ауылшаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне көбінесе экономикалық факторлар (күн, баға, салықтар, экспорт, импорт және тағы басқалар) әсер етеді [34].

Ауылшаруашылық өнімдерінің, шикізат пен азық-түліктің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды сипаттамаларының арасында сапа мен күн көрсеткіштерінің оңтайлы арақатынасының болуын, бәсекелестермен салыстырғанда жақсы нәтижелерге қол жеткізуді және төлем қабілетті сұраныспен байланысты ажыратуға болады.

Ильина З.М. және Батова Н.Н. ойларына нарықта тартымды тұтынушылық, сапалық және құндық қасиеттері бар тауар ғана бәсекеге қабілетті болып табылады, ол кең ұсыныс жағдайында сатып алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды және тауар өндірушілердің коммерциялық табысын қамтамасыз етеді. Өнімнің бәсекеге қабілеттілік деңгейінің өндіріс тиімділігіне әсерінің тікелей тәуелділігі бар, өйткені бәсекеге қабілетті өнім оған деген қажеттілікті толығымен қанағаттандырады және әрқашан өткізу нарығын табады, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына, сондай-ақ олардың пайда табуына кепілдік береді [35].

Е.А. Юркованың пікірінше, «ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторы оның өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі болып табылады». Бұл ретте өнімнің негізгі сипаттамаларына оның сапасын, бағасын және өткізу шарттарын жатқызуға болады [36].

Ауылшаруашылық өнімдерінің сапасына, бағасына және жағдайына әсері тікелей де, жанама да көрінеді. Кедендік-тарифтік жүйе, несиелік-қаржылық тетік, стандарттау және сертификаттау жүйесі және тағы басқалар тікелей әсер етеді. Жанама әсер өңірдің инновациялық және кәсіпкерлік белсенділігі, кәсіпорында өндірісті басқару мен ұйымдастырудың жоғары деңгейі, шикізат ресурстарын тиімді пайдалану және тағы басқалар арқылы көрсетіледі.

Н.В. Климованың пікірінше, ауылшаруашылық өнімдерінің, шикізат пен азық-түліктің бәсекелестік артықшылықтары нақты факторлар жүйесінің күрделі өзара әрекеттесу үдерісінде қалыптасады: өндіріс мониторингі, өндіріс технологиясы, техникалық жабдықтау деңгейі, өндірістің ұйымдық құрылымы, адами фактор, кәсіпорынның имиджі. Ауылшаруашылық өнімдерінің, шикізат пен азық-түліктің бәсекеге қабілеттілігінің факторлары мемлекет, аймақ, кәсіпорын және нарықтық тетіктер саясатының нәтижесі болып табылады [37].

Мемлекеттік басқару деңгейінде қалыптасатын өнімдердің бәсекеге қабілеттілік факторларының оң әсері сонымен салалар мен ұйымдардың бәсекелестік талаптарының өсуін ынталандырады.

Экономикалық әдебиеттерде ғалымдар азық-түлік өнімдерінің бәсекеге қабілеттілік факторларының әртүрлі сыныптамасын береді. Мысалы, Клюкач В.А. келесі факторларды анықтайды:

- экономикалық – шығындар мен өнім бағасының деңгейіне әсер етеді;
- экологиялық – тұтынушы денсаулығы үшін өнімнің қажетті қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етеді;
- технологиялық – өндірісті ықтимал жаңғырту келешектерін айқындайды;
- әлеуметтік – өндірісті қайта бейімдеуге арналған әлеуметтік сипаттағы шығындардың шамасын көрсетеді [38].

Біздің ойымызша, өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің анықталған факторлары ең күрделі және өзекті болып табылады. Сондықтан олар ауылшаруашылық кәсіпорындары немесе ауылшаруашылық салалары деңгейінде шешім табуы керек, өйткені дәл осы жерде жоспарланған жобалар тікелей жүзеге асырылады.

Лифиц И.М. өнімнің бәсекеге қабілеттілік факторларын төрт топқа бөледі: өндірістік, нарықтық, өткізу және қызмет көрсету. Бұл ретте өткізу және қызмет көрсету факторлары тауар қозғалысының жекелеген кезеңдерінде жұмыс істейді [39].

Ауыл шаруашылығы ескірген ауылшаруашылығы машиналарын жаңарта алатындай, инновациялық техника мен технологияларды пайдалана алатындай, өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің жоғарыда аталған факторларына мемлекеттік органдар тарапынан да, бизнес тарапынан да назар аудару қажет. Бәсекеге қабілетті отандық өнімді өндірушілерді қолдаумен қатар, тауар және тұтыну нарықтарындағы нарықтық инфрақұрылымды жетілдіру, монополистер мен әртүрлі делдалдардың бәсекелестікке теріс әсерін жою қажет. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің тұтыну нарығына қол жеткізуі жеңілдетілуі тиіс.

Осылайша, ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды есепке алу тауар өндірушілердің ішкі де, сыртқы да нарықтағы алатын орындарын күшейтуге мүмкіндік береді, олардың өндірістік әлеуетін арттыруға ықпал етеді, соның салдарынан тауар және тұтыну нарықтарын сапалы отандық өніммен толықтыруға болады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік факторлары деп кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметінің және қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінің құбылыстары немесе үдерістері түсініледі, олар өндіріс шығындарының абсолютті және салыстырмалы шамасының өзгеруіне, нәтижесінде кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейіне әкеледі.

Бірқатар ғалымдар, М.И. Гальвановский және т.б., кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне өнімнің сапасы мен бағасы әсер етеді деп санайды [40].

В. Кондратьев кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің жоғарыда аталған факторларын өндірістік инфрақұрылымның болуымен, кадрлардың біліктілігімен және маркетингтің дамуымен толықтырады [41].

С. Фокин, Е.В. Торопова сияқты ғалымдар «кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік факторлары пайдалылық, еңбек өнімділігі, төлем қабілеттілігі және табыстылық болып табылады» деп есептейді [42].

Ауыл шарашылығы кәсіпорынының қаржы-экономикалық жағдайының деңгейі, оның ішінде сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің төлем тәртібін сақтауына байланысты, сондықтан бәсекеге қабілеттілік жанама түрде сыртқы факторлардың әсерімен анықталатыны көрсетіліп тұр.

Француз экономистері А. Оливье, А. Дайан, Р. Урссе кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің 8 факторын ұсынады [43]:

– сапа – өнім нарық көшбасшылары тауарларының жоғары деңгейіне сәйкес келетіні және сауалнамалар мен салыстырмалы тесттер арқылы анықталатыны көрсетіледі;

– кәсіпорын қызметі негізделетін тауар және қызмет көрсету тұжырымдамасы;

– тауардың мүмкін болатын үстеме бағасы;

– қаржы;

– сауда;

– тұрақты клиенттерге қызмет көрсететін сатудан кейінгі қызмет;

– кәсіпорынның сыртқы саудасы;

– сату алдындағы дайындық, бұл кәсіпорынның болашақ тұтынушылардың қажеттіліктерін алдын-ала біліп қана қоймай, оларды осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ерекше мүмкіндіктеріне сендіре алатындығын көрсетеді.

Ұйымның бәсекеге қабілеттілігі, Е.И. Мазилкина мен И.Г. Паничкинаның пікірінше, алты фактормен анықталады [44]:

– өнімдер мен қызметтердің сапасы;

– тиімді маркетингтік стратегияның болуы;

– менеджмент деңгейі және персоналдың біліктілігі;

– өндірістің технологиялық деңгейі;

– ұйым жұмыс істейтін салық ортасы;

– қаржыландыру көздерінің қолжетімділігі.

Бұл жағдайда бәсекеге қабілеттілікті сипаттайтын факторлар мен көрсеткіштердің араласуы байқалады. Егер салықтық орта мен қаржыландыру көздерінің қол жетімділігін факторға жатқызуға болатын болса, онда

өндірілетін тауарлардың сапасы, менеджмент деңгейі, персонал сапасы кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің индикаторлары болып табылады.

Голубков Е.П. факторларды ресейлік кәсіпорындарға бейімдеп, келесі факторларды бөліп көрсетті: компанияның имиджі, өнімнің сапасы (оның әлемдік деңгейге сәйкестігі), ғылыми-зерттеу, конструкторлық және өндірістік базаның қуаты, кәсіпорынның нарықтағы қаржылық тұрақтылығы, маркетингтік қызмет (жарнама, өткізуді ынталандыру деңгейі, зерттеу тереңдігі), сатуға дейінгі дайындық және сатудан кейінгі қызмет көрсету, компанияның сыртқы кәсіпкерлік ортадағы саясаты [45].

Осылайша, бәсекеге қабілеттілік – бұл бір жағынан өнім сапасының деңгейін, екінші жағынан кәсіпорынның нарықтағы орнын, ал үшінші жағынан оның ішкі экономикалық басқару жүйесі мен қаржылық жағдайының деңгейін сипаттайтын өте кең көрсеткіштерді енгізеді.

Зулькарнаев И.У. және Ильясова Л.Р. ауыл шаруашылығының кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар жиынтығын 3 топқа бөледі:

- кәсіпорын алдына қойған мақсаты мен міндеттері;
- кәсіпорынның ресурстары;
- сыртқы орта факторлары [46].

Факторлардың бірінші тобы ауыл шаруашылығы шикізатын өткізу мүмкіндіктері мен шарттарын, АӨК серіктестерінің экономикалық өзара қарым-қатынасын, халықтың азық-түлікке сатып алу сұранысын айқындайды.

Екінші топқа жер, еңбек, техникалық-технологиялық, ұйымдастырушылық-экономикалық, әлеуметтік-экономикалық және басқа факторлар жатады. Олар агроөнеркәсіптік өндірістің өсу қабілетін анықтайды.

Факторлардың үшінші тобы кәсіпорындардың мемлекетпен қарым-қатынасының шарттарын ашады. Сонымен қатар мемлекеттің агроөнеркәсіптік өндірісті ынталандыруға бағытталған салық, қаржы-несие, әлеуметтік саясатын жетілдіру туралы болып отыр.

Кеннеди П. және басқалар ауылшаруашылық кәсіпорындарының шығындары арқылы оның бәсекеге қабілеттілігін, көшбасшылығын немесе өнімдерін саралауға болатынын анықтаған. Олар бәсекеге қабілеттілік көздеріне технология, өндіріс шығындары, өндіріс экономикасы, өнім сапасы, кәсіпорындарды саралау, жарнама, жылжыту сияқты факторларды жатқызады [47].

Томпсон А.А. және Стрикленд А. кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің мынадай факторларын анықтайды:

- технологиялық (технологияларды, ғылыми зерттеулерді, инновациялық мүмкіндіктерді пайдалану, өнімді жетілдіру);
- өндірістік (өндірістік қуаттар, өнімнің жоғары сапасы және өндіріске төмен шығындар);
- маркетинг (өнімнің сапасы мен сипаттамалары, компанияның имиджі, жоғары білікті мамандар, кең ассортимент);
- тарату (тауарды тез тарату мүмкіндігі);
- инновациялық мүмкіндіктер;

- нарықтық өзгерістерге тез әрекет ету қабілеті;
- қаржылық ресурстар;
- клиенттерге қызмет көрсету [48].

Харрис М., Кодур А.М. ауылшаруашылық кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды анықтаған. Оларды әртүрлі санаттарға бөліп көрсеткен. Олардың бірі ресурстарға негізделген факторларды қамтиды. Дәстүр бойынша, ауыл шаруашылығында ресурстар жер, жұмыс күші және капитал сияқты өндіріс факторларымен байланысты [49].

Осылайша, ауылшаруашылық кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтайтын негізгі факторларды атап көрсетуге болады:

- өндірістік факторлар. Жоғары өтімді активтердің болуы ауыл шаруашылығы ұйымына шикізат пен жабдықтарды жеткізушілерге, сондай-ақ фискалдық органдарға, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру органдарына уақытылы төлемдерді жүзеге асыру үшін қажет;

- технологиялық факторлар. Өндіріс құралдарымен қамтамасыз етілу деңгейі және ауылшаруашылық кәсіпорынының материалдық-техникалық базасын дамыту тек өндірістік қызмет бағыттарын ғана емес, өндіріс көлемін де анықтайтын фактор болып табылады;

- өткізу факторлары. Өндіріс көлемін жоспарлау оны іске асыру көлемін жоспарлаумен тікелей байланысты болуы керек. Ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің өнімдері өте ерекше және сақтау мерзімі шектеулі болғанына қарамастан, нарықты жоспарлау мұндай кәсіпорындардың қызметінде маңызды рөл атқарады.

Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар

Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды қарастыру кезінде көптеген ғалымдар өндірістің функционалды мақсаттарына ерекше назар аударады.

Мәселен, Е.В. Маромохина ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігінің мынадай негізгі факторларын атап көрсетеді: табиғи ресурстар, білікті кадрлар, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру сапасы, өндірістің пайдаланылатын технологияларының деңгейі, қаржылық және материалдық ресурстар, мемлекеттік қолдау аппараты, нарықтағы бәсекелестіктің сипаты мен құрамы [50].

Жерді пайдалану және еңбек ресурстары дамушы нарықтардан ауыл шаруашылығының экспорттық бәсекеге қабілеттілігін қолдаудың маңызды факторы болуы мүмкін.

Венейблс А. еңбек және физикалық ресурстар экономикалық өсуді дамыту үшін маңызды қолдау болып табылатынын, сондай-ақ дамушы экономикаларды трансформациялау үшін маңызды екенін атап өтті [51].

Сонымен қатар, Фитриани Р. және Сумарминингси Е. [52] ауылшаруашылық өндірісі үшін жерді ұтымды пайдалану экономикалық даму үшін маңызды екенін атап өткен. Ал, Лин С. Және Лин Дж. [53] сондай-ақ, жаһандық бәсекелестікті одан әрі қолдау үшін дамушы нарықтар ұсынатын жұмыс күшінің артықшылықтарын атап көрсетті.

Әлемдік экономика дамуының қазіргі заманғы үрдістері бәсекеге қабілеттілікке елеулі әсер ететін тағы бір факторды – компанияның, саланың немесе елдің тұрақты дамуға бағдарлануын бөліп көрсету қажеттігіне алып келді.

Жаһандық есепті құрастырушылардың пікірінше, бәсекеге қабілеттілік туралы осы көрсеткішке әсер ететін және жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі есептеу кезінде назарға алынатын негізгі факторлар үш негізгі топқа бөлінеді: базалық факторлар, тиімділік факторлары және бизнес-орта мен инновацияны дамыту факторлары [54].

Базалық факторларға мыналар жатады: құқықтық және әкімшілік жүйе деп түсінілетін институционалдық ортаның жай-күйі, оның шеңберінде жеке және заңды тұлғалар жұмыс істейді; инфрақұрылым, өйткені дамыған инфрақұрылым экономиканың тиімді жұмыс істеуі және бизнесті орналастыру мен экономиканың белгілі бір салаларын дамыту туралы шешім қабылдау үшін маңызды фактор болып табылады; макроэкономикалық ортаның тұрақтылығы; денсаулық сақтау мен орта білім берудің даму деңгейі.

Тиімділік факторларының арасында қосылған құны неғұрлым жоғары өнім өндіруді ынталандыратын фактор ретінде жоғары білім мен кәсіптік даярлықтың даму деңгейі; осы елдің ішкі нарығында неғұрлым талап етілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісі ұғынылатын тауар нарығының тиімділігі; еңбек нарығының тиімділігі мен икемділігі; қаржы нарығының даму деңгейі; технологиялық даму деңгейі; нарық мөлшері атап көрсетілген.

Соңғы факторлар тобында бизнес-ортаның даму деңгейі қарастырылады, оған бизнес желісінің сапасы және жекелеген компаниялардағы стратегиялық жоспарлау мен басқару және инновациялық орта кіреді.

Өңірлік ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін қарастыра отырып, Саубанов К.Р. оны көтерудің қолайлы топырақ-климаттық жағдайлары, жоғары білікті кадрлардың болуы және еңбек ресурстарының жеткілікті саны, ауыл шаруашылығы ұйымдарында алынатын мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өңдеу тереңдігі, инновациялық технологияларды тарту және материалдық-техникалық базаны жаңғырту тәсілі ретінде инвестициялар, механикаландыру мен әлеуметтік-өндірістік инфрақұрылымының жоғары деңгейі, сондай-ақ ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу сияқты факторларына ерекше назар аударады [55].

Біздің ойымызша, аймақтық ауыл шаруашылығының механизациясы мен әлеуметтік-өндірістік инфрақұрылымының деңгейі сандық бағалаудың ең күрделі көрсеткіштерінің бірі болып табылады, өйткені ол субъектінің ағымдағы жағдайын емес, болашақта оның даму келешегін көрсетеді.

Қазіргі уақытта отандық ауыл шаруашылығының ерекшелігі – инновацияларды енгізуге қабілеті төмен ұсақ шаруашылықтардың көптігімен сипатталады [56].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы сарапшыларының пікірінше, ауыл шаруашылығындағы бәсекеге қабілеттілікті бағалауды компания деңгейінде, яғни аграрлық сектор жағдайында – фермерлік шаруашылықта немесе ауыл шаруашылығы ұйымында жүргізген дұрыс.

Компания деңгейінде ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін бағалау құралы ретінде өндіріс факторларының жиынтық өнімділігін пайдалану ұсынылады, бұл өндіріс факторларының шығындар бірлігіне шаққандағы өндіріс көлемі түрінде өндірістің технологиялық және ұйымдастырушылық деңгейінің көрсеткіші болып табылады [57].

Трухачев В.И. ауылшаруашылық өнімдерінің, шикізат пен азық-түліктің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі ішкі факторларын қарастыра отырып, олардың ішіндегі ең маңыздыларын көрсетті: ауылшаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін қалыптастыратын ғылымды қажет ететін биологиялық, техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық-экономикалық және құқықтық инновациялық факторлар [58].

Ұлттық агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторларын Лапова Ю.С. былайша ұсынады: халықаралық сертификаттауға сәйкес келетін өнімнің жоғары сапасы; адам капиталына инвестициялар деңгейі; баға белгілеу стратегиясы; ғылым мен жаңа технологияларға инвестициялар деңгейі; ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының капиталы, меншік пен ресурстарды қорғау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктері [59].

Гончаров В.Д. [60] қайта өңдеу кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға әсер ететін факторлардың келесі топтарын анықтайды: макродеңгей факторлары, мезодеңгей факторлары (салалық) және микродеңгей факторлары (кәсіпорының ішкі ортасы).

Ғалымдардың келесі тобы (Ленская Т.И., Дрокина В.В., Журавлева А.С., Естерхьюзан Д.) ауыл шаруашылығына әсер ететін факторларды әсер ету дәрежесіне байланысты топтастыруды ұсынады.

Ленская Т.И. аграрлық саладағы бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын факторлардың алты негізгі тобын қарастырады:

- аграрлық стратегия және саясат;
- жалпы мемлекеттік экономикалық шаралар;
- агроөнеркәсіптік кешеннің құқықтық шарттары мен заңнамалық реттелуі;
- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өзіндік шаралары;
- өндірістік-өткізу қызметінің нәтижелілігін қамтамасыз ететін факторлар;
- бәсекеге қабілеттілікті күшейтуді қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізудің әлеуметтік-экономикалық нәтижелері [61].

В.В. Дрокин мен А.С. Журавлеваның пікірінше, өңірдің аграрлық секторының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін негізгі факторларға өнім бірлігінің өндірістік өзіндік құны, өндірістің мамандануы мен шоғырлануы, технологиялық факторлар, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары басшыларының бәсекелестік мінез-құлқын қалыптастыру ерекшеліктері жатқызылуы мүмкін [62].

Естерхьюзан Д. Оңтүстік Африканың агробизнес секторының бәсекеге қабілеттілігін зерттеу кезінде оны тежейтін 3 негізгі факторды анықтады, мысалы: қылмыстың құны, саяси жүйелерге деген сенім және мемлекеттік сектор қызметкерлерінің құзыреттілігінің төмендігі. Алайда, бәсекелестік

жетістікке ықпал ететін негізгі 3 фактор: жергілікті нарықтағы бәсекелестіктің қарқындылығы, білікті емес жұмыс күшінің болуы және қол жетімді жоғары сапалы өнім шығару [63].

Авторлардың тағы бір тобы (Пирназаров Ш.М., Шарофов У., Шогенов Б.А., Шогенов А.М., Ахмадова М.М.) ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілік факторларын жұмыс істеу ортасына қатысты топтастыруды ұсынады.

Пирназаров Ш.М., Шарофов У. аймақтың ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін барлық факторларды екі топқа бөледі: сыртқы, оны қамтамасыз етудің макроэкономикалық жағдайларын көрсететін және ішкі, ауыл шаруашылығының аймақтық жұмыс жағдайлары. Олар сыртқы факторлар ауыл шаруашылығының ішкі аймақтық факторларын пайдалану тиімділігін арттыруға ықпал етуі керек деп санайды, олардың арасында қазіргі жағдайда ұйымдастырушылыққа көп көңіл бөлу керек [64].

Шогенов Б.А., Шогенов А.М. АӨК-ке кіретін салалардың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды сыртқы және ішкі деп сыныптайды. Сыртқы факторлар, әдетте, саланың барлық кәсіпорындарына айтарлықтай әсер етеді. Оларға: ұлттық экономиканың жалпы жағдайы, ғылыми-техникалық үдерістің даму деңгейі, саяси жағдай, халықаралық қатынастар жатады. Ішкі факторлар салада қалыптасатын қатынастарды сипаттайды. Оларға мыналар жатады: кәсіпорындардың ұйымдық құрылымы, басқарудың сапасы және кәсіпорындардағы басқарудың тиімділігі, кадрлық әлеует, масштабтың әсері, инновациялық үдерістер мен технологияларды қолдану [65].

М.М. Ахмадовтың еңбектерінде саланың (тауардың) бәсекеге қабілеттілігінің ішкі және сыртқы факторлары неғұрлым толық және жүйелі көрсетілген. Ішкі факторлар шаруашылықта бар және кәсіпорынға тәуелді ресурстар мен резервтердің арқасында өндірістің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді: жалпы және тауарлық өнім өндірісінің көлемі, өндіріс шығындары, өнімнің бағасы мен сұранысы, сату арналары. Сыртқы факторлар, әдетте, кәсіпорынға тәуелді емес: ресурстардың бағасы, инновациялар, мемлекеттік сапа стандарттары, салықтар, субсидиялар, несиелер және т.б. [66]. Алайда, бұл жүйе ішкі факторларды оларды айқындайтын факторларды ескермей, өндіріс үдерісінің нәтижелерін (өндіріс көлемі, шығындар және т.б.) бағалау деңгейін төмендетеді.

Факторлар кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында да, төмендету бағытында да әсер етуі мүмкін. Бұл мүмкіндіктердің шындыққа айналуына ықпал етеді. Олар бәсекеге қабілеттілік резервтерін пайдалану құралдары мен тәсілдерін анықтайды. Бірақ факторлардың болуы ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Факторларға негізделген бәсекелестік артықшылықты алу олардың ауыл шаруашылығы өндірісінде қаншалықты тиімді қолданылатынына және қалай қолданылатынына байланысты.

Біздің ойымызша, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды былайша топтауға болады:

– әсер ету деңгейіне қарай;

- қалыптастыру және ұстап тұру табиғатына қарай;
- тұрақты даму бағытына қарай (кесте 2).

Кесте 2 – Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлардың топтамасы

Фактор топтары	Фактор түрлері	Сипаттамасы
Әсер ету деңгейіне қарай	– ғылыми-техникалық	Ғылыми-техникалық үдерістің жағдайын, деңгейін, сенімділігін көрсетеді.
	– саяси	Елдің ішкі және сыртқы байланыстардың тұрақтылығын, реттеу тетіктерін көрсетеді.
	– экономикалық	Төлем қабілетін, инфляция деңгейін, валюта бағамын, салық салуды, несиелендіруді және тағы басқаларды анықтайды.
	– әлеуметтік	Макро-және микродеңгейдегі болып жатқан әлеуметтік үдерістердің жағдайын айқындайды.
	– экологиялық	Ауыл шаруашылығының қоршаған ортамен байланысын сипаттайды.
	– өнімді өткізу	Нарықтағы тұтынушылар мен бәсекелестердің сұраныстары мен ұсыныстары анықталады.
	– тасымалдаушылық	Шикізат пен материалдардың сапасы мен бағасына, оларды жеткізу және төлеу шарттарына әсер етеді.
Қалыптастыру және ұстап тұру табиғатына қарай	– ресурстық	Ресурстардың қажетті саны мен сапасының болуы анықталады.
	– өндірістік	Өндірістік үдерістердің икемділігін айқындайды.
	– техникалық	Құрылғылардың өнімділігін және тиімділігін көрсетеді.
Тұрақты даму бағытына қарай	– инновациялық даму	Жаңа технологияларды енгізу, қолдану және үнемі жетілдіру іске асырылады.
	– ұйымдастырушылық	Ауыл шаруашылығының ұйымдастырушылық мәдениетін, басқарушылық бақылау жүйесін, байланыс жүйесін үнемі жетілдіруге қабілеттілігін ашады
	– экономикалық даму	Қаржылық капитал салу, шығындарды бақылау жүйесін, стратегиялық және ағымдық жоспарлау, шұғыл реттеу жүйесін жүзеге асырады
Ескерту – Автормен әзірленген		

2-кестеде ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлардың топтамасы қарастырылған:

– әсер ету деңгейіне қарай факторлар (ғылыми-техникалық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, өнімді өткізу, тасымалдаушылық) ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігіне әртүрлі дәрежеде әсер етеді,

бірақ, сонымен бірге саланың өзі оларға әсер ете алмайды және осы факторларды үнемі ескеруге мәжбүр болып келеді;

– қалыптастыру және ұстап тұру табиғатына қарай факторлар (ресурстық, өндірістік, техникалық) ауыл шаруашылық кәсіпорынның тұрған орнымен, өндірістің өмірлік циклінің кезеңімен, қажетті мөлшерде және ресурстардың (материалдық, еңбек, қаржылық, материалдық емес) болуымен, техникалық құралдардың нарықтың талаптарына үнемі сай келуімен сипатталады;

– тұрақты даму бағытына қарай факторлар (инновациялық даму, ұйымдастырушылық, экономикалық даму) ауыл шаруашылығының өмірлік, өндірістік және табиғи-ресурстық әлеуетті қолдау мен дамытуды қамтамасыз ететін сапалы жаңа деңгейге көшу үдерісін айқындайды.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің барлық факторлары бір-біріне өзара тәуелді екендігін айта кету керек. Ауыл шаруашылығына әсер ететін факторлардың табиғаты мен әсер ету дәрежесін ескеру оның бәсекеге қабілеттілігін басқару үдерісін неғұрлым нәтижелі және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жасалған зерттеулердің нәтижесі бойынша келесідей қорытынды шығаруға болады:

1. Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды оның құрамдас бөліктеріне (ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар; ауыл шаруашылығы кәсіпорнының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар; ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар) орай қарастыру қажеттілігі анықталды. Бұл өзара тиімділік пен тепе-теңдік жағдайында ауыл шаруашылық өндірісінің объектілері мен субъектілеріне әсер ететін факторларды анықтайды.

2. Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар (әсер ету деңгейіне қарай, қалыптастыру және ұстап тұру табиғатына қарай) топтастырылды. Ұсынылған факторлар бірыңғай технологиялық тізбектің әртүрлі кезеңдерінде ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің мәнін ашуға және мақсатты нәтижеге қол жеткізу кезінде туындаған қарама-қайшылықтарға уақытылы жауап беруге мүмкіндік береді.

1.3 Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін сипаттау

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұйымдық құрылымдар жүзеге асыратын қоғамға қажетті ережелер жиынтығы қолданылады, нәтижесінде табиғи көбею жүзеге асырылады, экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық заңдар іс жүзінде атқарылады. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің өзара байланысты әдістерінің, тәсілдері мен құралдарының жиынтығы баға белгілеу мәселелерін, нарықтағы бәсекелестерді, сыртқы экономикалық ортаның әсерін және басқа да проблемаларды толық ескермейді. Сондықтан ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін нақты экономикалық тетіктерді айқындау қажет.

Бүгінгі таңда экономикалық ғылымда «экономикалық тетік» және «ауыл шаруашылығының экономикалық тетігі» ұғымдарының мазмұны туралы жалпы көзқарас жоқ. Осы ұғымдарды егжей-тегжейлі қарастырмас бұрын «тетік» түсінігін зерттеу керек.

«Тетік» ұғымының түсіндірмесі әртүрлі ғылыми еңбектер мен сөздіктерде қарастырылған:

– ішкі құрылымы, бір нәрсенің жұмыс істеу жүйесі, қандай да бір қызмет түрінің аппараты [67];

– күш қолданылатын тәсіл; сондай-ақ біздің қызметіміздің қандай да бір актісін қолданысқа келтіру үшін қажетті барлық құралдардың жиынтығы (мысалы, мемлекеттік тетік) [68];

– субъектілер мен орталық арасындағы үш кезеңнен тұратын өзара іс-қимыл: әрбір субъект орталыққа m_i хабарлама жібереді; орталық барлық хабарламаларды алғаннан кейін болжамды нәтижені есептейді: $Y = f(m_1, \dots, m_n)$; орталық Y нәтижесін жариялайды және қажет болған жағдайда оны жүзеге асырады [69].

– қозғалыстар мен оқиғалар жүйесі, сондай-ақ табиғат заңдарымен анықталған осы қозғалыстар жүзеге асырылатын құрылғы немесе құрал [70];

– жалпы жүйені және оның элементтерін (ішкі жүйелерді) басқаратын немесе түрлендіретін аппарат немесе тәртіп [71].

Осылайша, жоғарыда келтірілген анықтамалардан «тетік» ұғымы негізінен техникалық мағынадан басқа белгілі бір үдерістің қалыптасуымен анықталатынын көруге болады, бұл жүйенің құрылғысымен, оның құрамдас элементтерінің өзара әрекеттесуіне әкелетін тәсілдермен және әдістермен анықталады. Қарастырылған анықтамаларда «тетік» бұл объектіні қозғалысқа келтіретін өзара байланысты элементтер жиынтығын сипаттайды. Бұл жағдайда екі тәсіл бөлінеді: тетікті объектінің дамуына әсер ететін элементтер жиынтығы және объектінің дамуын қамтамасыз ететін элементтердің өзара байланысы мен өзара әрекеттесуі ретінде қарастыруға болады.

Біздің ойымызша, егер біз «тетік» ұғымын құрал (немесе құралдар жиынтығы) ретінде қарастыратын болсақ, онда біз жалпы философиялық тұрғыдан экономика (шаруашылық) кез-келген қоғамның болуын қамтамасыз ететін құрал деген қорытындыға келеміз.

Кульман А. өз еңбегінде былай деп жазады: «егер белгілі бір бастапқы экономикалық құбылыс бірқатар басқа адамдарға әкелсе, олардың пайда болуы үшін қосымша импульс қажет болмаса, онда біз экономикалық тетік туралы айта аламыз. Олар бірінен соң бірі белгілі бір ретпен жүреді және белгілі бір нәтижелерге әкеледі» [72]. Кульман А. сонымен қатар, ашық нысандағы (валюталық, қаржылық тетіктерді, өндіріс пен тұтыну арасындағы тепе-теңдік тетіктерін, ал кейбір жағдайларда инфляция тетігін) тетіктерді және жабық нысандағы (сандық бағалауға болатын және болмайтын) тетіктерді анықтайды.

Көріп отырғанымыздай, ғалым экономикалық тетікті белгілі бір нәтиже беретін үдеріс ретінде анықтайды, сонымен қатар бірінші нысандағы тетіктер бастапқы құбылыстан өзгеше жаңа құбылыстың пайда болуына, ал екіншісі оның белгілі бір көлемде көбеюіне әкеледі.

Көптеген ғалымдар (Абалкин Л.И., Бычкова А.Н., Бачурин А.В., Ушачев И.Г.) экономикалық тетікті объектіге әсер ететін әдістердің, тәсілдердің, құралдардың және нысандардың жиынтығы ретінде қарастырады.

Сонымен Абалкин Л.И. өз еңбектерінде экономикалық тетіктің механизмінің жалпы анықтамасын былайша береді: «Экономикалық тетік – өзіне тән нысандар мен әдістер, ынталандырулар мен құқықтық нормалар арқылы қоғамды өндірісті ұйымдастырудың тәсілі» [73].

А.Н. Бычкованың пікірінше, «экономикалық тетік – масатты функциясы ұтымды басқару және экономиканың дамуында тұрақты заңдылықтарды қалыптастыру болып табылатын субъектілердің басқару және өзара әрекеттесу тәсілдерінің жиынтығы» [74].

Экономикалық тетіктің нақты анықтамасын Бачурин А.В. былайша береді: «экономикалық тетік – өндірісті ынталандыру мен шаруашылық есептеуді жоспарлаудың жүйелері мен әдістерінің, экономикалық тұтқалардың жиынтығы» [75].

Ушачев И.Г. ойынша, экономикалық тетікті экономикалық тұтқалардың жиынтығы ретінде қарастырған жөн, олардың көмегімен экономика объектісі мен әлеуметтік міндеттерді шешуге және түрлі деңгейде әсер етуге болады [76].

Кейбір ғалымдар (Павленко Н.Е., Ходос Д.В., Иванов С.Г., Дьяченко О.Г.) экономикалық тетік ұғымын экономикалық әдістермен және нарықтық заңдылықтармен тікелей байланысты екендігін атап көрсеткен.

Павленко Н.Е. келесі анықтама береді: «экономикалық тетік – бұл материалдық және рухани тауарларды өндіруге, таратуға және тұтынуға бағытталған экономикалық құралдардың элементтері және заңдар мен тетіктердің жиынтығы (есепке алу, талдау, жоспарлау, реттеу және т.б.)» [77].

Ходос Д.В., Иванов С.Г., Дьяченко О.Г. «экономикалық тетік – мемлекеттің бағдарламалық саясаты негізінде қалыптасатын өндірістік жүйеде кәсіпкерлік субъектілерін дамытудың қолданыстағы нарықтық заңдарының нақты көрінісі» [78].

Ұсынылған анықтамаларда экономикалық тетікті өндіріс үдерісінде барлық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған, оның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге арналған нарықтық заңдар мен мемлекеттік саясатың әсерімен жүзеге асырылатыны көрсетілген. Басқаша айтқанда, кез-келген экономикалық тетік дәйекті экономикалық құбылыстардың, ақпараттық және құқықтық қамтамасыз ету арқылы іске асады.

Семин А.Н. жалпы алғанда, экономикалық тетікті әртүрлі экономикалық құбылыстар арасында пайда болған байланыс ретінде анықтайды. Осылайша, экономикалық тетік бастапқы импульстің әсерінен белгілі бір жағдайларда пайда болған өзара байланысты экономикалық құбылыстар жүйесі түрінде ұсынылуы мүмкін [79].

Лукьянова А.А. экономикалық тетікті мемлекеттің қатысуымен жүргізілетін құбылыс ретінде қарастырады, оның күші экономиканың ажырамас бөлігі болып табылады. Оның негізгі қызметтеріне экономикалық және әлеуметтік үдерістерді басқаруды, кірістерді бөлуді және қайта бөлуді жатқызады [80].

Щербаков В.Н. өз жұмысында әртүрлі бағалау көрсеткіштері мен жүйелері арқылы ынталандыру жүйелерін қолдануға байланысты шаруашылық және экономикалық тетіктермен бөліседі. Оның ойынша, бұл құралдар көбінесе «экономикалық тетік» деген жалпы атпен жеке ішкі жүйеде анықталады [81].

Сонымен экономикалық тетікті қарастыру арқылы мынадай қорытындылар жасауға болады:

– ол арқылы бастапқы құбылыстан өзгеше жаңа құбылыс пайда болады. Ол тетікті объектіге әсер ететін әдістердің, тәсілдердің, құралдардың және нысандардың жиынтығы арқылы іске асады;

– экономикалық әдістер және нарықтық заңдылықтар арқылы экономикалық тетіктер объектінің қалыпты дамуына септігін тигізеді. Ол өз кезегінде экономикалық саясат, жоспарлау, қаржыландыру және ынталандыру құралдары, құқықтық және ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тетіктері ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылмаған.

Дронова Н.Ф. ауыл шаруашылығының экономикалық тетіктері жер қатынастары, өндіріс құралдарына меншігі, кәсіпорындардың ұйымдық құрылымының нысандары, еңбек нәтижелерін бөлу саласындағы өзгерістер арқылы іске асатынын атап көрсеткен. Ол сондай-ақ аграрлық сектордағы экономикалық тетіктің негізгі элементтеріне салық, қаржы-несие, инвестициялық саясатты, аталған бағыттар бойынша жеңілдіктер жүйесін жатқызады [82].

Векленко Е.В. ауыл шаруашылығындағы ұдайы өндіріс үдерісінің экономикалық тетіктеріне баса назар аударады. Бұл тетік күрделі жүйе ретінде экономиканы басқару қажеттілігімен байланысты. Қоғамдық еңбек бөлінісіне негізделген басқару жүйесін объективті түрде қажет етеді [83].

Экономикалық тетіктің маңызды қызметіне ауылшаруашылық тауар өндірушілерін нарыққа бейімдеуге түбегейлі жаңа тәсіл қалыптастыру және тиімді жұмыс істеудің тиімді тетіктері жатады. Ауыл шаруашылығы өзінің ерекшеліктеріне байланысты мемлекеттің көмегіне, баға, салық, қаржы және несие сияқты тетіктердің көмегімен инвестицияларды ынталандыруға, сондай-ақ жиынтығында инвестициялық қызметтің экономикалық тетігін құрайтын ауыл шаруашылығы субсидиялар мен дотацияларға мұқтаж.

Көбінесе, агроөнеркәсіп кешенінің экономикалық тетіктері, ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктері кеңінен қолданылады.

Алтухов А.И., Кундиус В.И. агроөнеркәсіп кешенінің экономикалық тетігіне көп көңіл бөледі. Олардың ойынша агроөнеркәсіп кешені дамуының экономикалық тетігі – ұйымдық құрылымдардың жиынтығы, басқарудың нақты нысандары мен әдістерінің кешені, олардың көмегімен нақты жағдайларда қолданыстағы экономикалық заңдар іске асырылады және кеңейтілген көбею үдерісі қамтамасыз етіледі [84].

Жоғарыдағы авторлар экономикалық тетікті әдістер мен нысандар арқылы экономикалық заңдылықтарды іске асыруға болатынын атап көрсеткен. Ал, Мочалов А.П. болса агроөнеркәсіптік кешенінің экономикалық тетігін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты құралы ретінде қарастырады.

Мочалов А.П. ойынша, агроөнеркәсіптік кешеннің экономикалық тетігі – агроөнеркәсіптік кешен салаларының инновациялық дамуын қамтамасыз ету және Ресей халқының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаһандық міндетін шешуге бағытталған мемлекеттік және нарықтық нысандардың, әлеуметтік өндірісті реттеудің әдістері мен тәсілдерінің өзара әрекеттесуінің жиынтығы қамтамасыз етілетін қатынастар жүйесі [85].

Әрине, көптеген агроөнеркәсіп кешендердің қазіргі қаржылық жағдайы олардың кеңейтілген ғана емес, сонымен бірге қарапайым көбеюін де өз бетінше жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан олардың қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін басты назарға ұстау керек.

Озерова М.Г. болса, ауыл шаруашылығына қатысты экономикалық тетікті азық-түлікпен байланыстырады. Оның ойынша, аграрлық азық-түлік тетігінің экономикалық тетігі аграрлық саланың басқарылатын жағдайларында экономикалық үдерісінің өзара байланысты ресурстарының жиынтығы ретінде әрекет етеді, бұл тауар өндірушілердің өндірістік қызметін ынталандыруға ықпал етеді және отандық азық-түлік нарығын қанықтыруға әкеледі [86].

Көптеген авторлар агроөнеркәсіп кешендердің «экономикалық тетігі» орнына «ұйымдастырушылық-экономикалық тетігі» ұғымын кеңінен қолданады.

Бұлайша қарастыру агроөнеркәсіп ұйымдастырушылық-экономикалық тетігі тиімділігінің негізгі өлшемдері ауыл шаруашылығының базалық, агроазық-түлік, агробизнес, экономикалық, экологиялық-ландшафтық, мәдени және әлеуметтік сияқты қызметтерінен туындайды. «Агроөнеркәсіптің ұйымдастырушылық-экономикалық тетігі» ұғымының мынадай ерекшеліктері бар:

- саладағы ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі міндетті шешуді қамтамасыз ететін және өзара байланысты келісілген инновациялық қызметті жүзеге асыру нысандары (буындары) мен әдістерінің жиынтығы [87];

- саланың жұмыс істеуінің ұйымдық, экономикалық және құқықтық құрамдас элементтерінің жиынтығы [88];

- өзара байланысты экономикалық тұтқалар мен өнімдерді өндіруге, айырбастауға, таратуға және тұтынуға әсер ету әдістерінің жиынтығы [89];

- өндіріс процесінде шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында туындайтын, оның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық өзара қатынастарды үйлестіру жүйесі [90];

- экономикалық тұтқалар мен құралдардың қарапайым жиынтығы емес, сонымен қатар нақты экономикалық реттеуіштердің өзара байланысты және өзара шарттасқан үйлесімі [91];

- статика мен динамиканы біріктіруді қамтамасыз ететін басқару шешімдерін әзірлеу арқылы басқару объектісінің қажетті күйіне жету мақсатында басқару субъектісінің басқарылатын объектіге әсер етуінің ұйымдастырушылық және экономикалық құралдарының жиынтығы [92];

Қазіргі уақытта ғылыми еңбектерде ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктері жайында тікелей

қарастырылмаған. Сондықтан ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне қатысты экономикалық тетіктерді ашу барысында мынадай талаптар орындалғаны жөн:

– ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер өз қызметінің мақсаттарына ие бола отырып, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруі қажет;

– мемлекет экономиканың дамуы үшін ауыл шаруашылығының қажеттілігін ескере отырып, оны қолдауды жүзеге асыру үшін құқықтық базаны, шаруашылық қызметтің барлық ережелері мен стандарттарын қамтамасыз етуі тиіс;

– ауыл шаруашылығы өнімдерінің баға саясатын жүргізу барысында жер рентасы, дотациялар мен субсидиялардың нақты көлемі, инвестициялық ынталандыру бағыттары, экспортты дамыту қатынастары, ауылдағы әлеуметтік саясатты жетілдіру сияқты мәселелер ескерілген жөн;

– ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну кезінде экономикалық заңдылықтарын, талаптарын ғылыми негіздеу арқылы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қол жеткізілуі керек.

Біздің ойымызша, жоғарыдағы қойылған талаптарды орындау үшін ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін екі бағытта қарастыру қажет:

– нарықтық экономикалық тетіктер;

– институционалдық экономикалық тетіктер (сурет 2).

Нарықтық экономикалық тетіктер ауыл шаруашылығы нарығындағы функционалдық негізгі элементтердің өзара әрекеттесуі және нарықтың негізгі экономикалық заңдары өзара байланысы арқылы жүзеге асады. Нарықтық экономикалық тетіктер сұраныстың өзгеруі, ұсыныстың өзгеруі, тепе-теңдік бағасы, бәсекелестік, құн, табыстылық және пайда сияқты экономикалық заңдарға негізделген. Нарықтағы негізгі қолданыстағы сұраныс пен ұсыныс болып табылады, олардың өзара әрекеттесуі нені және қанша мөлшерде өндіретінін және қандай бағамен сатылатындығын анықтайды. Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың нарықтық экономикалық тетіктерін қолданудың басым қағидаларына мыналарды жатқызуға болады:

– жүйелілік – ауыл шаруашылық нарығындағы бәсекелестерді, озық технологияларды, ғылыми жаңалықтарды ескере отырып, баға қалыптастырудың ұтымды тәсілдерін қолдану;

– функционалдылық – ауыл шаруашылығы өндірісінің бұрын мәлімделген мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуінің кепілділігі;

– бейімділік – нарықтық ортаның белгісіздігі мен өзгергіштігін назарға ала білуі және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің басқа субъектілермен экономикалық өзара іс-қимылды орнату рәсімін түзете отырып, оларға бейімделуі.



Сурет 2 – Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің арттырудың экономикалық тетіктерінің түрлері

Ескерту – Автормен әзірленген

Институционалдық экономикалық тетіктер ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мемлекеттік реттеудің неғұрлым ауқымды әдістерін қолдануы тиіс. Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың институционалдық экономикалық тетіктері ғылым мен инновацияның дамуын және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикалық әдістер мен құралдарды, қамтамасыз ету жүйелерін қолданады. Экономикалық әдістер (жоспарлау, болжау, қаржыландыру, инвестициялау, несиелендіру, сақтандыру) ауыл шаруашылығы өнімдерін қалыптастыру, алу және бөлу қатынастарын реттейді және ауыл шаруашылығын дамыту қатынастары субъектілерінің өзара іс-қимыл үдерістерін оңтайландыруға материалдық мүдделілігін құруға арналған. Экономикалық құралдар (субсидия, квота, тариф, лизинг, жобалар, мақсатты бағдарламалар, салық жеңілдіктері) елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың басты бағыты болып табылады. Қамтамасыз ету жүйелері (құқықтық, нормативтік, ақпараттық, есептік) ауылшаруашылық өнімдерін өндіру үдерісінде белгіленген институционалдық нормалардың сақталуын бақылайды.

Сонымен, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктері:

– экономиканың әртүрлі деңгейлерінде басқарушылық шешімдердің дұрыстығын, құндылығын және уақытылы дайындалуы мен қабылдануын қамтиды;

– ауыл шаруашылығы нарығында бәсекелестердің өндіріске әсер ету құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың қазіргі деңгейіне сәйкес келуіне негіздейді;

– ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың нақты жағдайларына қатысты мемлекеттік реттеудің қолайлы жобаларын анықтайды.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ МЕН БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Ауыл шаруашылығы өндірісін еңбек ресурстарымен қамту жағдайы

Ауыл шаруашылығы Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды салалардың бірі болып саналады. Қазақстан аумағының басым бөлігі қауіпті егіншілік аймағында орналасқанын, топырақтың тозуы мен эрозиясы байқалатынын атап өткен жөн. Ауыл шаруашылығы алқаптарының басым бөлігін жайылымдар мен егістік жерлері алады, қалған бөлігі шабындық және басқа да жерлерге тиесілі.

Әр түрлі климаттық және топырақ сипаттамаларына қарай аймақтардың мамандануы айқындалады. Мәселен, Солтүстік өңірлер дәстүрлі түрде астық өндірісін дамытса, ал Оңтүстік аймақтарда күріш, жемістер мен көкөністер пайдаланылады. Қазақстан Республикасының қалған өңірлері негізінен мал шаруашылығымен айналысады.


Ауыл шаруашылығы субъектілерінің тұрақты жұмыс істеуі үшін, оларды қажетті кәсіби біліктілік деңгейі жоғары еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету керек. Олар ауыл шаруашылығы өндірісінің ең басты ресурсы болып табылады. Ауыл шаруашылық өнімдерінің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға тікелей байланысты.

Қазіргі уақытта аграрлық сектордың экономикалық маңыздылығының едәуір төмендеуі еңбек ресурстары шоғырлануының өзгеруіне әкелді. Соңғы он жыл ішінде қала халқының саны ауыл халқының санына қарағанда біршама жоғарылады (кесте 3).

Кесте 3 – Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдар аралығындағы қала халқы мен ауыл халқының арақатынасы

	мың адам									
Халық саны	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Барлығы, оның ішінде	16 673,1	16 909,8	17 160,8	17 417,7	17 670,6	17 918,2	18 157,3	18 395,6	18 631,8	18 879,6
Қала халқы	9 127,1	9 277,7	9 433,5	9 868,6	10 066,6	10 250,1	10 423,6	10 698,2	10 938,7	11 151,4
Ауыл халқы	7 546,0	7 632,1	7 727,3	7 549,0	7 604,0	7 668,1	7 733,8	7 697,4	7 693,1	7 728,2
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [93]										

Урбанизация динамикасының деңгейі 54,7%-дан (2011) 59,1%-ға (2020) жоғарылауы ауылдық еңбек ресурстарының қалыптасуына әсерін тигізетіні сөзсіз. Дегенмен, ауыл халқы жұмыс күшінің маңызды көзі болып қала береді, бұл, атап айтқанда, ауылшаруашылық өнімділігінің өсуін аса шектемейді (сурет 3).



Сурет 3 – Қазақстан Республикасының ауыл және қала халқының арақатынасы, %

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [93]

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығындағы жұмыс күші 75,6%-дан (2011 жылы) 70,3%-ға (2020 жылы) дейін төмендеген (кесте 4).

Соңғы 6 жылда ауыл шаруашылығында жұмыс жасайтындардың саны тез төмендеп кетті. Мәселен, 2011 ж. ауыл халқының 4094,7 мың адам еңбекке жарамды бол саналса, 2012 ж. олардың саны 4099,9 мың адамға дейін, 2013 ж. 4102,5 мың адамға дейін жетті. Олардың ішінде жұмыспен қамтылғандар саны 2011ж. 3892,3 мың адам болса, 2013 ж. 3900,7 мың адамға жетті. Алайда 2014 жылдан бастап ауылдағы жұмыс күші саны 3988,6 мың адамға дейін, 2016 ж. 3846,6 мың адамға дейін, 2017 ж. 3840,1 мың адамға дейін, 2018 ж. 3861,4 мың адамға дейін, 2019 ж. 3830,7 адамға дейін азайған. Олардың ішінде жұмыспен қамтылғандар саны да 2014 жылдан бастап азайған. Мәселен, 2014 ж. жұмыспен қамтылғандар саны 3794,8 мың адамға дейін, 2016 ж. 3662,7 мың адамға дейін, 2017 ж. 3 653,1 мың адамға дейін, 2018 ж. 3 677,5 мың адамға дейін, 2019 ж. 3648,8 адамға дейін қысқарған.


Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында жұмыссыз халықтың деңгейі 202,4 мың адамнан (2011) 181,1 мың адамға (2020) кеміген. Бұл көрсеткіштің өсуін жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар санының өсуімен түсіндіруге болады. Егер 2011 жылы жұмыс құрамына кірмейтін адамдардың үлесі 24,4%-ды құрасы, ал 2020 жылы 29,7%-ға жеткен. Бұл ауылдық аймақтарда жұмысқа жарамсыз, яғни зейнет жасындағы адамдардың көбеюімен байланысты.

Кесте 4 – Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы еңбек нарығының 2011 және 2020 жылдар аралығындағы негізгі индикаторлары

Көрсеткіштер	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Жұмыс күші, мың адам	4 094,7	4 099,9	4 102,5	3 988,6	3 925,3	3 846,6	3 840,1	3 861,4	3 830,7	3 768,6
Жұмыс күші үлесі, пайызбен	75,6	75,2	74,8	72,4	73,3	71,7	71,7	72,3	71,6	70,3
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	3 892,3	3 896,4	3 900,7	3 794,8	3 733,1	3 662,7	3 653,1	3 677,5	3 648,8	3 587,5
Жұмыспен қамту деңгейі, пайызбен:										
15 және одан жоғары жастағы халыққа шаққанда	71,9	71,5	71,1	68,9	69,7	68,3	68,2	68,9	68,2	66,9
жұмыс күшінің санына	95,1	95,0	95,1	95,1	95,1	95,2	95,1	95,2	95,3	95,2
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	2 005,4	2 049,8	2 121,9	2 225,0	2 225,9	2 240,9	2 325,7	2 385,7	2 369,2	2 371,3
Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, пайызбен	51,5	52,6	54,4	58,6	59,6	61,2	63,7	64,9	64,9	66,1
өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер, мың адам	1 887,0	1 846,6	1 778,8	1 569,8	1 507,2	1 421,8	1 327,4	1 291,8	1 279,6	1 216,2
Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, пайызбен	48,5	47,4	45,6	41,4	40,4	38,8	36,3	35,1	35,1	33,9
Жұмыссыз халық, мың адам	202,4	203,5	201,8	193,8	192,3	183,9	187,0	183,9	181,9	181,1
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	4,9	5,0	4,9	4,9	4,9	4,8	4,9	4,8	4,7	4,8
Жастар (15-28 жас шамасындағы) жұмыссыздығының деңгейі, пайызбен	3,8	2,7	3,3	3,4	3,7	3,5	3,3	3,1	3,1	3,3
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	1,5	2,2	2,2	2,6	2,7	2,3	2,5	2,7	2,7	2,6
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар, мың адам	1 319,9	1 348,6	1 385,4	1 522,8	1 429,9	1 515,7	1 517,2	1 476,1	1 522,5	1 595,0
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдардың үлесі, пайызбен	24,4	24,8	25,2	27,6	26,7	28,3	28,3	27,7	28,4	29,7
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94, 95]										

4-кесте мәліметтеріне сүйенсек, 2020 жылы ауыл шаруашылығының еңбек нарығында 3768,6 мың адам жұмысқа жарамды болса, оның тек 3587,5 мың адамы жұмыспен қамтылды.

Жұмыспен қамтылған 3587,5 мың қызметкерлердің 1066,7 мың адамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар. Бұл адамдардың үлесі 29,7%-ды құрайды (сурет 4).




Сурет 4 – Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған тұлғалардың білім деңгейі (2020)

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [95, 245 б.]

Жұмыспен қамтылғандардың ішінде орта кәсіптік (арнаулы) білімі тұлғалардың үлесі 38,6% мөлшерінде, ал жалпы орта білімі барлар – 24,6%.

Ауыл шаруашылығында болып жатқан технологиялық өзгерістер біліктілігі анағұрлым жоғары қызметкерлердің еңбегіне деген сұранысты үнемі арттырып отырады. Нәтижесінде жоғары технологиялық жұмыстарды орындау үшін жұмыс күшінің жетіспеушілігі туындайды, бұл еңбек өнімділігінің өсуін ғана емес, сондай-ақ біздің елімізде ауыл шаруашылығының одан әрі дамуын да айтарлықтай тежеуі мүмкін.

Айта кететін жайт, жұмыспен қамтылған халықтың ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны 1887,0 мың адамнан (2011) 1216,2 мың адамға (2020) дейін азайған (сурет 5).




Сурет 5 – Жұмыспен өзін-өзі қамтыған қызметкерлердің 2011-2020 жылдар аралығындағы өзгерісі

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94, 202 б.; 95, 245 б.]

2011 ж. өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар саны 1887,0 мың адамға дейін, 2013 ж. 1778,8 мың адамға дейін, 2015 ж. 1349,0 мың адамға дейін, 2017 ж. 1327,4 мың адамға дейін және 2020 ж. 1216,2 мың адамға дейін қысқарған.

Алайда, ауыл халқы арасында жалдамалы қызметкерлер саны керісінше артып келеді (сурет б).



Сурет 6 – Ауыл шаруашылығында жалдамалы жұмыспен қамтылғандардың өзгеру қарқыны, %

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94, 202 б.; 95,245 б.]

Суреттен көріп тұрғанымыздай, ауыл халқы арасында жалдамалы қызметкерлер саны өсіп келеді. 2020 ж. жалданып жұмыс жасайтындардың саны 2011 жылмен салыстырғанда 18,8%-ға өскен, 2019 жылмен салыстырғанда 0,15%-ға артқан болатын. 2019 ж. жалдамалы қызметкерлер саны 2011 жылға қарағанда 18,3%-ға, 2013 жылмен салыстырғанда 14%-ға, 2015 жылмен салыстырғанда 7,8%-ға және 2017 жылға қарағанда 5,1%-ға өскен.

Ауыл шаруашылығы ірі және орта кәсіпорындарында жалдамалы жұмыс жасайтындар саны 2011 жылдан бері азайып келеді. 2019 ж. өсім орын алғанымен 2020 ж. қайта төмендеушілік орын алған. 2019 ж. ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жалдамалы жұмыс жасайтындар саны 10%-ға қысқарғанымен, 2015 жылдан бастап қайта өсе бастады және өсім 4,7%-ды құрады (кесте 5).

Ауыл шаруашылығында жалдамалы қызметкерлердің саны 2012-2017 жылдар аралығында жылма жыл кеміп отырды. 2018 жылдан бастап өсім қайта болғанымен 2011 жылғы көрсеткішке жете алмады. Осыған байланысты, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жалданып жұмыс жасайтындардың үлесі азайып кетті.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда) жалдамалы жұмыс жасайтындардың басым бөлігі ерлер. Мәселен, 2011 ж. ауыл, орман және балық шаруашылығында 86,8 мың ер адам жұмыс жасаса, 2015 ж. 59,4 мың ер адам, ал 2020 ж. 51,7 мың ер адам еңбек еткен. Ауыл шаруашылығында жұмыс жасайтын ер адамдардың жалпы жалдамалы қызметкерлер санында үлесі жыл сайып қысқарып келеді. Мәселен, 2011 ж. 4,8%-дан 2015 ж. 3,3%-ға дейін, ал 2020 ж. 2,7%-ға дейін төмендеді. Сонымен бірге ауыл шаруашылығында жұмыс жасайтындардың санындағы ер адамдардың үлесі де азайған болатын. Мәселен, 2011 ж. 52,9%-дан 2015 ж. 42,2%-ға дейін, ал 2019 ж. 34,9%-ға дейін қысқарған. Соңғы он жылда ауыл шаруашылығында ер азаматтардың саны 2011 жылға қарағанда 2019 жылы 40,1%-ға азайды.


Ауыл шаруашылығында жалданып жұмыс жасайтындардың ішінде әйелдердің үлесі де жыл сайын азайып келеді.

Мәселен, 2011 ж. ауыл, орман және балық шаруашылығында 32,0 мың әйел адам жұмыс жасаса, 2015 ж. 22,9 мың әйел адам, ал 2019 ж. 20,4 мың әйел адам еңбек еткен. Ауыл шаруашылығында жұмыс жасайтын әйел адамдардың жалпы жалдамалы қызметкерлер санында үлесі жыл сайып азайып келеді. Мәселен, 2011 ж. 1,8%-дан 2015 ж. 1,2%-ға дейін, ал 2019 ж. 1,1%-ға дейін қысқарған. Сонымен бірге ауыл шаруашылығында жұмыс жасайтындардың санындағы әйел адамдардың үлесі де азайған болатын. Мәселен, 2011 ж. 19,5%-дан 2015 ж. 16,3%-ға дейін, ал 2019 ж. 13,7%-ға дейін төмендеген. Соңғы он жылда ауыл шаруашылығында әйел азаматшаларының саны 2011 жылға қарағанда 2019 жылы 63,8%-ға кеміді.

Кесте 5 – Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласындағы жынысы және экономикалық қызмет түрлері бойынша жалдамалы қызметкерлер саны

Көрсеткіштер	мың адам									
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Ерлер										
Қызметкерлер саны - барлығы	1798,3	1 856,8	1 891,2	1 928,5	1 824,1	1 821,1	1 829,4	1 852,2	1 882,5	1 850,5
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	86,8	83,8	77,0	73,8	59,4	59,1	55,9	55,6	52,0	51,7
Әйелдер										
Қызметкерлер саны - барлығы	1 729,9	1 794,1	1 838,2	1 879,6	1 849,4	1 858,2	1883,1	1907,7	1 940,2	1 936,4
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	32,0	31,5	29,2	27,7	22,9	22,5	21,6	21,6	20,4	20,4
Ірі және орта кәсіпорындардың жалдамалы қызметкерлерінің саны										
Қызметкерлер саны - барлығы	3 055,5	3 168,5	3 249,0	2 675,8	2 735,4	2 712,1	2 725,7	2 759,1	2 832,8	2 798,0
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	117,4	113,8	105,4	84,5	80,6	78,8	76,1	75,7	71,1	70,7
Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындардың жалдамалы қызметкерлерінің саны										
Қызметкерлер саны - барлығы	844,6	849,9	807,3	816,3	1125,2	1 175,3	1 212,7	1 326,5	1 366,5	1 410,1
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	45,2	40,5	39,3	40,2	58,3	59,4	61,3	66,3	76,8	70,7
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94, 202 б.; 95, 245 б.]										

Республиканың ірі және орта кәсіпорындарында жалданып жұмыс жасайтын қызметкерлердің саны соңғы жылдары азайып келеді. Мәселен, 2011 ж. ірі және орта кәсіпорындарында жұмыс жасағандардың саны 3055,5 мың адам болса, 2015 ж. 2735,4 мың адамға дейін азайып, ал 2019 ж. 2832,8 мың адамға дейін қайта жетсе, 2020 ж. 2798,0 мың адамға дейін қайта азайды. 2020 ж. жалданып жұмыс жасағандардың саны 2019 жылға қарағанда 1,3%-ға кемісе, 2019 жылғы жалданып жұмыс жасағандардың саны 2011 жылға қарағанда 7,3%-ға кеміген (сурет 7).



Сурет 7 – Экономикалық қызмет түрлері бойынша ірі және орта кәсіпорындардың жалдамалы қызметкерлерінің саны, мың адам

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94, 202 б.; 95, 245 б.]


Сонымен бірге, ауыл, орман және балық шаруашылығында жалданып жұмыс жасайтындардың саны жыл сайын тұрақты кеміп келеді. Мәселен, 2011 ж. осы салада 117,4 мың адам жұмыс жасаса, 2015 ж. 80,6 мың адам, 2019 ж. 71,1 мың адамға дейін және 2020 ж. 70,7 мың адамға дейін азайған. 2020 ж. 2016 жылға қарағанда 10,3%-ға кемісе, 2019 жылғы көрсеткіш 2011 жылға қарағанда 39,4%-ға азайған болатын.

7 Суреттен көріп тұрғанымыздай, ауыл, орман және балық шаруашылығындағы ірі және орта кәсіпорындарында жұмыс жасайтын адамдардың саны жыл азайып отырды. Сәйкесінше, бұл жағдай ауыл шаруашылығында ірі және орта кәсіпорындарында жұмыс жасайтындардың барлық экономикалық қызмет түрлерінде жалпы жалданып жасайтындардағы үлесіне әсер етпей қоймады. Ауыл шаруашылығындағы ірі және орта кәсіпорындарында жалданып жұмыс жасайтындардың үлесі 71,6%-дан, 2015 ж. 57,3%-ға дейін және 2019 ж. 47,7%-ге дейін азайса, 2020 ж. сәл өсім орын алып 49,5 %-ға дейін артқан.

Республиканың шағын кәсіпорындарында жалданып жұмыс жасайтындардың саны керісінше жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2011 ж. 844,6 мың адам жалданып жұмыс жасаса, 2015 ж. 1125,2 мың адамға дейін,

2019 ж. 1366,5 мың адамға дейін және 2020 ж. 1410,1 мың адамға дейін жетті. Жалпы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындардың жалдамалы қызметкерлерінің саны 2020ж. 2019 жылмен салыстырғанда 3,2%-ға өссе, 2019 ж. 2015 жылға қарағанда 21,4%-ға өссе, 2011 жылға қарағанда 61,8%-ға өскен болатын.

Республиканың ауыл, орман және балық шаруашылығындағы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындардың жалдамалы қызметкерлерінің саны жыл сайын тұрақты артып келеді. Мәселен, 2011 ж. осы салада 45,2 мың адам жұмыс жасаса, 2015 ж. 58,3 мың адам және 2019 ж. 76,8 мың адамға дейін көбейген. 2019 жылғы бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 31,7%-ға өссе, 2011 жылға қарағанда 69,9%-ға артқан болатын. Алайда, 2020 жылдың қорытындысы бойынша бұл салада 70,7 мың адам жұмыс жасаған. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 7,9%-ға азайғандығын көрсетеді (сурет 8).



Сурет 8 – Экономикалық қызмет түрлері бойынша шағын кәсіпорындардағы жалдамалы қызметкерлерінің саны, мың адам

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [94, 202 б.; 95, 245 б.]

Сонымен бірге ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар саны тез азайып келеді. 2010 жылдан бастап алты жыл ішінде олардың саны 900 000-нан астамға азайды, оның 80%-ы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар есебінен болды. Сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың саны қазіргі таңда 1 миллион адамнан төмен түсіп кетті.

Осы кезеңде шаруа қожалықтарында жұмыс істейтіндер саны 35%-ға азайды және 2016 жылдың соңында 110 000-нан астам адамды құрады. Бұл аталмыш шаруа қожалықтарының бірігуімен байланысты болды.

Жалақының төмендігі, әлеуметтік кепілдіктердің болмауы (өзін-өзі жұмыспен қамтығандар зейнетақы жарналарын төлемейді) қызметкерлердің ауыл шаруашылығынан кетуінің негізгі себебі болып табылады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың кейбірі қызмет көрсету секторына, құрылыс саласына, ал белгілі бір бөлігі формальды секторға ауысып кетті.

Ауыл шаруашылығындағы жалақы деңгейі бұрынғысынша экономикадағы ең төменгілердің бірі болып қалуда. 2016 жылы аграрлық сектордағы жалақы экономикадағы жалақының 56%-ына сәйкес келді, бұл 2013 жылдан бастап көрсеткіштің аздап жақсарғанын көрсетеді. Бұл саладағы олар экономикадағы орташа жалақының 50%-ын құрады. Бұл соңғы жылдары саланың жақсы экономикалық өсіммен байланысты, себебі жалпы экономика мұнай бағасының төмендеуіне байланысты осы кезеңде қиындықтарға тап болды (кесте 6).

Кесте 6 – Қазақстан Республикасының ауыл, орман және балық шарушылығы жұмыскерлерінің орташа айлық жалақысы


Жалақы	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Республика бойынша орташа жалақы, барлығы	90 028	101263	109141	121021	126021	142898	150827	162673	186815	213003
- оның ішінде Ауыл, орман және балық шарушылығы	44986	51045	58304	66483	72507	81572	91084	97929	115371	130178
Деңгейі, %	50,0	50,4	53,4	54,9	57,5	57,1	60,4	60,2	61,8	61,1
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [96, 97]										

Республика бойынша бір қызметкердің орташа айлық жалақысы соңғы жылдары тұрақты өсіп келеді. 2011 ж. елімізде бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 90028 теңгені құраса, 2015 ж. 12602 теңгеге дейін өссе, 2019 ж. 186815 теңгеге және 2020 ж. 213003 теңгеге дейін жетті. Республика бойынша бір қызметкердің орташа айлық жалақысының жылдық орташа өсімі соңғы жылдары шамамен 8,4%-ды құраған. 2020 жылғы өсім алдыңғы жылмен салыстырғанда 14%-ды құраса, 2019 ж. өсім 2011 жылмен салыстырғанда шамамен 2 есе құраса, 2015 жылға қарағанда 40%-ға көбейген болатын.

Ауыл шаруашылығындағы бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 2011 ж. 44986 теңгені құраса, 2015 ж. 72507 теңгеге, 2019 ж. 115371 теңгеге және 2020 ж. 130178 теңгеге дейін көбейген. Республика деңгейінде ауыл шаруашылығында бір қызметкердің орташа айлық жалақысының жылдық орташа өсімі соңғы жылдары шамамен 10,7%-ды құрады. Сонымен бірге, 2011 жылмен салыстырғанда 2019 ж. бір қызметкердің орташа айлық жалақысы шамамен 2,5 есе өскен, ал 2015 жылға қарағанда 59,1%-ға артқан болатын, ал 2020 жылғы өсім 2019 жылға қарағанда 12,8%-ды құрады.

2020 ж. ауыл шаруашылығындағы бір қызметкердің орташа айлық жалақысы жалпы республика бойынша бір қызметкердің орташа айлық жалақысының 61,1%-ға дейін төмендеген, өйткені 2019 ж. бұл көрсеткіш

61,8%-ды құраған. Бұл алдыңғы жылдармен салыстырғанда біршама өскендігін көрсетеді және соңғы жылдары тұрақты жыл сайын артып келеді (сурет 9).



Сурет 9 – 2011-2020 жылдар аралығындағы ауыл, орман және балық шарушылығы қызметкерлері орташа айлық жалақысы республика бойынша жалақыдан үлесі

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [96, 130 б.; 97, 125 б.]

Ауыл шаруашылығында өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі шамамен 33,9%-н құрағандықтан, біздің ойымызша, саладағы жалақы мөлшерін дұрыс бағалау мүмкін болмай отыр. Оған қоса, бұған ауыл шаруашылығы саласындағы көлеңкелі операциялар, бартерлік сауда, тіркелмеген өнімді сату, ауыл шаруашылығындағы маусымдық жұмыс және т. б. әсер етуде.

Сонымен, ауыл шаруашылығы өндірісін еңбек ресурстарымен қамту жағдайын талдай отырып, мынадай қорытындылар жасауға болады:

– қазіргі таңда Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығындағы жұмыс күші 75,6%-дан (2011) 70,3%-ға (2020) дейін төмендеген. Бұл үрдіс ауылдық аумақтарда жұмысқа жарамсыз, яғни зейнет жасындағы адамдардың көбеюімен байланысты. Аталған жағдай болашақта ауылдық аумақтардағы еңбек нарығының дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін;

– ауылдық аумақтарда 2020 жылы жұмыспен қамтылған 3587,5 мың қызметкерлердің 1066,7 мың адамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, яғни үлесі тек 29,7%-ды құрайды. Жұмыспен қамтылғандардың ішінде орта кәсіптік (арнаулы) білімі тұлғалардың үлесі 38,6% мөлшерінде, ал жалпы орта білімі барлар – 24,6%. Нәтижесінде жоғары технологиялық жұмыстарды орындау үшін жұмыс күшінің жетіспеушілігі байқалады, бұл еңбек өнімділігінің өсуін ғана емес, сондай-ақ біздің елімізде ауыл шаруашылығының одан әрі дамуын да айтарлықтай тежеуі мүмкін;

– Республика бойынша бір қызметкердің орташа айлық жалақысы соңғы жылдары тұрақты өсіп келеді. 2011 жылы елімізде бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 90028 теңгені құраса, ал 2020 жылы 213003 теңгеге дейін жетті. Ауыл шаруашылығындағы бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 2011 жылы 44986 теңге болса, ал 2020 жылы 130178 теңгеге дейін көбейген. Дегенмен, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің орташа жалақысының тұрақты өсуіне қарамастан, ол республика деңгейіндегі орташа жалақыдан әлдеқайда төмен. Бұл өз кезегінде еңбек өнімділігінің деңгейіне, ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етеді.

2.2 Ауыл шаруашылығы өндірісінің ағымдық жағдайын талдау

Ауыл шаруашылығының қалыпты дамуы өндіруші мен тұтынушы арасындағы аралық байланысқа, яғни инфрақұрылымға: жолдарға, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, өткізу және сақтау бөлімдеріне, зерттеу орталықтарына тікелей байланысты. Нарықтық бәсекелестік жағдайында тиімсіз құрылымдардың орнын ауыл шаруашылығының сапалы өнімдері басатыны анық. Қол жетімді статистикалық мәліметтерді ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің ағымдық жағдайын талдауды үш бағытта қарастырған жөн:

- шаруашылық түрлеріне қарай;
- шаруашылық санаттарына қарай;
- өңірлерде дамуына қарай.


2010-2019 жылдар аралығындағы нақты мәліметтер көрсеткендей, соңғы он жылдықта, ауыл шаруашылығында өнім өндірісінің жалпы өсімі орын алғанын көруге болады. 2010 жылға (1442,6 млрд. теңге) қарағанда 2019 жылғы (5151,2 млрд. теңге) ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің көлемі шамамен 3,6 есеге көбейген. 2019 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық шаруашылық түрлері (өсімдік шаруашылығы – 2817,7 млрд. теңге және мал шаруашылығы – 2319,5 млрд. теңге) мен қызметтері (14,1 млрд. теңге) бойынша жалпы шығарылымның өскені байқалады (кесте 7).

Кесте 7 – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің шаруашылық түрлері бойынша жалпы өндірісі

	млрд теңге									
Шаруашылықтар	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жалпы ауыл шаруашылығы	1442,6	2286,0	1999,1	2386,1	2527,9	3307,1	3684,4	4070,1	4474,6	5151,2
Соның ішінде:										
- өсімдік шаруашылығы	662,6	1337,2	981,2	1313,0	1327,9	1825,2	2047,6	2249,2	2411,5	2817,7
- мал шаруашылығы	774,1	942,4	1011,2	1064,3	1189,6	1469,9	1621,5	1810,9	2050,5	2319,5
- қосымша қызметтер	5,9	6,5	6,7	8,8	10,5	11,9	15,3	10,8	12,6	14,1
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98, 99]										

Ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдердің жартысынан астамы өсімдік шаруашылығына тиесілі. Дегенмен кейінгі жылдары мал шаруашылығы өнімдері үлесінің өсуі орын алды.

Соңғы жылдары тұрақты өсімді мал шаруашылығы беріп отырғандығын көруге болады. 2011 жылдан бастап 2019 жылған тұрақты орташа өсім 1 % көрсетіп отыр. Соның нәтижесінде мал шаруашылығының жалпы ауыл шаруашылығындағы өнім өндірісінің көлемінде үлесі де біркелкі өсіп келеді. Мәселен, 2011 жылы мал шаруашылығының жалпы ауыл шаруашылығы өнім өндірісіндегі үлесі 41,2%-дан 2019 жылы 45%-ға дейін жетті. Жалпы ауыл шаруашылығындағы мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының және ауыл шаруашылығы салаларындағы қосымша қызметтердің үлестері төмендегі суреттен көруге болады (сурет 10).



Сурет 10 – Ауыл шаруашылығында өнім өндірісінің құрылымы

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98, 192 б.; 99, 220 б.]

10-суреттен көріп тұрғанымыздай, жалпы ауыл шаруашылығында өсімдік шаруашылығының үлесі басым. Алайда өсімдік шаруашылығының үлесі жыл сайын азайып келеді. Мәселен, 2011 жылы жалпы ауыл шаруашылығы өнім өндірісіндегі өсімдік шаруашылығының үлесі 58,5% құраса, 2015 жылы 55,2%-ға дейін және 2019 жылы 54,7%-ға дейін төмендеген болатын.

Өсімдік шаруашылығының жалпы ауыл шаруашылығындағы өнім өндірісінде үлесі 2012 жылы күрт төмендеген болатын. Бірден 49,1%-ға дейін азайған болатын. Бұл соңғы он жылдықта бірінші рет орын алған болатын.

Қазақстан тәуекелді ауыл шаруашылығы аймағында орналасқандығына және сонымен бірге негізінен ауыл шаруашылығын басқарудың ескірген әдістерін қолданатындығына байланысты өндірістің өте жоғары құбылмалылығы бар. Мысалы, 2009 жылы жалпы ауыл шаруашылығы өндірісі көлемінің 15%-ға өсуі 2010 жылы 12%-ға төмендеумен алмастырылды, 2011 жылы өсім 27%-ға жетті, ал 2012 жылы 18%-ға төмендеді. 2016 жылы салыстырмалы түрде қолайлы климаттық жағдайлар мен жоғары өнімділіктің


арқасында ауыл шаруашылығы 2015 жылғы 3,4%-бен салыстырғанда 5,5%-ға өсті.

Өсімдік шаруашылығы өндірісін шаруа және ауыл шаруашылығы қожалықтарының 31,2%-ы, ауыл шаруашылығы өндірісінің 24,9%-ы және халықтың үй шаруашылықтарының 43,9%-ы қамтамасыз етіледі.

Кесте 8 – Шаруашылық санаттары бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы

млрд. теңге										
Санаттар	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы	1442,6	2286,1	1999,1	2386,1	2527,9	3321,7	3701,5	4092,4	4497,7	5177,8
оның ішінде:										
Ауылшаруашылығы кәсіпорындары	227,5	671,1	396,1	572,0	586,9	695,1	873,3	996,8	1091,2	1293,9
Шаруа немесе фермер қожалықтары	345,6	586,4	549,3	734,4	786,1	904,5	1043,8	1152,5	1317,4	1607,8
Жұрт-шылық шаруашылығы	819,4	1028,6	1053,7	1079,7	1154,9	1722,1	1784,4	1943,1	2089,1	2276,1
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98, 192 б.; 99, 220 б.]										

8-кестеден көріп тұрғанымыздай, ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы жыл сайын өсіп келеді. 2019 жылғы жалпы өндіріс көлемі 2015 жылға қарағанда шамамен 1,6 есе көбейсе, 2011 жылмен салыстырғанда шамамен 2,3 есе көбейген. 2011-2019 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы тұрақты артып келді деп айтуға болады. Тек 2012 ж. ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа немесе фермер қожалықтарында өндіріс көлемінің азаюуы салдарынан алдыңғы жылға қарағанда сәл төмендеушілік орын алған болатын. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымында жұртшылық шаруашылығының өнім шығарылымының өсімі бірқалыптығымен, үзіліссіздігімен қамтамасыз етілген.



Сурет 11 – Санат бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) нақты көлем индексі, өткен жылға пайызбен

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98, 192 б.; 99,220 б.]

Айта кету керек, 11-суреттен көріп тұрғанымыздай, жұртшылық шаруашылығының жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымындағы үлесі зор. Мәселен, 2011 ж. ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында жұртшылық шаруашылықтың үлесі 45% болса, 2015 ж. 51,8%-ға жетсе, 2017 ж. 47,5%-ға дейін және 2019 ж. 44%- а дейін кеміген.

Ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында шаруа немесе фермер қожалықтарының үлесі елеулі және тұрақты артып келеді. Мәселен, 2011 ж. үлесі 25,7%-дан, 2015 ж. 27,2%-ға дейін және 2019 ж. 31,1%-ға дейін артқан.

Ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында ауылшаруашылығы кәсіпорындарының үлесі керісінше азайып кетті. 2011 ж. үлесі 29,4%-дан 2015 ж. 20,9%-ға дейін және 2019 ж. 25%-ға дейін кеміген.

Ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында 2012 ж. төмендеушілік орын алған. Алдыңғы жылға қарағанда ауыл шаруашылығының өнім шығарылымы 12,5%-ға кем болды. Бірақ, кейінгі жылдары ауыл шаруашылығының өнім шығарылымы тұрақты өсіп отырды.

Айта кету керек, кейбір өңірлер 2011 жылда өнім шығарылымын тұрақты жыл сайын арттырып отырды. Мәселен, Алматы облысы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстары 2011-2019 жылдар аралығында ауылшаруашылығының өнім өндірісінде бірқалыпты өсімді қамтамасыз етті (кесте 9).

Жалпы ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында үлесі жоғары өңірлер қатарында Алматы облысы, Түркістан облысы, Солтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облыстары орналасқан. Аталмыш облыстар ауыл шаруашылығының өнім шығарылымын тұрақты арттырып, жалпы елдегі үлестерін арттырған. Мәселен, жалпы ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында Алматы облысының үлесі 2011 ж. 12,7% болса, 2016 ж. 16,2%-ға және 2019 ж. 16,4%-ға дейін арттырған. Сол секілді Түркістан өңірі 9,1%-дан (2011) 11,9%-ға (2019) дейін үлесін кеңейткен. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан облысы 8,8%-дан (2011), 11,1%-ға (2015) дейін және 11,5%-ға (2019)

дейін арттырған болатын. Солтүстік Қазақстан облысы, керісінше, ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында өз үлесін жоғалтқан. Мәселен, 2011 ж. облыстың үлесі 15,5% болса, 2015 ж. 11,5%-ға дейін және 2019 ж. 11,8%-ға дейін азайтқан.


Кесте 9 – Өңірлер бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы

Өңірлер	Жылдар									
	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
млрд. теңге										
Ақмола	108,9	246,3	148,8	231,6	238,6	292,1	349,9	381,5	410,1	490,9
Ақтөбе	82,3	116,1	113,5	125,4	125,1	165,8	184,4	201,4	234,9	272,3
Алматы	217,8	290,9	342,5	377,1	425,3	552,8	599,4	633,4	737,1	850,3
Атырау	19,5	33,5	40,4	44,1	48,8	60,2	62,9	62,6	68,6	78,4
Батыс Қазақстан	52,8	82,7	73,4	79,7	84,6	106,6	131,2	140,1	140,1	171,3
Жамбыл	68,5	89,4	94,4	127,3	166,4	219,3	237,8	252,6	269,2	326,7
Қарағанды	83,6	119,3	114,1	142,8	143,8	197,6	229,7	251,6	278,1	334,5
Қостанай	213,5	394,4	184,9	230,8	235,4	295,1	319,5	368,6	387,4	399,1
Қызылорда	44,2	45,4	48,5	48,6	48,3	79,9	81,6	89,8	105,2	130,1
Маңғыстау	4,4	6,6	7,8	8,1	8,7	12,3	13,1	14,5	16,7	20,6
Түркістан	163,8	207,9	259,2	296,9	322,8	407,5	459,3	482,3	551,1	616,8
Павлодар	60,6	94,5	79,6	118,7	106,8	152,8	172,1	205,1	229,2	237,1
Солтүстік Қазақстан	166,8	353,5	252,5	264,9	280,1	382,8	413,1	500,2	516,5	612,9
Шығыс Қазақстан	153,1	202,3	237,2	287,8	288,8	368,4	417,1	474,4	517,9	594,9
Нұр-Сұлтан	1,3	1,8	1,4	1,7	1,5	4,1	3,1	3,4	2,8	3,3
Алматы	1,4	1,5	0,7	0,7	2,5	3,7	4,4	6,3	7,2	7,4
Шымкент	-	-	-	-		20,8	22,7	24,6	25,7	31,2
Жалпы		2286,1	1999,1	2386,1	2527,9	3321,7	3701,5	4092,4	4497,7	5177,8
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98, 192 б.; 99,220 б.]										

Ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында үлесі айтарлықтай қысқарған облыс бұл Қостанай облысы. Бұл өңір 2011 ж. 17,3%-ға дейін өнім шығарса, 2015 ж. 8,9%-ға дейін және 2019 ж. 7,7%-ға дейін үлесін төмендеткен.

Жамбыл облысы ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында өз үлесін шамамен 2 есе көбейткен. 2011 ж. бұл облыстың еншісінде 3,9% болса, 2015 ж. 6,6%-ға және 2019 ж. 6,3%-ға дейін көбейген.

Республиканың қалған облыстарының ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында үлестері 2011-2019 жылдар аралығында айтарлықтай өзгермеген немесе сол қалыпта сақталған болатын.



Сурет 12 – Өсімдік шаруашылығының жалпы өніміндегі облыстардың үлесі, %

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98, 192 б.; 99, 220 б]

12-суреттен көріп тұрғанымыздай, өсімдік шаруашылығының жалпы өніміндегі кейбір облыстардың үлестері басым. Суретте 2010-2019 жылдар аралығындағы облыстардың орташа үлестері берілген. 2011 жылдан бері еліміздің бес облысы өсімдік шаруашылығындағы жалпы өнім өндірісінің шамамен 67,4% қамтамасыз етіп келді. Олардың қатарында Солтүстік Қазақстан, Алматы, Түркістан, Қостанай және Ақмола облыстары бар.

Республика бойынша өсімдік шаруашылығының жалпы өнім өндірісінде Солтүстік Қазақстан мен Қостанай облыстарының үлестері соңғы жылдары айтарлықтай азайған. 2011 ж. Солтүстік Қазақстан облысының өсімдік шаруашылығындағы жалпы өнім өндірісіндегі үлесі 20,5% болса, 2015 ж. 15,1%-ға дейін төмендеген болатын. Алайда, бұл облыста өсімдік шаруашылығындағы жалпы өнім өндірісінің көлемі осы жылдар аралығында өскен. Мәселен, 2011 ж. 273545,7 млн. теңгеге өнім өндірілсе, 2016 ж. 289839,3 млн. теңгеге және 2019 ж. 450295,5 млн. теңгеге өнім шығарылды.

Қостанай облысының үлесі 2011 жылдан бері шамамен 2 есе қысқарған. 2011 ж. бұл облыстың өсімдік шаруашылығындағы жалпы өнім өндірісіндегі үлесі 19,9% құраса, 2015 ж. 11,2%-ға дейін және 2019 ж. 9,4%-ға жетті. Бұл облыста өнім шығарылымы сол мөлшерде сақталды. Мәселен, 2011 ж. 265 931,2 млн. теңгеге өнім шығарылса, 2019 ж. 264020,9 млн. теңгеге өнім өндірілді.


Ақмола облысында да елдегі өсімдік шаруашылығындағы жалпы өнім өндірісіндегі үлесі 2011 ж. 14,4%-дан 2019 ж. 11,3%-ға дейін кеміген. Алайда, өнім өндірісі 2011 ж. 192615,9 млн. теңгеден 2019 ж. 318216,3 млн. теңгеге дейін көбейген.

Алматы мен Түркістан облыстарында өсімдік шаруашылығындағы өнім өндірісінің көлемі мен үлестері соңғы жылдары өскен. Алматы облысында 2011 ж. 150361,1 млн. теңгеден (үлесі 11,2%) 2019 ж. 463851,2 млн. теңгеге

(үлесі 16,5%) дейін артқан болатын. Сол секілді Түркістан облысында 8,1%-дан немесе 108186,7 млн. теңгеден (2011) 12,1 %-ға немесе 342209,1 млн. теңгеге (2019) дейін көбейген.

Республиканың қалған облыстарында 2011-2019 жылдар аралығында айтарлықтай өнім өндірісі өскен. Мәселен, 2011 жылмен салыстырғанда 2019 ж. өсімдік шаруашылығында өнім өндірісі Жамбыл облысында 4 есе, Атырау облысында 3 есе, Қызылорда облысында 2,9 есе, Қарағанды облысында 2,6 есе, Ақтөбе облысында 2 есе көбейген.

Еліміздің мал шаруашылығындағы жалпы өнім шығарылымында облыстардың үлестері жоғары өңірлер қатарында Алматы, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстары. Олардың үлестері елдегі мал шаруашылығындағы өнім шығарылымының 40%-дан асады.



Сурет 13 – Мал шаруашылығының жалпы өнімі

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98, 192 б.; 99, 220 б]

13-суреттен көріп тұрғанымыздай, мал шаруашылығындағы өнім шығарылымын қамтамасыз етуде 7 облыстың үлесі 47,3%-ды құрайды. Бұл облыстардың қатарында Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Ақмола, Жамбыл және Павлодар облыстары бар.


Айта кету керек, Алматы облысында мал шаруашылығында өнім өндірісі 2011-2019 жылдар аралығында 3 есе артқан. 2011 ж. өнім өндірісі 139907,1 млн. теңгені құраса, 2015 ж. 246934,4 млн. теңгеге және 2019 ж. 380094,0 млн. теңгеге дейін өсті. Сәйкесінше, елімізде мал шаруашылығындағы өнім өндірісіндегі үлесі 14,8%-дан 16,4%-ға дейін артты. Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарында өнім өндірісі 3 есе өскен.

Қостанай облысының мал шаруашылығында керісінше, 2011 жылмен салыстырғанда соңғы жылдары төмендеушілік орын алған. Мәселен, 2011 ж.

мал шаруашылығында өнім өндірісі 127597,3 млн. теңгені құраса, 2015 ж. 88469,1 млн. теңгені және 2018 ж. 118188,5 млн. теңгені құрады.

Республиканың Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Ақмола, Жамбыл, Павлодар, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан секілді облыстарында мал шаруашылығы өндірісінің көлемі 2011-2019 жылдар аралығында 2-3 есе көбейді. Мәселен, Атырау мен Солтүстік Қазақстан облыстарында 2 есе, Батыс Қазақстан облысында 2,5 есе, Ақтөбе, Павлодар және Қызылорда облыстарында 2,6 есе, Қарағанды облысында 2,9 есе, Маңғыстау облысында 3 есе, Жамбыл мен Ақмола облыстарында 3,2 есе өскен. Алайда аталмыш облыстардың жалпы республикалық мал шаруашылығындағы үлестері сәл ғана өзгерген немесе сол мөлшерде қалған болатын.

Ауылшаруашылығы салаларындағы қызметтер көлемі жыл сайын өсіп келеді. 2011 жылмен салыстырғанда қызметтер көлемі 2019 жылға қарай 2,1 есе өсті. Кейбір облыстарда осы уақыт аралығында мұндай қызметтер көлемі 3 есеге өсті.



Сурет 14 – Ауылшаруашылығы салаларындағы қызметтер

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98, 192 б.; 99, 220 б.]

14-суреттен көріп тұрғанымыздай, Алматы, Қызылорда, Түркістан мен Қостанай облыстарының үлесі басым. Айта кету керек, Алматы облысында аталмыш қызметтер көлемі 2011 жылғы 715,7 млн. теңгеден, 2015 ж. 1533,2 млн. теңгеге және 2019 ж. 2636,2 млн. теңгеге дейін өсті, сәйкесінше, жалпы республикадағы қызметтер көлеміндегі үлесі 11,1%-дан (2011) 18,8%-ға (2019) дейін артты. Ақмола облысында да ұқсас жағдай, мәселен, 309,9 млн. теңгеден немесе 4,8%-дан (2011) 1311,3 млн. теңгеге немесе 9,4%-ға (2019) дейін көбейген болатын. Сондай-ақ, Қызылорда облысы да қызметтер көлемін ұлғайту арқасында өз үлесін арттырған болатын. Мәселен, 516,9 млн. теңгеден немесе 8%-дан (2011) 2398,5 млн. теңгеге немесе 17,1%-ға (2019) дейін еселеді.

Қазақстанның аграрлық азық-түлік өнімдерінің экспорты 2012 жылы ең жоғары деңгейге жетті (3,4 млрд. АҚШ доллар). Бұл 2011 жылы ең жоғары егіннің шығуымен байланысты болды. Осыдан кейін 2016 жылға қарай біртіндеп 2,1 млрд. АҚШ долларға дейін кеміген болатын. Елдің жалпы экспортындағы ауыл шаруашылық өнімдері экспортының үлесі 6%-ды құрады.

Аграрлық азық-түлік өнімдерінің негізгі экспорттық өнімі астық болып табылады. Астық экспорты соңғы 10 жылда жылына орташа есеппен 1 миллиард АҚШ доллардан астам табыс әкелді. Сонымен қатар, ұн экспортын қоса есептегенде бірге бұл өнімдердің үлесі экспорттың жалпы көлемінің 60%-ынан асады.

Алайда, астық экспортының біртіндеп төмендеуі байқалып отыр. 2015 жылдан бастап Қазақстан әлемдегі ең ірі он астық экспорттаушылар қатарынан шығып қалды. Өзге аграрлық азық-түлік өнімдерінің экспортты да төмендеп келеді. Өйткені әлемдік нарықта өсімдік өнімдерінің бағасы төмендегендіктен олардың бағасы да төмендеген болатын. Мал шаруашылығы саласының өнімдеріне, соның ішінде сиыр етінің әлемдік бағасы өзгермей, біркелкі қалды, бірақ құс етінің бағасы сәл өскен болатын.

Экспорттың төмендеуі импорттың төмендеуімен ішінара өтелген болатын. Экспорт көлемі 2012 жылы өзінің шыңына жеткен (5,5 млрд. АҚШ доллар). 2016 жылы импорт көлемі 3 млрд. АҚШ долларға дейін қысқарды. Осының салдарынан аграрлық азық-түлік өнімдерінің саудасындағы тапшылық 0,9 млрд. АҚШ долларға дейін он жылдықта орын алған минимумға дейін азайған.

Отандық ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісі көлемі артқанымен мөлшер, ассортимент пен сапа сияқты параметрлер бойынша жергілікті нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмай отыр. Әлі де өңделген өнімнің импортына тәуелділік жоғары болып қалуда, әсіресе ірімшік, шұжық, ет консервілері, май секілді өнім түрлері сыртқы нарықтан тасымалдануда. Осы өнімдерінің импорты жергілікті тұтыну мөлшерінің шамамен 40-50% қамтамасыз етуде.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімінің жартысына жуығын үй шаруашылықтары, шамамен 30%-ын қожалық шаруашылықтары мен фермерлер, ал 20%-дан астамын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өндіреді.

Көрші елдердегі ауылшаруашылық өнімдерін өндірудегі үй шаруашылықтарының үлесі айтарлықтай болса да, онша айқын емес екенін ескеру керек.

Өсімдік шаруашылығы. Өсімдік шаруашылығында өнім өндірісінің 39%-ын дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары есебінен, 31%-ы ауыл шаруашылығы кәсіпорындары және 30%-ы жұртшылық шаруашылығы есебінен қамтамасыз етіледі.

Барлық егіс алқабының 61%-ы – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, 38%-ы дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтарына және 1%-ы – халықтың үй шаруашылықтарына тиісілі. ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер

қожалықтарының мамандануы ұқсас, өндірісте астық өндірісі басым, қалған бөлігі майлы және жемшөп дақылдары бойынша бөлінеді.

Халықтың шаруа қожалықтары көкөністерді, сондай-ақ жемшөп пен дәнді дақылдарды өсіруге барынша тәуелді. Халық пен дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары жинайтын көкөністерді, қауындарды және басқа да дақылдарды жинауда олардың үлесі шамамен 90% құрайды, ал шамамен 5%-ы ғана өңделеді.

Қайта өңдеудің мұндай төмен деңгейі шаруашылықтардың өздері тұтынатындығын, базарларда және стихиялық сауда орындарында немесе бартер арқылы ауылшаруашылық өнімдерін сатып жатқандығын көрсетеді.

Айта кету керек, өсімдік шаруашылығы бойынша статистиканың сенімділігі күмәнді. Мәселен, 2016 жылдың күзінде бункердің салмақта 23,1 млн. тонна болатын рекордтық астық шығымы туралы хабарланды. Астық өнімділігі аяқталғаннан кейін 20,6 миллион тонна немесе 2,5 миллион тоннаға аз болды (айырмашылық > 10%). Бұл астықты элеваторларға өткізетін ауылшаруашылық кәсіпорындарының мәліметтері негізінде есептелген болатын және олар қандай да бір тіркеуден өткен. Сонымен қатар, әртүрлі деңгейдегі халық өндірісі туралы деректер оңай бұрмалануы мүмкін.



Сурет 15 – Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98, 192 б.; 99,220 б.]

Егіс көлемі шамамен 450 000 гектарға артып, 2016 жылы 21,5 миллионға жетті. Көптеген дақылдардың алқаптары біршама азайды, ал бидай дақылдары көбейді. 2010-2015 жылдардағы орташа көрсеткішпен салыстырғанда егіс алқаптары артып, бидай алқаптары қысқарған болатын.

Дәнді дақылдар егіс алқабының шамамен 70%-ын құрайды, ал бидай егісі шамамен жартысын. Егістің жалпы ауданы 1990 жылмен салыстырғанда едәуір қысқарғанымен, дәнді дақылдар егісінің үлесі әлі де аздап өсті. Мәселен, 1990 жылдан бастап жалпы дақылдар 40%-ға, ал бидай дақылдары тек 12%-ға, ал басқа да дәнді және бұршақты дақылдар, арпа, сұлы және басқа да дақылдар 70%-ға азайды.

2016 жылы қатты жаңбыр мен егіс алқаптарының кеңеюіне байланысты астық түсімі 20 миллион тоннадан астам болды. Бұл соңғы бес жылдағы ең жоғары көрсеткіш болды. Сонымен қатар, дәнді дақылдардың сапасы төмен болды - бірінші және үшінші сұрыпты бидайдың үлесі 45%-ға дейін төмендеді, 4-ші және 5-ші сыныптардың үлесі 41%-ға дейін өсті, бес жыл бұрын тиісті көрсеткіштер тиісінше 88 және 10% құрады.

Бидайдың өнімділігі 2015 жылғы 11,9 ц/га-дан 12,1 ц/га-ға дейін өсті. Бидай маңызды рөл атқаратын дақылдар өсімдік өндірісінің үштен екісінен үштен екісіне дейін құрайды, бұл өз кезегінде дақылға байланысты ауылшаруашылық өндірісінің жартысынан көбін құрайды.

Айта кету керек, 2016 жылы басқа дақылдарда күнбағыс өнімділігі 22%-ға, картоп 3%-ға, көкөністер 2%-ға және қант қызылшасы 23%-ға артуымен байланысты егіннің өсуі байқалды.

Мәселен, ауыл шаруашылығының тиімділігін тыңайтқыштардың өте төмен деңгейде тұтынылуы айқын көрсетеді, бұл дақылдардың өнімділігіне әсер етеді. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан Ресейден бес есе артта қалып отыр, бұл тіпті өзінің жақын көршілерінен де бірнеше есе төмен.

Мал шаруашылығы. 2016 жылы мал шаруашылығындағы жалпы өндіріс көлемі 1,6 трлн. теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,7%-ға жоғары. Жалпы ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымындағы мал шаруашылығының үлесі 44,6%-ды құрады. Мал шаруашылығында 2011-2012 жылдары төмендегеннен кейін көрсеткіштердің айтарлықтай жақсаруы байқалады. Осы уақытқа дейін оң көрсеткіштер жылына орташа 3%-ға өсуді көрсетеді, бұл тарихи көрсеткіштерге сәйкес келеді.

Өсімдік шаруашылығы өте тұрақсыз екенін ескере отырып, соңғы жылдары мемлекет мал шаруашылығын қолдауды күшейтті. Сонымен қатар, әлемдік саудада астық пен ет ең ірі сауда тауарлары болып табылады, бұл ет пен ет өнімдеріне сұраныстың бар екенін көрсетеді.

Мал шаруашылығындағы өнім өндірісі халық шаруашылықтарынан 71%-ға тәуелді, 15%-ды шаруа және фермерлік қожалықтары беріп отыр және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына 13% тиіесілі. Мұндай пропорционалды емес құрылым 90-шы жылдардағы реформалар нәтижесінде пайда болды, сол кезде ұжымдық және мемлекеттік кәсіпорындар жүйесі тоқтап, осы кәсіпорындардың меншігі акционерлік негізде жұмысшылар арасында бөлінді. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары қала маңындағы саяжай түрінде кең таралды.

Халық шаруашылықтарының кооперациясы туралы кезекті бастама жемге, жабдыққа, субсидияларға және басқа қолдау шараларына қол жетімділікті жеңілдетуі керек. Кооперация масштаб эффектісі есебінен экономикалық тиімділікті арттырады деп күтілуде.

Ветеринарлық және басқа да бақылау қызметтерін кеңінен қамту арқылы ауыл шаруашылығын жүргізудің өркениетті нысаны өсетін болады.

16-суреттен көріп тұрғанымыздай мал шаруашылығындағы өнім өндірісі халық шаруашылықтары үлесінің жоғары болуы жақын орналасқан елдерге тән емес екенін ескеру керек. Мәселен, Ресейде олардың үлесі тек 38% болса,

Беларуссияда тек 6% оларға тиесілі. Ресей нарығының үлкен сыйымдылығы ірі ауылшаруашылық кәсіпорындарының өндірістің шоғырлануын арттыруға ықпал етеді.

Соңғы жылдары ауылшаруашылық кәсіпорындары шошқа еті, ірі қара, құс және жұмыртқа өндіруге мамандандырылған. Халық шаруашылықтары малдың көптеген түрлеріне ет пен сүт өндірумен айналысады. Шаруа және фермер қожалықтары ет өндірісімен орташа деңгейде айналысады. Малды өнеркәсіптік негізде өсіру соншалықты кең таралмаған, етті және сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіру үлесі барлық мал басы санындағы 2-ден 3%-ға дейін құрайды.

Сүттің 90%-дан астамын халық пен шаруа қожалықтары өндіреді және тек 30% өңделеді. Етпен ұқсас көрініс алынады: еттің шамамен 80%-ын халық пен шаруа қожалықтары өндіреді, 31%-ын шаруа қожалықтары өңдейді. Сондай-ақ, халық шаруашылықтары мен шаруа қожалықтары бойынша статистика жиналған статистиканың сапасына әсер ететін есептеу және іріктеу әдістерін қолдану арқылы жасалатынын атап өткен жөн.



Сурет 16 – Мал шаруашылығының жалпы өнімі

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [98, 192 б.; 99, 220 б]

2016 жылдың соңында 2015 жылмен салыстырғанда сиырлар саны 6%-ға (2010 жылдан бастап+ 16%), жылқылар 2 %-ға (2010 жылдан бастап+ 38%), қойлар 1,5%-ға (2010 жылдан бастап+ 3%), құстар 6%-ға (2010 жылдан бастап+ 15%) өсті, ал шошқалар саны төмендей берді. 2016 жылғы көрсеткіштер соңғы жылдардағы тенденцияларды сипаттайды-саны азайып келе жатқан шошқаларды қоспағанда, жануарлар мен құстардың әртүрлі түрлерінің саны өсуде. Ауылшаруашылық кәсіпорындарына қатысты тенденцияларда айтарлықтай айырмашылықтар бар. Халықтың үй шаруашылықтарында жануарлар мен құстар санының тұрақты төмендеуі байқалады, ал ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында және шаруа қожалықтарында, керісінше, үдемелі өсу байқалады.

Ет өндірісі қалыпты, бірақ оң үрдісті көрсетеді. 2010 жылдан бастап ірі қара мал еті 6%-ға, қой еті 21%-ға, жылқы еті 47%-ға, құс еті 48%-ға және шошқа еті 54%-ға өсті.

Жергілікті ет өндірісі ішкі тұтынуды толығымен жабады. Тұтыну көлемінің 5% мөлшерінде шошқа еті мен жылқы еті импортының үлесі бар. Импорттың едәуір үлесі құс етінде сақталып отыр, онда импорт жергілікті нарықта тұтынудың жартысын құрайды, бірақ жұмыртқа өндірісі ішкі қажеттіліктерді толығымен жабады. Сүт және сүт өнімдерін өндіру импорт есебінен 10%-дан сәл ғана жабылады, дегенмен қалпына келтірілген сүт ұнтағы кеңінен қолданылады.

Қосылған құны жоғары май, ірімшік және басқа да өнімдер үшін айтарлықтай импорт бар.

Ет өндірісі әлі күнге дейін негізінен үй шаруашылықтары есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ауылшаруашылық кәсіпорындары, сондай-ақ шаруа және ауылшаруашылық кәсіпорындары ет өндірісінің өсуіне байланысты оң өзгерістер байқалады. Егер 2010 жылы олар өндірілетін мал мен құс етінің бар-жоғы 23%-ын құраса, 2016 жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 40%-ға дейін өсті. Бұл ауылшаруашылық ұйымдары өндірісінің жақсы өсуіне және халық бюджетіндегі өндірістің тоқырауына байланысты болды.

Біздің ойымызша, үй шаруашылықтарының қызметі өзін-өзі жұмыспен қамту нысаны ретінде және қосымша табыс көзі ретінде қарастырылуы керек. Мысалы, халық шаруашылықтарындағы ірі қара малдың сойыс салмағы ауыл шаруашылығы шаруашылықтарындағы ұқсас көрсеткіштен 20%-ға төмен, тауық жұмыртқасын өндіру 80%-ға төмен, сүттің өнімділігі жартысынан аз. Бұл өз кезегінде жалпы ауыл шаруашылығының төмен өнімділігін түсіндіреді. Сонымен бірге, өнімділікті арттыру үшін халық шаруашылықтарында халықтың ынтасы жоқ (олар негізінен өз тұтынуы үшін өндіріледі) немесе мүмкіндіктер (ауылшаруашылық техникасы, білімі мен қаржысы жоқ) жоқ.

Жоғарыда айтылғандай, ұсақ шаруа немесе фермерлік қожалықтары мен халықтың үй шаруашылықтарының статистикасы іріктеп бақылау және жинау әдістерін қолдана отырып жасалады, бұл деректердің сапасына күмән тудырады. Осылайша, статистика үй шаруашылығында сүт өндірісінің тұрақты өсуін көрсетеді, дегенмен ірі қара малды импорттау және өсіру негізінен ауылшаруашылық кәсіпорындарымен жүзеге асырылады. Сол сиырлар сүттің өнімділігін қалай арттыра алады деген сұрақ туындайды. Тағы бір көрсеткіш-малдың жығылуы. 2016 жылғы статистикаға сәйкес, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында ірі қара малдың 2,7%-ы мал өлімі тіркелсе, бұл малдың үлесі 8%-ға, шаруа немесе фермер қожалықтарында – 0,08%-ға, ал бұл малдың үлесі 29-0,06%-ға төмендеді, бұл халықтың халық шаруашылықтарындағы күмәнді көрсеткіш, бұл малдың жалпы мал басының 63%-на дейін. Ауыл шаруашылығындағы жағдайдың нақты көрінісі айтарлықтай бұрмаланғаны анық. Ұзақ мерзімді жоспарлауды осындай дұрыс емес мәліметтер негізінде жасауға болады деп күту қиын.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өндірісінің ағымдық жағдайын талдау нәтижесінен мынадай қорытындылар жасауға болады:

– 2010-2019 жылдар аралығындағы нақты мәліметтер көрсеткендей, соңғы он жылдықта, ауыл шаруашылығында өнім өндірісінің жалпы өсімі орын алғанын байқауға болады. 2010 жылға (1442,6 млрд. теңге) қарағанда 2019 жылғы (5151,2 млрд. теңге) ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің көлемі шамамен 3,6 есеге көбейген. Ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдердің жартысынан астамы өсімдік шаруашылығына тиесілі. Дегенмен кейінгі жылдары мал шаруашылығы өнімдері үлесінің өсуі орын алды;

– 2011 жылы ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында жұртшылық шаруашылықтың үлесі 45% болса, 2015 жылы 51,8%-ға жеткен, 2017 жылы 47,5%-ға дейін және 2019 жылы 44%-ға дейін кеміген. Дегенмен, жұртшылық шаруашылығының жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымындағы үлесі әліде зор. Ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында шаруа немесе фермер қожалықтарының үлесі елеулі және тұрақты артып келеді. Мәселен, 2011 жылы үлесі 25,7%-дан 2019 жылы 31,1%-ға дейін артқан. Ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында ауылшаруашылығы кәсіпорындарының үлесі 2011 жыл (29,4%) мен 2019 жыл (25%) аралығында керісінше азайып кетті;

– жалпы ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында үлесі жоғары өңірлер қатарына Алматы облысы, Түркістан облысы, Солтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облыстарын жатқызуға болады. Аталмыш облыстар ауыл шаруашылығының өнім шығарылымын тұрақты арттырып, жалпы елдегі үлестерін арттырған. Мәселен, жалпы ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында Алматы облысының үлесі 2011 ж. 12,7% болса, 2016 ж. 16,2%-ға және 2019 ж. 16,4%-ға дейін арттырған. Сол секілді Түркістан өңірі 9,1%-дан (2011) 11,9%-ға (2019) дейін үлесін кеңейткен. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан облысы 8,8%-дан (2011), 11,1%-ға (2015) дейін және 11,5%-ға (2019) дейін арттырған болатын. Солтүстік Қазақстан облысы, керісінше, ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында өз үлесін жоғалтқан. Мәселен, 2011 ж. облыстың үлесі 15,5% болса, 2015 ж. 11,5%-ға дейін және 2019 ж. 11,8%-ға дейін азайтқан. Өсімдік шаруашылығының жалпы өніміндегі кейбір облыстардың үлестері басым. Олардың қатарында Солтүстік Қазақстан, Алматы, Түркістан, Қостанай және Ақмола облыстары жатады. Бұл облыстар еліміздің өсімдік шаруашылығындағы жалпы өнім өндірісінің шамамен 67,4% қамтамасыз етеді. Еліміздің мал шаруашылығындағы жалпы өнім шығарылымында облыстардың үлестері жоғары өңірлер қатарында Алматы, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарын жатқызуға болады. Олардың үлестері елдегі мал шаруашылығындағы өнім шығарылымының 40%-дан асады. Ауылшаруашылығы салаларындағы көрсетілетін қызметтер 2011 жылмен салыстырғанда 2019 жылға қарай 2,1 есе өскен. Қызметтер көлемі ішінде Алматы, Қызылорда, Түркістан мен Қостанай облыстарының үлесі жоғары.

2.3 Ауыл шаруашылық өнімдерінің экспорттық және импорттық операцияларын бағалау

Жоғары еңбек өнімділігімен қатар ауылшаруашылық өнімдеріне салыстырмалы бағаның төмендеуі, қызметтер мен тауарлардың пайдасына тұтынушылық бағыттың ауысуы аясында дамыған елдердің экономикасында ауылшаруашылық үлесінің төмендеуіне әкеледі. Қазақстандағы экономикалық жағдайды ескере отырып, қарама-қайшылық орын алып отыр, яғни еңбек өнімділігінің төмендігі және азық-түлік өнімдерін тұтыну көлемінің үлесі салыстырмалы түрде жоғары болуы ішкі бағалардың, соның ішінде мемлекеттің қатысуы нәтижесінде, өсіміне алып келеді. Бұл өз кезегінде кірістілігі төмен ауыл шаруашылығын жоғары қолдауға әсер етеді.


Ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының өсімі басқа тауарлар бағасының өсіміне қарағанда едәуір көп. Бұған, біріншіден, ауылшаруашылық шикізатына сыртқы бағалар әсер етеді. Екінші жағынан, бұл үлкен аумақта өнімді сақтау, өңдеу және өткізу орталықтарының дамымағаны кері әсер етеді. Нәтижесінде өнімнің түпкілікті бағасын қалыптастырудың едәуір үлесі делдалдардың маржасына байланысты болады, яғни шағын кәсіпорындардың өздері тиісті пайда ала алмайды.

Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы бойынша 2010-2019 жылдар аралығындағы статистикалық жинақтарын қолдана отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін экспорттық және импорттық операциялар арқылы бағалауға болады.

Статистикалық жинақ мәліметтері бойынша [100, 101], таяу елдердің аграрлық азық-түлік өнімдері экспортының көрсеткіштері аясында Қазақстан \$ 2 млрд-пен аса елеулі емес орынды иеленеді. Қазақстанның аграрлық азық-түлік өнімдерінің экспорты 2012 жылы ең жоғары деңгейге жетті (3,4 млрд. АҚШ доллар), бұл 2011 жылы өте жоғары түсіммен байланысты болды. Осыдан кейін 2016 жылы олар біртіндеп 2,1 млрд. млрд. АҚШ долларға дейін азайды. Ел экспортының жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының үлесі 5,8%-ды құрады, бұл ЖІӨ-нің 1,6% ғана құрайды. Ауылшаруашылық өнімдерінің құны әлемдік нарықтық бағалармен тығыз байланысты болғандықтан айтарлықтай ауытқуларға ұшырайды. Мәселен, 2010-2012 жылдар аралығында астық бағасының индексі 42%-дан астам өсті, бірақ кейінгі жылдары тез төмендеді және жалпы құлдырау салдарынан құнының шамамен 50%-н жоғалтты.

17-суреттен көріп тұрғанымыздай экспорттың жалпы көлемінде аса үлкен үлес салмағын алатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің 2010-2019 жылдар аралығында жалпы сыртқы нарыққа шығарылған көлемі мен оның ақшалай көрінісі келтірілген. Есепті кезең ішінде елден шамамен 43,5 млн. тонна бидай мен меслин шетелге сатылған. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты жалпы 8,4 млрд. АҚШ долларын құрады. Соңғы он жылдықта бидай мен меслин экспорты бойынша 2012 ж. республика ең жоғары көрсеткішке қол жеткізген болатын. 2012 ж. шетелге 7384224 тонна жөнелтілген болатын. Соның 3983826,9 тоннасы әлемнің өзге елдеріне экспортталса, 3400397 тоннасы ТМД елдеріне жеткізілген. 2015 жылға қарай бидай мен меслин экспорты

3635883 тоннаға дейін азайған. 2016-2018 жылдар аралығында қайта ұлғайған. Бидай мен меслин экспортының шамамен 69,1% ТМД елдеріне жөнелтілген. Мәселен, 2019 ж. жалпы 5262744 тонна бидай мен меслин экспортталса, соның 4019910,3 тоннасы ТМД елдеріне, қалған 1242834 тоннасы әлемнің өзге елдеріне шығарылған. 2011-2019 жылдар аралығында бидай мен меслин экспортынан түсімін шамамен 63,9% ТМД елдері қамтамасыз етсе, 36,1% әлемнің өзге елдерінің үлесіне тиісілі.



Сурет 17 – 2010-2019 жылдар аралығында экспорттың жалпы көлемінде аса үлкен үлес салмағын алатын ауыл шаруашылығы өнімдері

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100, 260 б.; 101, 264 б.]

Экспорттың жалпы көлемінде аса үлкен үлес салмағын алатын келесі өнім бұл бидай немесе кара бидай ұны. Бидай немесе кара бидай ұнының экспорты 2016 жылға дейін қысқарып келсе, 2016 жылдан бастап бұрынғы 2012 жылғы көрсеткішке жеткен болатын. 2010-2015 жылдар аралығында бидай немесе кара бидай ұны экспортының басым бөлігі ТМД елдеріне жөнелтілсе, 2016 жылдан бастап ТМД елдерінен тыс әлемнің өзге мемлекеттеріне жеткізілуде. Алайда бидай немесе кара бидай ұнын экспортынан түсетін ақшалай табыс 2012 жылдан бастап жыл сайын кеміп келеді. 2012 ж. бидай немесе кара бидай ұны экспортынан 600632 мың АҚШ доллар түссе, 2016 ж. 505111 мың АҚШ доллар және 2019 ж. 362087 мың АҚШ доллар түскен.

Экспорттың жалпы көлемінде арпа аса үлкен үлес салмағына ие. 2019 жылғы арпаның экспорты 2012 жылмен салыстырғанда 5 есе артқан. 2012 ж. 322126,9 тонна сыртқы нарыққа өткізілсе, 2019 ж. шамамен 1625455,6 тонна өткізілді. Сәйкесінше, шетелдік нарыққа өткізу арқасында табыс 2012 ж. 71289 мың АҚШ долларды құраса, 2019 ж. 296501 мың АҚШ долларға жетті. Ақшалай көріністе өсім шамамен 4 есеге жетті. Арпаны сатып алатындар

негізінен ТМД елдерінен тыс әлемнің өзге елдері болып табылады. Мәселен, 2011 ж. ТМД елдерінен тыс мемлекеттер 87719,1 мың АҚШ долларға 393483,6 тонна арпаны импорттаса, 2019 ж. 582229,8 тонна немесе 98104,4 мың АҚШ долларға, 2019 ж. 1511694,4 тонна немесе 277878,8 мың АҚШ долларға дейін сатып алды. Бұл шамамен арпа экспортының 93% құрайды.

Экспорттың жалпы көлемінде тоң майлар мен мақта талшығының үлестері елеулі. Тоң майлар қатарына жануарлардан немесе өсімдіктерден алынатын тоң майлар мен майлар және оларды ажырату өнімдері және дайын тамақтық тоң майлары, сондай-ақ жануарлардан немесе өсімдіктерден алынатын балауыздар кіргізілген. Тоң майлар 2011 ж. 43789,3 мың АҚШ доллар немесе 30372,9 тонна көлемінде экспортталса, 2015 ж. 54751,2 тонна немесе 54058,4 мың АҚШ долларға дейін, 2019 ж. 173127,9 мың АҚШ доллар немесе 227911,2 тоннаға дейін шет елдерге сатылған. Тоң майлар 2018 жылға дейін негізінен ТМД елдеріне жөнелтіліп келсе, 2019 ж. ТМД елдерінен тыс мемлекеттерге экспортталған болатын. 2019 ж. ТМД елдеріне 89213,5 тонна жеткізілсе, ТМД елдерінен тыс мемлекеттерге 138697,7 тонна жөнелтілген екен.

Мақта талшығы экспорты жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2011 ж. 28872,6 тонна сыртқы нарықтарға жөнелтілсе, 2015 ж. 39863,3 тонна және 2019 ж. 66592,3 тонна экспортталды. 2016 жылдан бастап мақта талшығы экспортының басым бөлігі ТМД елдерінен тыс мемлекеттерге шығарыла басталды. Оған дейін негізінен ТМД елдеріне өткізіліп келді.

Экспорттың төмендеуі, 2012 жылы өзінің шыңына жеткен, импорттың төмендеуімен ішінара өтелді (\$5,5 млрд. АҚШ доллар). 2016 жылы импорт 3 млрд. АҚШ долларға дейін төмендеді. Жекелеген өнімдер бойынша сыртқы саудасының көрсеткіштері суретте келтірілген.


Бидай, арпа және ұн экспортының нақты көлемі 2016 жылы өсті, арпа экспорты 0,8 млн тоннаға жуық ең жоғары деңгейге дейін өсті. Ұн экспорты 2,4 миллион тоннаға немесе әлемдік экспорттың 20%-ына жетті. Бидай экспорты 4,4 миллион тоннаға дейін өсті, бұл 2006 жылдың орташа деңгейінен сәл төмен. Майлы дақылдардың экспорты соңғы жылдары 2010 жылдан бастап күрт өскеннен кейін баяулады.

Аграралық азық-түлік өнімдері негізгі экспорттық бабы экспорты 1 миллиард доллардан асатын астық болып табылады. Ұн экспортымен қоса бұл өнімнің үлесі жалпы экспортта 60%-ды құрайды.

Сонымен қатар, астық экспортының біртіндеп төмендеуі байқалады және 2015 жылдан бастап Қазақстан әлемдегі ең ірі он астық экспорттаушы елдер қатарынан шығып қалды. Сондай-ақ, ұн экспорты 2016 жылға дейін тұрақты кеміп келді. Басқа экспорттық өнімдер де әлемдік нарықта бағалар төмендегеннен кейін төмендеді, онда өсімдік өнімдерінің бағасы төмендеді, алайда сиыр етінің бағасы өзгеріссіз қалып, құс еті өскен болатын.

Жергілікті ауылшаруашылық өнімдерінің өсіп келе жатқан өндірісі көлем, ассортимент, сапа сияқты параметрлер бойынша жергілікті нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауда.

Импорттың өңделген өнімге тәуелділігі әлі де жоғары болып сақталуда, мәселен ірімшіктер, шұжықтар, ет консервілері, май секілді өнімдер бойынша импорт тұтынудың шамамен 40-50% құрайды. Өңделген өсімдік өнімдері бойынша дәнді дақылдарға аз тәуелді, бірақ майға айтарлықтай тәуелділік бар – шамамен 30%, жеміс – жидек пен көкөніс консервілері – 80%-дан астам, қантқа толықтай тәуелділік сақталуда.



Сурет 18 – 2010-2019 жылдар аралығында импорттың жалпы көлемінде аса үлкен үлес салмағын алатын ауыл шаруашылығы өнімдері

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100, 260 б.; 101, 264 б.]


18-суреттен көріп тұрғанымыздай, импорттың жалпы көлемінде аса үлкен үлес салмағын алатын өнімдер қатары экспорттың жалпы көлемінде аса үлкен үлес салмағын алатын өнімдермен сәйкес келеді.

Ет және ет өнімдері қатарына ет және жаңа сойылған, суытылған, мұздатылған тағамдық қосымша өнімдер жатқызылады. Бұл өнім түрінің импорт көлемі жыл сайын артып келеді. 2011 ж. 186983 тонна сатып алынса, 2015 ж. 187497 тонна және 2019 ж. 205518 тонна импортталды. Сәйкесінше, табыс көлемі 2011 ж. 249122 мың АҚШ долларды құраса, 2015 ж. 198556 мың АҚШ доллар және 2019 ж. 274168 мың АҚШ долларға жетті. Ет және ет өнімдері негізінен ТМД елдерінен тыс мемлекеттерден импортталады. Мәселен, 2011 ж. ТМД елдерінен 43444 тонна импортталса, ТМД елдерінен тыс мемлекеттерден 143539 тонна импортталды.

Дәнді дақылдардың дәнінен, ұннан, крахмалдан немесе сүттен жасалған дайын өнімдер импорты соңғы жылдары артқан. Мәселен, 2011 ж. 276739 мың АҚШ долларға сатып алынса, 2015 ж. 292439 мың АҚШ долларға және 2019 ж. 285434 мың АҚШ долларға елге жеткізілді. Бұл өнімдер санаты бойынша елеулі бөлігі ТМД елдерінен әкелінеді. Мәселен, 2011 ж. 237475 мың АҚШ долларға немесе 85,8%-ы жеткізілсе, 2015 ж. 251895 мың АҚШ долларға немесе 86,1%-ы және 2019 ж. 255472 тонна немесе 89,5% импортталды.

Тоң майлар импорттың жалпы көлемінде аса үлкен үлес салмағын алатын өнімдер қатарында. Жыл сайын бұл өнім түрі бойынша импорт мөлшері өсіп келеді. 2011 ж. 201205 тонна елге әкелінсе, 2015 ж. 209756 тонна және 2019 ж. 243155 тоннаға дейін жетті. Импорт көлемінің басым бөлігі ТМД елдеріне тиесілі. 2011 ж. ТМД елдерінен 189918 тонна әкелінсе, 2015 ж. 190325 тонна және 2019 ж. 201321 тонна импортталды.

Жемістер, жидектер, жаңғақтар және цитрус жемістері импортының нақты көлемі 2013 жылдан бастап төмендеді, бірақ төмендеу негізінен банан, цитрус және кептірілген жемістер сияқты өнімдерге, яғни Қазақстанда өндірілмейтін өнімдерге әсер етті. Халықтың төлем қабілеттілігі қалпына келгеннен кейін, бұл импорттық баптар қайтадан өседі деп болжанып отыр. Басқа импорттық тауарлардың ішінде күнбағыс майы импортының 19 мың тоннаға төмендегенін атап өтуге болады, ал пальма майы импорты ұқсас сомаға артты.



Сурет 19 – Қазақстандағы ет және ет өнімдерінің өндірісі, мың тонна


Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100, 260 б.; 101, 264 б.]

19-суреттен көріп отырғанымыздай, еліміздегі ет және ет өнімдерінің өндірісі жыл сайын артып келеді. 2019 жылғы ет және ет өнімдерінің өндірісі 2011 жылға қарағанда 33,8%-ға артқан. Осы уақыт аралығында ет және ет өнімдерінің экспорт көлемі шамамен 39 есе көбейген. Бұл елімізде өндірілген мөлшерінің 2,1%-н ғана құрайды. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда өсім байқалады. Мәселен, 2015 жылы бұл көрсеткіш 1,3%-ды құраса, 2018 жылы 1,7%-ға жеткен болатын.

Ет және ет өнімдері экспорты соңғы жылдары күрт артқан. 2011 жылы 659,1 тонна ет және ет өнімдері экспортталса, 2019 жылы 23507 тонна сыртқа шығарылды. Ет және ет өнімдері экспортының басым бөлігі ТМД елдеріне тиесілі. Мәселен, 2019 жылы ТМД елдеріне 16872 тонна ет және ет өнімдері бағытталса, ТМД тыс елдерге 6634 тонна сатылған. Бұл 2015 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өскен. 2015 жылы ТМД елдеріне 11800 тонна

экспортталса, ТМД тыс елдерге 121 тонна ғана шығарылған. Алайда, ақшалай көріністе жағдай өзгеше. 2019 жылы ет және ет өнімдері экспортынан түскен ақшалай ТМД елдерінен 29560 мың АҚШ доллар болса, ТМД тыс елдерден 29324 мың АҚШ долларды құрады.

Соңғы жылдары ет және ет өнімдерінің экспорты негізінен Ресей мен Қырғызстанға жөнелтіледі. 2019 жылы экспортталған 23,5 мың тонна ет және ет өнімдерінің 9 999,6 тоннасы Ресейге және 5 777,8 тоннасы Қырғызстанға жіберілген болатын. ТМД тыс елдердің ішінен Қытай және Иран Ислам Республикасын айтуға болады. 2019 жылы Қытай 3644 тонна және Иран Ислам Республикасына 2295,6 тонна ет және ет өнімдері экспортталды.



Сурет 20 – Қазақстандағы мақтаны жалпы жинау, мың тонна


Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100, 260 б.; 101, 264 б.]

20-суреттен көріп тұрғанымыздай, мақтаның жалпы жиналымы 2015 жылдан бері қайтадан жыл сайын артып келеді. Алайда, 2013 жылғы көрсеткішке жетпеген. Соңғы он жылда мақтаның жалпы жиналымы айтарлықтай өзгермегенімен, экспорт көлемінде өсім орын алған. Елімізден мақтаның экспорты 2011 жылға қарағанда 2019 жылы шамамен 2,3 есе артқан. Бірақ 2013 жылмен салыстырғанда 18,5%-ға аз экспортталды. Мақтаның жалпы жиналымындағы экспорттың үлесі 2019 жылы 19,3%-ды құрады. Бұл өткен кейбір жылдармен салыстырғанда төмен. Мәселен, бұл көрсеткіш 2011 жылы 8,6%-ды құраса, 2013 жылы 20,6%-ды және 2016 жылы 19,6%-ды құраған.

Мақта талшығының экспорты басым бөлігі соңғы жылдары ТМД тыс елдерге бағытталуда. 2011 жылы ТМД тыс елдерге мақта талшығының экспорты 13457 тонна болса, 2019 жылы 44350 тоннаға дейін жетті. ТМД елдеріне сол жылдары 15414 тонна және 22242 тоннаны құраған, сәйкесінше. Сондай-ақ, ақшалай көріністе айтарлықтай ауытқушылық жоқ. Бұл бағаның бірыңғай болғандығын көрсетеді.

Отандық мақта талшығының негізгі импорттаушылары Латвия Республикасы, Молдова Республикасы және Қытай Халық Республикасы болып табылады. Мәселен, 2019 жылы Латвия экспортталған мақта талшығының

35,1%-н немесе 23,4 мың тонна сатып алса, Молдова Республикасы 21,2%-ын немесе 14,1 мың тонна және Қытай 20,2%-ын немесе 13,5 мың тонна импорттаған. Отандық мақта талшығының негізгі сатып алушылар елдер қатарында Түркия, Беларусь және Чех Республикалары да бар.




Сурет 21 – Қазақстандағы арпаны жалпы жинау, мың тонна

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100, 260 б.; 101, 264 б.]

21-суреттен көріп тұрғанымыздай, арпаның жалпы жиыны соңғы жылдары айтарлықтай өскен. 2019 жылғы бұл көрсеткіш 2011 жылға қарағанда 47,7%-ға артқан. Арпа жиналымының өсуімен қатар экспорт көлемінің өсімі орын алған. 2019 жылғы экспорт 2011 жылмен салыстырғанда шамамен 3 есе өскен. Сәйкесінше, аталмыш уақыт аралығында арпаның жалпы өндірісіндегі экспорттың үлесі де артқан болатын. 2011 жылы арпаның жалпы өндірісіндегі экспорттың үлесі 20,1% болса, 2015 жылы 23,6%-ға дейін және 2019 жылы 42,4%-ға дейін өсті.

Арпа экспортының басым бөлігі ТМД тыс елдерге жөнелтіледі және де соңғы жылдары күрт өскен. Мәселен, 2011 жылы ТМД тыс елдерге 393483 тонна жіберілсе, 2019 жылы бұл көрсеткіш 1511694 тоннаға дейін жетті. Арпа экспортының шамамен 92,3%-ы ТМД тыс елдердің үлесінде. 2011 жылы бұл көрсеткіш шамамен 75%-ды құраған болатын.

Арпаның басым бөлігін Иран Ислам Республикасы сатып алады. 2019 жылғы мәліметтерге сәйкес, экспортталған 1625,5 мың тоннаның 88,3%-ы осы елге тиесілі. Сонымен бірге, отандық арпаның негізгі сатып алушылары Өзбекстан, Ресей мен Біріккен Араб Әмірліктері болып табылады.




Сурет 22 – Қазақстандағы жүн өндіру, тонна

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100, 260 б.; 101, 264 б.]

22-суреттен көріп тұрғанымыздай, 2013 жылдан бері жүн өндірісі тұрақты өсіп келеді. Сонымен бірге, экспорт салыстырмалы түрде 2017-2018 жылдары өскенімен, 2019 жылы бірден күрт түсіп кетті. Жүн экспорты негізінен ТМД тыс елдерге бағдарланған. 2011 жылы жалпы экспорттың 84,5%-ы немесе 8828 тоннасы ТМД тыс елдерге жөнелтілген. 2018 жылы 94,1%-ы немесе 11776 тоннасы ТМД өзге елдерге өткізілген. Алайда 2019 жылы жағдай өзгерді. ТМД елдеріне 1249 тонна жөнелтілсе, ТМД тыс елдерге 1174 тонна жіберілді. Бұл әлемдік нарықта жүн бағасының төмендеуімен байланысты болды. 2011 жылы жүн экспортынан 11857 мың АҚШ доллар көлемінде табыс түссе, соның 9837 мың АҚШ доллар көлемінде ТМД тыс елдерге сатқаннан түскен кіріс болып табылады. 2018 жылы жалпы кіріс 6086 мың АҚШ долларды құраса, соның 5821 мың АҚШ доллары ТМД тыс елдерге экспортының үлесіне тиісілі.

Елден экспортталатын жүннің негізгі бөлігін Қытай сатып алады. 2015 жылдан бастап Қытай Халық Республикасы отандық жүн өндірісінің негізгі тұтынушысы болып келді. Алайда 2019 жылы сатып алу көлемін айтарлықтай азайтқан. Сатып алу мөлшері 998,5 тоннаға дейін азайды. Оның алдыңғы жылдармен салыстырғанда бұл елеулі кемігіндігін көрсетеді. Мәселен, 2015 жылы аталмыш мемлекет отандық жүннің 4,6 мың тоннасын сатып алса, 2017 жылы 10,6 мың тоннаны және 2018 жылы 11,3 мың тонна сатып алған болатын.

Отандық жүннің сатып алушылары ретінде Ресей, Қырғызстан және Италияны айтуға болады.



Сурет 23 – Қазақстандағы ақталмаған күрішті жалпы жинау, мың тонна


Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100, 260 б.; 101,264 б.]

23-суреттен көріп тұрғанымыздай, күрішті жинау көлемі жыл сайын артуымен қатар оның экспорты да өсіп келеді. Күріштің жалпы жиналымы 2019 жылы 2011 жылға қарағанда 61,8%-ға өссе, осы уақыт аралығында экспорт көлемі 46,5%-ға артқан. Сәйкесінше, күріштің жалпы жиналымындағы экспорттың үлесі 2011 жылы 17,9%-дан 2018 жылы 20,1%-ға дейін артқан. Алайда 2019 жылы күріштің жалпы жиналымындағы экспорттың үлесі 16,2%-ға дейін қайта түскен.

Күріш экспорты негізінен ТМД елдеріне жөнелтілген. Мәселен, 2011 жылғы күріш экспортының 92,8%-ы ТМД елдеріне, соның ішінде Түркменстан, Ресей және Қырғызстан елдеріне экспортталған. 2019 жылы күріштің басым бөлігі ТМД елдері ішінен Тәжікстан, Ресей мен Өзбекстан елдеріне экспортталды. ТМД елдерінен тыс мемлекеттер қатарында Монғолия және Ауғанстан да бар.

23 Суреттен көріп тұрғанымыздай, бидайды жинау көлемі 2011 жылмен салыстырғанда 2019 жылы шамамен 2 есе кеміген. Алайда экспорт керісінше, осы жылдар аралығында шамамен 1,8 есе артқан (сурет 24).

Бидайдың басым бөлігі ТМД елдеріне экспортталды. Соның ішінде Өзбекстан Республикасы негізгі импорттаушы ел болып табылады. Жалпы бидай экспортындағы бұл елдің үлесі 2019 жылы 41,3%-ы немесе 2177 мың тоннаны құраған, ал 2015 жылдың бұл елдің үлесінде 36,4% немесе 1322 мың тонна болған болатын. Экспорт көлемі бойынша екінші орында Тәжікстан республикасы орналасқан. 2019 жылы бұл елге жалпы экспорттың 19,4%-ы немесе 1019 мың тонна тиесілі болды.



Сурет 24 – Қазақстандағы бидайды жалпы жинау, мың тонна

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100, 260 б.; 101, 264 б.]

Отандық бидайдың ірі импорттаушы елдер қатарында Қытай, Ауғанстан, Түркменстан, Әзірбайжан және Түркия елдері бар. ТМД тыс елдер аясында тұрақты импорттаушылар Швеция, Польша және Италия болып табылады.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін экспорттық және импорттық операциялар арқылы қарастыра отырып мынадай қорытындылар жасауға болады:

– *импорттық өңделген ауыл шаруашылық өнімдеріне тәуелділіктің жоғары деңгейі сақталып отыр.* Мәселен ірімшіктер, шұжықтар, ет консервілері, май секілді өнімдер бойынша импорт тұтынудың шамамен 40-50% құрайды. Өңделген өсімдік өнімдері бойынша дәнді дақылдарға аз тәуелді, бірақ майға айтарлықтай тәуелділік бар - шамамен 30%, жеміс – жидек пен көкөніс консервілері – 80%-дан астам, қантқа толықтай тәуелділік сақталып отыр. Ет және ет өнімдері қатарына ет және жаңа сойылған, суытылған, мұздатылған тағамдық қосымша өнімдер жатқызылады. Бұл өнім түрінің импорт көлемі жыл сайын артып келеді. 2011 ж. 186983 тонна сатып алынса, ал 2019 ж. 205518 тонна импортталды. Дәнді дақылдардың дәнінен, ұннан, крахмалдан немесе сүттен жасалған дайын өнімдер импорты соңғы жылдары артқан. Мәселен, 2011 ж. 276739 мың АҚШ долларға сатып алынса, ал 2019 ж. 285434 мың АҚШ долларға елге жеткізілді. Бұл өнімдер санаты бойынша елеулі бөлігі ТМД елдерінен әкелінеді;

– *соңғы он жыл ішінде өңделмеген ауыл шаруашылық өнімдерінің экспортының басымдығы әліде өзгермеген.* Олардың қатарына мақта талшықтары, арпа, жүн, күріш, бидай жатқызылады. Елімізден мақтаның экспорты 2011 жылға қарағанда 2019 жылы шамамен 2,3 есе артқан. Отандық мақта талшығының негізгі импорттаушылары Латвия Республикасы, Молдова Республикасы және Қытай Халық Республикасы болып табылады. Арпаның басым бөлігін Иран Ислам Республикасы сатып алады. 2019 жылғы мәліметтерге сәйкес, экспортталған 1625,5 мың тоннаның 88,3%-ы осы елге

тиесілі. Сонымен бірге, отандық арпаның негізгі сатып алушылары Өзбекстан, Ресей мен Біріккен Араб Әмірліктері болып табылады. Елден экспортталатын жүннің негізгі бөлігін Қытай сатып алады. 2015 жылдан бастап Қытай Халық Республикасы отандық жүн өндірісінің негізгі тұтынушысы болып келді. Күріш экспорты негізінен ТМД елдеріне жөнелтілген. 2019 жылы күріштің басым бөлігі ТМД елдері ішінен Тәжікстан, Ресей мен Өзбекстан елдеріне экспортталды. Бидайдың басым бөлігі ТМД елдеріне экспортталды. Соның ішінде Өзбекстан Республикасы негізгі импорттаушы ел болып табылады. Жалпы бидай экспортындағы бұл елдің үлесі 2019 жылы 41,3%-ы немесе 2177 мың тоннаны құраған. Экспорт көлемі бойынша екінші орында Тәжікстан республикасы орналасқан. 2019 жылы бұл елге жалпы экспорттың 19,4%-ы немесе 1019 мың тонна тиесілі болды.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің даму бағыттарын анықтау үшін, оның күшті және әлсіз жақтарын ескере отырып SWOT-талдау жүргізуге болады (кесте 10).

Кесте 10 – Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> - ауыл шаруашылығы өндірісіні дамытуға қатысты мемлекеттік бағдарламаның іске асуы; - көршілес мемлекеттердегі азық-түлік өнімдеріне деген сұраныстың көбеюі; - ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаруға маманданған өңірлердің көптігі; - бидай, арпа және ұн бойынша ірі экспорттаушы мемлекеттің қатарында болуы 	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыс күшінің азаюы; - орташа жалақының республика деңгейіндегі орташа жалақыдан әлдеқайда төмендігі; - жұртшылық шаруашылығы өнімдерінің басымдығы; - логистикалық инфрақұрылымның дамымағандығы; - импорттық азық-түлік тауарларының басымдығы; - электрондық сауданың мүмкіндігі туралы ауыл халқының төмен хабардар болуы; - экспортқа өңделмеген ауылдық өнімдердің шығуы
Мүмкіндіктері	Қауіптері
<ul style="list-style-type: none"> - ауыл шаруашылығы өнімдерін сату географиясының кеңейту; - электрондық сауда алаңын ашу; - оңтайлы қаржылық қамту тетіктерін қолдану; - цифрлық технологияларды қолдану 	<ul style="list-style-type: none"> - нарықта арзан импорттық тауарлардың пайда болуы; - табиғи-климаттық жағдайдың өзгерісі; - экологиялық апаттардың болуы; - ауыл шаруашылығындағы жұқпалы аурулардың таралуы; - мемлекеттік бағдарламалардың орындалмауы
Ескерту – Автормен әзірленген	

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін SWOT-талдау ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаруға маманданған өңірлердің көптігін және көршілес мемлекеттердегі азық-түлік өнімдеріне деген сұраныстың көбеюін көрсетті. Дегенмен, отандық ауыл

шаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін әрі қарай дамыту үшін мынадай бағыттарды анықтауға болады: жоғары білімді жұмыс күшін көбейту; орташа жалақыны республика деңгейіндегі орташа жалақымен теңестіру; жұртшылық шаруашылығы өнімдерінің басымдығын шектеу; логистикалық инфрақұрылымды дамыту; импорттық азық-түлік тауарларының басымдығын төмендету; электрондық сауданың мүмкіндігі туралы ауыл халқына кеңестер жүргізу; экспортқа өңделмеген ауылдық өнімдердің шығуын шектеу тетіктерін әзірлеу.

Ауыл шаруашылығы саласын еңбек ресурстарымен қамту ерекшелігін, ауыл шаруашылық өндірісінің қазіргі жағдайын және ауыл шаруашылық өнімдерінің экспорттық-импорттық операцияларын ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін:

- қаржылық қамтамасыз етудің тиімді бағыттарын ұсынған жөн;
- цифрлық технологияларды пайдалану тетіктерін әзірлеу керек.

3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

3.1 Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін қаржылық қамту бағыттары

Ауыл шаруашылығы табиғи факторларға тәуелді және өндірістің белгілі маусымдық сипаты бар болғандықтан, басқа салалармен салыстырғанда өзгертін экономикалық және технологиялық жағдайларға баяу бейімделеді.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығына заманауи технологияларды енгізуді білікті жұмыс күшін пайдаланбай жүзеге асыру мүмкін емес. Тиімділік индикаторы ретінде ауыл шаруашылығында бір қызметкерге қалыптастырылатын қосылған құнның көлемі бола алады. Дүниежүзілік Банктің деректерін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында қосылған құнды қалыптастырудағы рөлін айқындауға болады (кесте 11).

Кесте 11 – Бір жұмыскерге шаққандағы ауыл шаруашылығындағы қосылған құн

АҚШ доллары						
Мемлекет аты	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Орын
Аргентина	682650	1283567	2840375	1425283	2855190	1
Исландия	115789	122783	125699	122571	130759	2
Норвегия	133665	120960	127509	121302	129468	3
Канада	96659	103455	107741	110393	112867	4
Сингапур	37705	49571	51065	52435	102938	5
....						
Ресей	13277	13506	15714	16053	16971	54
...						
Беларусь	11905	12325	11699	10607	11339	67
...						
Қазақстан	5212	5762	6241	6775	7159	90
Орташа мәні	3266	3364	3506	3623	3720	
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [102]						

Дүниежүзілік Банктің деректерін талдау механикаландырудың жоғары деңгейі және өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығын жүргізудің заманауи технологиялары бар дамыған елдер дәстүрлі түрде осы көрсеткіш бойынша көшбасшы болып табылатынын көрсетеді. Бір жұмыскерге шаққандағы ауыл шаруашылығындағы қосылған құны жоғары мемлекеттердің бестігіне Аргентина, Исландия, Норвегия, Канада және Сингапур елдері кіреді.

Дамыған елдердегі ауыл шаруашылығын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері осы саладағы біліктілігі жоқ жұмыс күшінің жұмыспен қамтылуының төмендегенін айғақтайды. Технологиялық жабдықтау деңгейінің үнемі артуы өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығында қол еңбегінің толығымен ығыстырылуына әкеледі.

Қазақстан Республикасы бір жұмыскерге шаққандағы ауыл шаруашылығындағы қосылған құны көрсеткіші бойынша 90 орынды иеленіп отыр. Атаулы көрсеткіш Ресей (54 орын) және Беларусь (67 орын) мемлекеттеріне қарағанда төмен. Дегенмен соңғы бес жыл ішінде Қазақстандағы бір жұмыскерге шаққандағы ауыл шаруашылығындағы қосылған құны 5212 АҚШ долларынан 7159 АҚШ долларына дейін өскен және дүниежүзілік орташа мәннен (3720 АҚШ доллары) жоғары.

Дүниежүзілік Банктің деректері бойынша, ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған шараларды жүзеге асырып жатқанына қарамастан, бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін қажетті құрылымдық өзгерістерді іске асыру әлі де мүмкін болмай отыр. Халық іс жүзінде ауылшаруашылық өндірісін қолдаудың мемлекеттік шаралары үшін ресурстарды пайдаланудың төмен тиімділігі үшін екі есе төлеуге мәжбүр, алдымен салық төлеуші ретінде, содан кейін жоғары бағаны төлейтін тұтынушы ретінде.

Өндірістік циклі ұзақ мерзімді болып саналатын аграрлық саладағы маңызды рөл негізгі капиталға инвестициялар тарту мүмкіндігі болып табылады.


Ауыл шаруашылығының негізгі капиталдарына салынған инвестициялар 2020 жылы (252929 млн. теңге) 2016 жылмен (565369,2 млн. теңге) салыстырғанда 2,2 есе өскен (кесте 12).

Кесте 12 – Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласының негізгі капиталдарына салынған инвестициялар

	млн. теңге				
Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Барлық инвестициялар	7718792	8749323	11130170	12576793	12270144
Оның ішінде ауыл шаруашылығы	252929	352508	395619	424362	565369,2
Үлес салмағы	3,3%	4,0%	3,6%	3,4%	4,6%
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [103-107]					

Бүгінде аграрлық сектор саласы жоғары тәуекел тудыратын және инвесторлардың қаражатын салуды шектейтін ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігіне байланысты инвесторлар үшін тартымды болып табылмайды. Сонымен қатар, көптеген ауылшаруашылық жобалары ұзақ мерзімді, олардың өтелу мерзімі ұзақ – 7-10 жыл, бұл агроөнеркәсіптік кешендегі жеке бизнестің белсенділігіне ықпал етпейді.

Ауыл шаруашылығына, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісіне инвестициялар жоғары құбылмалылықпен сипатталады. 2015 жылы инвестициялардың төмендеуі байқалады. Инвестициялардың максималды өсуі барлық жылдарда бар. Инвестициялардың басым бөлігі өсімдік шаруашылығында шоғырланған. Ғылыми негізделген әдістер мен технологияларға салынған инвестициялар өсімдік шаруашылығында тұрақты және өспелі егінді жинауға болады деп қорытынды жасауға болады.



Сурет 25 – Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар, млн. теңге

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [103-112]

25-суреттен көріп тұрғанымыздай, ауыл шаруашылығына бағытталған инвестициялар жыл сайын өсіп келеді. Мәселен, 2020 жылғы құйылған инвестициялар көлемі 2011 жылға қарағанда шамамен 5 есе артқан, ал 2019 жылмен салыстырғанда 33,2%-ға өскен.

Ауыл шаруашылығына шетелдік инвестициялар іс жүзінде жоқ деп айтуға болады, себебі шетелдік инвестициялар жалпы экономикаға салынған барлық инвестициялардың үштен бірін құрайды, бірақ аграрлық сектордағы шетелдік инвестициялардың үлесі 1%-дан асып жығылады. Негізгі кедергілерге бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі, инвестициялық ахуалдың нашарлығы, ауыл шаруашылығы алқаптары нарығының болмауы және шетелдік инвесторлар үшін жалға алудың қысқа мерзімі жатқызуға болады. Бұл әлеуетті инвестицияларды бағалауға мүмкіндік бермей отыр.

Осыған байланысты, ауыл шаруашылығын қолдау мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, бұл орайда халықаралық нарықта экспорттық ортаны иелену үшін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдану керек.

Көрсетілетін мемлекеттік қаржылық қолдаудың тиімділігі саланың серпінді дамуына ықпал етеді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің деректері бойынша, 2016 жылы осы мақсаттарға мемлекеттік бюджеттен 414,5 млрд. теңге немесе мемлекеттік бюджеттің жалпы шығындарының 4,4%-ы, 2020 жылы – 668,3 млрд. теңге бағытталды, бұл жалпы шығындардың 4,0%-ын құрады, яғни оның өсу серпініне қарамастан осы саланы қаржыландыруда үлес салмағының төмендеуі орын алды (кесте 13).

Кесте 13 – 2016-2020 жылдардағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің ауыл, су, орман және балық шаруашылығына шығыстары

млн. теңге

Жылдар	2016	2017	2018	2019	2020
Барлығы шығыстар	9433745	12485378	11346054	13535581	16725096
Оның ішінде: ауыл, су, орман және балық шаруашылығына	414528	474307	501835	583410	668269
Үлес салмағы	4,4%	3,8%	4,4%	4,3%	4,0%
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [113-117]					

Айта кету керек, әлемде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ауыл шаруашылығы саласын қаржыландырудың үлес салмағының азаюы байқалады. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жүйесінің өзі ауыл шаруашылығы өнімдерінің 30%-дан азын өндіретін ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қолдауға бағытталған, бұл АӨК-нің ірі субъектілері тарапынан масылдыққа алып келеді. Бұл ретте, ауыл шаруашылығы өнімінің негізгі бөлігін өндіретін ұсақ ауыл шаруашылығы құрылымдары мен халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары олардың субсидиялау қағидаларының талаптарына сай келмегендігінен іс жүзінде мемлекеттік қолдауды пайдаланбайды.

2016 жылдың соңында агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың жаңа жылдан бастап жұмыс істейтін 2017-2021 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы әзірленді [2]. Мемлекеттік қаржының қауырт жай - күйін ескере отырып, жаңа бағдарламаның құны 2020 жылға қарай 1,1 трлн. теңгеге азайып, 1,7 трлн. теңгеге дейін төмендеді (2017-2021 жылдарға арналған шығыстардың жалпы көлемі 2,4 трлн. теңге). Бұған дейінгі «Агробизнес-2020» бағдарламасымен салыстырғанда 0,4 трлн. теңгеге аз. «Агробизнес-2020» бағдарламасына сәйкес 2017-2020 жылдары аралығында мемлекеттік қолдауға 2,8 трлн. теңге жұмсауға жоспарланған болатын [118].

Су шаруашылығына бөлінетін қаржы мөлшерін есептемеген жағдайда жаңа бағдарламадағы барлық шығыстарының 72% - ы субсидиялар үшін пайдаланылатын болады, бұл алдыңғы бағдарламамен салыстырғанда 16 % көп. Алдыңғы бағдарламадағы бұл мақсатқа қаражат көлемінің 56% бағытталған болатын. Осыдан, мемлекет ауыл шаруашылығын тікелей қолдаудың қағидаттарын ұстанып отырғанын байқауға болады. Бұл ретте мемлекеттік қолдаудың тиімділігі күмәнді болып қалуда, мәселен 2008-2009 жылғы дейінгі дағдарысқа дейін ауыл шаруашылығы жылына орта есеппен 5%-ға, ал 2009 жылдан бастап салыстырмалы қолдау кезінде жылына орта есеппен 4%-ға өсті.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау деңгейі, атап айтқанда, интервенциялар есебінен ішкі және сыртқы бағаларға әсер ету арқылы жергілікті нарыққа араласуға және импорттық бағдарды реттеуге негізделген. Ауылшаруашылық өндірушілерін тікелей қолдау көбінесе тұқым, химиялық заттар сатып алу, өтемақы мөлшерлемесі, ветеринариядағы

мемлекеттік қызметтер көрсету, фитосанитарии, ғылым мен білімді қолдау және т.б. сияқты субсидиялар арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қолдау көрсетуде «Бәйтерек» холдингі маңызды рөл атқарады, оның құрамына бұрынғы «Қазагро» еншілес ұйымдары (Аграрлық несие корпорациясы, Қазагроқаржы және ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры) өтті. «Аграрлық несие корпорациясы» ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, сақтауды және қайта өңдеуді, сондай-ақ көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын ұйымдастыру үшін қарыз береді. «ҚазАгроҚаржы» фермерлерге ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке береді: субсидиялауды есепке алғанда сыйақы мөлшерлемесі 7%-ға дейін, лизинг мерзімі – 10 жылға дейін. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микронесие беру бойынша негізгі оператор болып табылады және шағын несиелерді ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, ауылдық жерлердегі шағын бизнеске 6,5 жылға дейінгі мерзімге 6%-дан аспайтын мөлшерлемемен береді. Бұл көптеген ауыл тұрғындарына өз бизнесін нөлден бастауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қор өз қаражаты есебінен ауыл шаруашылығындағы шағын бизнес жобаларын 10 жылға дейінгі мерзімге қаржыландырады [119].

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі халықтың үй шаруашылықтары есебінен жартылай қалыптасады, бұны шартты түрде ғана ауыл шаруашылығы өндірісіне жатқызуға болады.

Халық шаруашылықтарының өзара іс-қимылы туралы бастама жоғарыдан тұжырымдалған. Табысты ынтымақтастық арқылы ауылшаруашылық өнімдерін жинау мен өңдеуді арттыруға болатынына қарамастан, шикізат пен дайын өнімнің сапалық сипаттамалары қысқа мерзімде өзгеруі екіталай. Әлсіз нәтижелермен бұл шара ауыл шаруашылығын тұрақты қаржыландыруды қажет ететін бюджеттік салаға айналу да мүмкін.

Өсімдік шаруашылығына мемлекеттік субсидиялар көлемі 2014 жылы «Агробизнес-2020» бағдарламасын іске асырудың ортасына жақындаған кезде ұлғайды [120]. Мемлекеттік субсидиялар көлемі сол кезде өткен жылмен салыстырғанда 40 млрд теңгеден 70 млрд теңгеге дейін өсті. Алайда, бір мезгілде дәнді және майлы дақылдарды өндірушілер үшін бағалық қолдау айтарлықтай төмендеді (бұл ішкі бағаларды әлемдік бағадан жоғары немесе төмен бекіту үшін жағдай жасады). Субсидиялар құрылымында ең үлкен пункт отын мен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу шығындары орын алды. Бұл бағытқа барлық субсидиялардың 60% - ы тиесілі. Барлық субсидиялардың үштен бір бөлігі тыңайтқыштар мен пестицидтердің құнына бөлінеді. Қалған бөлігі шамамен 10% тұқым мен басқа шығындарға бағытталған болатын.

2011-2015 жылдар аралығында, 2011 жылды қоспағанда, егін жинауда орта есеппен жоғары өнімділікке қол жеткізілген, алайда өсімдік шаруашылығының нақты өндірісі жылына 1%-ға қысқарып отырды. Өсімдік шаруашылығының номиналды өндірісіне қатысты субсидиялар 2%-дан 5%-ға дейін өзгерді және өндіріс көлеміне айтарлықтай әсер етпеді. Айта кету керек,

агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы өсімдік шаруашылығы үшін гектарға субсидия тиімсіз болғанын және ауыл шаруашылығы өндірушілерінің еңбек өнімділігін арттыруға қызығушылығын тудырмағанын көрсетті.

Қазақстандағы егіннің негізгі үлесі бидайға тиесілі екені белгілі. Сәйкесінше, бір гектарға бөлінетін субсидия алушылар негізінен мемлекеттік субсидиялар арқылы шығындарын оңтайландырған ірі ауылшаруашылық кәсіпорындары болды. Мемлекеттік субсидиялардың болуына байланысты ауыспалы егістің қажеттілігі факторы көп жағдайда ескерілмей қалып отырды, яғни субсидиялар ауыл шаруашылық өндірушілерін топырақтың өнімділігі мен құнарлылығына зиян келтіре отырып бір дақыл түрін егуге итермелеуі мүмкін.

Өсімдік шаруашылығына қарағанда, мемлекеттік субсидиялар мал шаруашылығының барлық салаларын қамтиды. Алдымен мал шаруашылығы, әсіресе ірі-қара мал дамиды. Бюджеттердің ынтымақтастығы шеңберінде сүт пен ет сатып алу көлемін ұлғайту, микрокредиттер көлемін ұлғайту және кредиттік жүйелерді қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалуы мүмкін. Мал шаруашылығындағы мемлекеттік қолдау шаралары саланың нәтижелерімен неғұрлым сызықтық және тығыз байланысты көрсетеді. Субсидиялар үлесі 2015 жылы ауыл шаруашылығы жануарларының жалпы өндірісінің 2,5%-ынан 5%-ға дейін тұрақты түрде ұлғайды. Сонымен бірге, 2011 және 2012 жылдары мал шаруашылығы айтарлықтай төмендегенін, мал, қой және шошқа шаруашылығындағы көрсеткіштердің төмендегенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, 2013-2015 жылдары мал шаруашылығы жылына орта есеппен 3% өскен кезде оң үрдіс байқалды.

Мал шаруашылығын субсидиялау бағытында негізінен етті және сүтті мал шаруашылығын қаржыландыруға бағытталған. Соның ішінде етті мал шаруашылығын қаржыландыру басым. Мәселен, 2011 ж. осы етті мал шаруашылығының үлесіне жалпы субсидиялаудың 24,1% болса, 2015 ж. 46,1%-ға және 2017 ж. 44,1%-ға дейін жетті. Сүтті мал шаруашылығын субсидиялаудың мөлшері айтарлықтай өзгермеген. 2011 ж. осы бағытты субсидиялаудың үлесі 17% болса, 2015 ж. 15,4%-ға және 2017 ж. 18,4%-ға дейін жетті (кесте 14).

Кесте 14 – Мал шаруашылығын субсидиялау

Көрсеткіштер	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8
Млн. теңге							
Жалпы ауыл шаруашылығы	23139	31454	38439	49303	69061	84064	67783
Соның ішінде:							
Етті және сүтті мал шаруашылығы	9518	6081	19180	28806	42391	54275	42361
Етті және жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығы	10756	11468	13503	13933	18251	19063	15156
Шошқа шаруашылығы	1031	1485	2297	2544	3134	3516	2974
Қой шаруашылығы	1109	1474	2266	2883	3994	5985	5450

14-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Жылқы шаруашылығы	650	847	1043	862	981	1315	1225
Түйе шаруашылығы	74	99	153	204	238	239	235
Марал шаруашылығы				47	44	1,4	105
Балара шаруашылығы				26	29	12	154
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [2]							

Мемлекеттік қаржыландыру тұрғыдан айтарлықтай қаржылық көмек алып жатқан бағыт етті және жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығы болып саналады. Соның ішінде етті құс шаруашылығы болып табылады. Алайда етті және жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығы мемлекеттік субсидияны соңғы жылдары аз алып жатыр. Мәселен, қаржыландыру көлемі бойынша 2011 ж. етті құс шаруашылығында 23,2% немесе 5362 млн. теңге болса, 2015 ж. 8479 млн. теңге немесе 12,3% және 2017 ж. 8034 млн. теңге немесе 18,4%-ға жетті. Жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығының үлесі 2011 ж. 23,3% немесе 5394 млн. теңге болса, 2015 ж. 14,1%-ға немесе 9772 млн. теңгеге дейін артқан, және 2017 ж. 7122 млн. теңге немесе 10,5 млн. теңгеге кеміген.

Мемлекеттік субсидияны бөлу мөлшері бойынша қой шаруашылығы орналасқан. Бұл бағытты қолдау үшін мемлекет тарапынан жыл сайын қаржы көлемі ұлғайып келеді. Жалпы мемлекеттік субсидия алуда осы шаруашылық бағытының үлесі 2011 ж. 4,8% болса, 2013 ж. 5,9%-ға дейін, 2015 ж. 5,8%-ды және 2017 ж. 8,0%-ға дейін жетті.

Субсидиялау мөлшері тұрғысынан шошқа шаруашылығы орналасқан. Бұл бағытты қаржыландыру 2011-2016 жылдар аралығында тұрақты артып келді. 2011 ж. 1031 млн. теңге немесе 4,5% болса, 2013 ж. 6,0%-ға дейін, 2015 ж. 4,5%-ға және 2017 ж. 4,4%-ға дейін кеміген.

Жылқы шаруашылығын мемлекеттік қолдау жыл сайын артып келеді. 2011 жылмен салыстырғанда субсидиялау көлемі 2017 жылы шамамен 2 есе артты. Алайда, жалпы субсидиялау мөлшерінде осы шаруашылық бағытының үлесі азайып кетті. 2011 ж. бұл шаруашылық түрі 2,8% көлемінде болса, 2013 ж. 2,7%-ға дейін және 2017 ж. 1,8%-ға дейін азайды.

Мал шаруашылықтың қалған түрлерін қаржыландыру көлемі жыл сайын артып келеді. Қарастырылып отырған кезеңде субсидиялау мөлшері шамамен 2-3 есе көбейген.

Өсімдік шаруашылығына мемлекеттік субсидиялар көлемі 2014 жылы «Агробизнес-2020» бағдарламасын іске асырудың ортасына жақындаған кезде ұлғайды. Мемлекеттік субсидиялар көлемі сол кезде өткен жылмен салыстырғанда 40 млрд. теңгеден 70 млрд. теңгеге дейін өсті. Алайда, бір мезгілде дәнді және майлы дақылдарды өндірушілер үшін бағалық қолдау айтарлықтай төмендеді (бұл ішкі бағаларды әлемдік бағадан жоғары немесе төмен бекіту үшін жағдай жасады). Субсидиялар құрылымында ең үлкен пункт отын мен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу шығындары орын алды. Бұл бағытқа барлық субсидиялардың 60%-ы тиесілі. Барлық субсидиялардың үштен бір бөлігі тыңайтқыштар мен пестицидтердің құнына бөлінеді.

Қалған бөлігі шамамен 10% тұқым мен басқа шығындарға бағытталған болатын.

2011-2015 жылдар аралығында, 2011 жылды қоспағанда, егін жинауда орта есеппен жоғары өнімділікке қол жеткізілген, алайда өсімдік шаруашылығының нақты өндірісі жылына 1%-ға қысқарып отырды. Өсімдік шаруашылығының номиналды өндірісіне қатысты субсидиялар 2%-дан 5%-ға дейін өзгерді және өндіріс көлеміне айтарлықтай әсер етпеді. Айта кету керек, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы өсімдік шаруашылығы үшін гектарға субсидия тиімсіз болғанын және ауыл шаруашылығы өндірушілерінің еңбек өнімділігін арттыруға қызығушылығын тудырмағанын көрсетті.

Қазақстандағы егіннің негізгі үлесі бидайға тиесілі екені белгілі. Сәйкесінше, бір гектарға бөлінетін субсидия алушылар негізінен мемлекеттік субсидиялар арқылы шығындарын оңтайландырған ірі ауылшаруашылық кәсіпорындары болды. Мемлекеттік субсидиялардың болуына байланысты ауыспалы егістің қажеттілігі факторы көп жағдайда ескерілмей қалып отырды, яғни субсидиялар ауыл шаруашылық өндірушілерін топырақтың өнімділігі мен құнарлылығына зиян келтіре отырып бір дақыл түрін егуге итермелеуі мүмкін.

Кесте 15 – Өсімдік шаруашылығын мемлекеттік субсидиялау

Көрсеткіштер	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Млн. теңге							
Жанар-жағармай мен басқа да тауар-материалдық құндылықтары	18572,7	19152,3	20993,1	40616,8	38364,7	24606,8	17687,6
Тыңайтқыштар, гербицидтер, биоагенттер және биопрепараттар	6195,5	7085,3	16077,1	19030,5	21158	34777,1	43782,4
Жеміс-жидек дақылдары мен шитті мақта	1767	1864,7	2707,8	3014,1	3145,4	2706,7	410,5
Тұқым шаруашылығы мен басқалары	2965,7	3363,6	3693	3932,8	1923,2	3645,9	8503,3
Барлығы	29500,9	31465,9	43471	66594,2	64591,3	65736,5	70383,8
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [2]							

15-кестеден көріп тұрғанымыздай, өсімдік шаруашылығына арналған мемлекеттік субсидиялардың басым бөлігі көктемгі егін салу және күзгі егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтарының құнын субсидиялауға бағытталған болатын. Аталмыш мемлекеттік субсидия гектарлық субсидия түрінде беріледі. Жанар-жағармай мен басқа да тауар-материалдық құндылықтарының құнын субсидиялауға 2011-2015 аралығында жалпы мемлекеттік субсидиялаудың шамамен 60%-дай бағытталған. Алайда жанар-жағармай мен басқа да тауар-материалдық құндылықтарының құнын субсидиялау азайған және 2017 жылғы үлесі 25,1%-ға дейін төмендеген.

Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) және өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар құнын субсидиялау мөлшері соңғы жылдары артып келеді. Осы бағыттағы субсидиялаудың ішінде өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар құнын субсидиялаудың үлесі басым. Бұл мақсатта соңғы жылдары жалпы өсімдік шаруашылығын субсидиялаудың 37,3%-ға дейін бөлінген болатын. 2011 ж. осы бағытта қаржыландыру мөлшері жалпы субсидиялаудың 7%-ын құраған болатын. Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау көлемі 2011-2017 жылдар аралығында 13,9%-дан 24,9%-ға дейін көбейген.

Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге (оның ішінде қалпына келтіруге) арналған шығындар құнын субсидиялау мөлшері жыл сайын кемуде. Жалпы субсидиялау мөлшерінің 2017 ж. 0,5%-ын құраған, 2011 ж. бұл көрсеткіш 5,2% шамасында болды. Шитті мақта мен мақта талшығының сапасын сараптамадан өткізуге арналған шығындар құнын субсидиялау көлемі де соңғы жылдары азайып кетті. 2011 ж. осы бағытты субсидиялаудың үлесі 0,8%-дан 2017 ж. 0,1%-ға дейін қысқарған.

Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялаудың үлесі шамамен 0,1% көлемінде қалды. Тек қаржыландыру сомасы артқан болатын. 2011 ж. 2965,7 млн. теңгеден 2017 ж. 8503,3 млн. теңгеге дейін артқан.

Банктік несиелеуге келетін болсақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша, 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін экономика салалары бойынша екінші деңгейдегі банктердің несиелері мынадай деректермен сипатталады:

– екінші деңгейдегі банктердің экономика саласындағы несиелік салымдары 2020 жылы 14637377 млн. теңгені құрады және 2016 жылмен салыстырғанда 1,4 есеге ұлғайды;

– ауыл, су және орман, балық шаруашылығына берілетін несиелердің үлес салмағы 2016 жылғы 2,5%-дан 2020 жылы 1,2%-ға дейін азайды немесе ауыл шаруашылығына берілетін несиелік салымдар 2020 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 0,69 есе азайды (кесте 16).

Кесте 16 – Екінші деңгейдегі банктердің Қазақстан Республикасының экономика салаларын несиелендіруі

Көрсеткіштер	млн. теңге				
	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Салалар бойынша несиелер, барлығы	9836060	10819118	13460398	15202962	14637377
Оның ішінде ауыл, су және орман, балық шаруашылығына	246023	175871	112036	135717	169223
Үлес салмағы	2,5%	1,6%	0,8%	0,9%	1,2%
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [120]					

15-кесте бойынша талдау жоғары салалық тәуекелдерге және өтімді кепілдердің болмауына байланысты банктердің ауыл шаруашылығына несие беру түріндегі мемлекеттік қолдау құралдарын іске асыруға әлсіз қатысуын көрсетеді. Мысалы, несие ресурстары көктемгі егіс жұмыстары аяқталған кезде келді, бірақ ауыл шаруашылығы маусымдық өндіріспен сипатталады. Несиелік ресурстар көбінесе ірі шаруашылықтар мен кәсіпорындарға ғана қол жетімді.

Сонымен, ауыл шаруашылығын қаржылық қамтамасыз етудің әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін анықтау үшін корреляциялық-регрессиялық модель жасаған жөн.

Бұл үшін корреляциялық-регрессиялық модельді құруға негізделген бағалау әдістемесі ұсынылады, онда нәтижелі (эндогенді) факторлық белгі Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы болып табылады (y).

Тәуелсіз (экзогендік) факторлық белгілер ретінде екінші деңгейдегі банктердің несие беру көлемі (x_1), мемлекеттік бюджет шығыстары (x_2) және негізгі капиталға инвестициялар (x_3) таңдап алынды.

Жалпы алғанда, үш факторлы корреляциялық-регрессиялық модель келесі түрге ие [121]:

$$\hat{y}_{x_1x_2} = a_0 + a_1 \cdot x_1 + a_2 \cdot x_2 + a_3 \cdot x_3 \quad (1)$$

мұнда a_0 , a_1 , a_2 және a_3 параметрлерін табу үшін ең кіші квадраттар әдісі негізінде алынған келесі сызықтық теңдеулер жүйесі қолданылады [121, с. 202]:

$$\begin{cases} a_0 \cdot n + a_1 \cdot \sum x_1 + a_2 \cdot \sum x_2 + a_3 \cdot \sum x_3 = \sum y \\ a_0 \cdot \sum x_1 + a_1 \cdot \sum x_1^2 + a_2 \cdot \sum x_1 \cdot x_2 + a_3 \cdot \sum x_1 \cdot x_3 = \sum y \cdot x_1 \\ a_0 \cdot \sum x_2 + a_1 \cdot \sum x_1 \cdot x_2 + a_2 \cdot \sum x_2^2 + a_3 \cdot \sum x_2 \cdot x_3 = \sum y \cdot x_2 \\ a_0 \cdot \sum x_3 + a_1 \cdot \sum x_1 \cdot x_3 + a_2 \cdot \sum x_2 \cdot x_3 + a_3 \cdot \sum x_3^2 = \sum y \cdot x_3 \end{cases} \quad (2)$$

Тәуелсіз факторлық белгілердегі резервтерді анықтау үшін икемділік коэффициенті қолданылады, бұл x_i факторлық белгілері 1% өзгерген кезде тиімді белгінің $\hat{y}_{x_1x_2x_3}$ орташа өзгеруін көрсетеді.

Жалпы алғанда, серпімділік коэффициенті келесідей анықталады [121, с. 212]:

$$\varepsilon_i = a_i \cdot \frac{\overline{x_i}}{y_i} \quad (3)$$

мұнда a_i – i -ші фактор кезіндегі регрессия коэффициенті;

$\overline{x_i}$ – i -ші фактордың орташа мәні;

\bar{y}_i – зерттелетін көрсеткіштің орташа мәні.

(1) моделін анықтауға арналған бастапқы деректер 17-кестеде келтірілген.

Кесте 17 – (1) моделіндегі a_0 , a_1 , a_2 және a_3 параметрлерін анықтауға арналған бастапқы деректер

млн. теңге				
Жыл	Екінші деңгейдегі банктердің несие беру көлемі (x_1)	Мемлекеттік бюджет шығыстары (x_2)	Негізгі капиталға инвестициялар (x_3)	Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, Y
2016	246 023,0	414 528,0	252 929,0	3 684 393,2
2017	175 871,0	474 307,0	352 508,0	4 070 916,8
2018	112 036,0	501 835,0	395 619,0	4 474 088,1
2019	135 717,0	583 410,0	424 362,0	5 151 163,0
2020	169 223,0	668 269,0	565 369,2	6 334 668,8
Барлығы	838 870,0	2 642 349,0	1 990 787,2	23 715 229,9

Сызықтық тендеулер жүйесі (2) 1-кестедегі мәндерді және басқа да есептік көрсеткіштерді қойған соң келесі түрде болады:*

$$\begin{cases} 5 \cdot a_0 + 83,9 \cdot a_1 + 264,2 \cdot a_2 + 199,1 \cdot a_3 = 2371,5 \\ 83,9 \cdot a_0 + 1510,7 \cdot a_1 + 4338,9 \cdot a_2 + 3218,1 \cdot a_3 = 38947,3 \\ 264,2 \cdot a_0 + 4338,9 \cdot a_1 + 14355,9 \cdot a_2 + 10959,7 \cdot a_3 = 129419,1 \\ 199,1 \cdot a_0 + 3218,1 \cdot a_1 + 10959,7 \cdot a_2 + 8444,7 \cdot a_3 = 99043,4 \end{cases} \quad (4)$$

* – Есептеуді жеңілдету үшін жүйенің барлық тендеулерінің екі бөлігі де 10 000-ға бөлінді.

Бұл жүйені шешкен соң, келесі мәндерді аламыз:

$$\begin{cases} a_0 = -92,297 \\ a_1 = 2,3501 \\ a_2 = 7,8606 \\ a_3 = 2,8071 \end{cases} \quad (5)$$

Сонымен, қажетті модель келесі түрде болады:

$$y = -92,297 + 2,3501 \cdot x_1 + 7,8606 \cdot x_2 + 2,8071 \cdot x_3 \quad (6)$$

Тәуелсіз (экзогендік) факторларға тән резервтерді анықтаймыз. Ол үшін (3) формуласы бойынша серпімділік коэффициенттерін есептейміз.

$$\mathcal{E}_1 = 2,3501 \frac{(838870/5)}{(23715299/5)} = 0,0831 \quad (7)$$

$$\mathcal{E}_2 = 7,8606 \frac{(2642349/5)}{(23715299/5)} = 0,8758 \quad (8)$$

$$\mathcal{E}_3 = 2,8071 \frac{(1990787/5)}{(23715299/5)} = 0,2356 \quad (8)$$

Алынған мәліметтер негізінде келесі қорытынды жасауға болады:

1. (6) модельдегі a_0 , a_1 , a_2 және a_3 коэффициенттерінің белгілері экономика мен логикадағы процестердің нақты ағымына сәйкес келеді.

2. Екінші деңгейдегі банктердің несие беру көлемі 1%-ға ұлғайған кезде Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 0,0831%-ға ұлғаятын болады.

3. Мемлекеттік бюджет шығыстары 1%-ға артқан кезде Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 0,8758%-ға артатын болады.

4. Негізгі капиталға инвестициялар көлемі 1%-ға өскен кезде Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 0,2356%-ға өсетін болады.

Бұл ауыл шаруашылығы бюджеттік қаржыландыруды пайдаланудан және негізгі капиталға инвестиция салудан, ал ең аз дәрежеде несиелеуден оң нәтиже алады дегенді білдіреді.

Осылайша, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тиімді қолдау және жұмыс істеу тетігін қалыптастыру кезінде:

– «Бәйтерек» холдингінің барлық кәсіпорындарының несиелік портфельдерін қайта құрылымдау және оңтайландыру, барлық банк операцияларын білікті сүйемелдеу, ауқым тиімділігі есебінен қосымша кіріс алу үшін, сондай-ақ неғұрлым тиімді шарттарда қаржы ресурстарын тарту мүмкіндігін алу үшін Холдингтің қаржы ағындарын шоғырландырудың және қаржылық басқарудың бірыңғай орталығын құру;

– берілген несиелерді олар толық өтелгенге дейін, сондай-ақ жаңадан берілген несиелер бойынша жеңілдікпен несие беру тәжірибесін жалғастыру. Алайда, ауыл шаруашылығында несиелерді бөлу олардың аграрлық өндірістің ерекшелігіне сәйкес өзін-өзі ақтауын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс, бұл ретте жеңілдікті инвестициялық несиелер көбінесе конкурстық негізде жоғары табысты жобаларды іске асыруға бағытталуы тиіс;

– жоспарлау сатысында бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру тетігін кешенді зерделеу. Ауылдық өңірлерде мемлекеттік бағдарламалар мен

инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражаты таратылуда. Қаржыландыру жүйесі олардың нақты нығаюына ықпал етуі және тиімділігін арттыруға, ауыл шаруашылығы өнімін шығару көлемін ұлғайтуға және оны өндіруге жұмсалатын шығындарды қысқартуға түрткі болуы тиіс.

3.2 Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін цифрлық технологиялар арқылы арттыру

Ауыл шаруашылығы өнімдері нарығында бәсекелестік күрестің күшеюі және тұтынушылар қалауының тез өзгеруі жағдайында ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелерді цифрландыруға көшу арқылы шешуге болады. Жаңа цифрлық технологияларды қолдана отырып, ауыл шаруашылығын жаңғырту бүгінгі таңда басты әлемдік трендтердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда цифрлық, ақпараттық және телекоммуникациялық ресурстар кеңінен таралуда, экономиканың барлық салаларын, оның ішінде ауыл шаруашылығын белсенді цифрландыру жүріп жатыр. Қазақстан үшін аталған секторда цифрлық инфрақұрылымды дамытудың жоғары қарқынына қол жеткізу аса маңызды. Бұл сұрақ Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...*Ақылды технологиялар*» - *агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі*» деп атап өтілген [122].

Ауыл шаруашылығы саласын дамытудың қазіргі жағдайында өндіріс шығындарын азайту мақсатында жаңа технологияларды қолдану, нарық қажеттіліктеріне, стандарттардың және көптеген нормативтік құжаттардың тез өзгертін талаптарына сәйкес келуі қажет, бұл ақпарат көлемі өндіріс көлемінен тезірек өсетін жағдайда цифрлық технологияларды пайдаланбаса мүмкін емес.

Экономиканы цифрландыру ең алдымен оның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Цифрлық технологияларды қолданудың арқасында:

- экономикалық өсу тетігі, қоғамдық-саяси және жеке қызметтің тиімділігіне, нәтижелілігіне, құны мен сапасына оң ықпал ету қамтамасыз етіледі [123];

- барлық шаруашылық құрылымдардың, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың келісілген жұмысын қамтамасыз ету арқылы мемлекет пен тұтас өңірлер экономикасын дамытудың жаңа бағыттарын таңдау үшін алғышарттар жасалады [124];

- кооперациялық топтардың тиімділігін арттыруға, транзакциялық шығыстарды төмендетуге, транзакциялық тізбектер элементтерінің, делдалдардың және т.б. санын қысқартуға ықпал ететін салааралық платформалар құрылады [125];

- өнім өндірісіне қызмет көрсету шығындары азаяды, жабдықтардың тоқтап қалу уақыты, тауарлар мен қызметтерді нарыққа шығару мерзімі, өнім мен жарнаманың сапасын қамтамасыз ету шығындары, қорларды сақтау шығындары азаяды [126].

Экономиканы цифрландыру субъектілердің және олардың интеграциялық құрылымдарының ақпараттық, қаржылық және ұйымдастырушылық өзара іс-қимылының модельдерін, сондай-ақ бәсекелестікті қатаңдату жағдайында құрылатын платформалық шешімдерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының цифрлық трансформациясы мен инновациялық қызметін басқару құралдарын қалыптастыруды өзінің мақсаты етіп қояды.

Қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, ауыл шаруашылығындағы цифрлық қайта құрулардың форматын айқындайтын бірқатар шарттар бар:

– технологияларды пайдалануға мүмкіндік беретін шарттардың ең аз жиынтығы мынадай базалық талаптарды қамтиды: бұл – интернетке қосылуы, қаржылық қолжетімділігі, компьютерлік сауаттылық, ақпараттық технологиялар саласындағы білім, сондай-ақ цифрлық стратегияларды қолдайтын саяси шаралар мен бағдарламалар (электрондық үкімет);

– ілеспе (ықпал ететін) жағдайлар, яғни технологияларды енгізуді мүмкін ететін факторлар: интернетті, ұялы телефондарды және әлеуметтік желілерді пайдалану, цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдылары, аграрлық азық-түлік секторында кәсіпкерлік мәдениеті мен инновацияларды қолдау.

Әлемде экономиканың аграрлық секторында цифрлық технологияларды дамыту мәселелерімен бұрыннан айналысып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Еуропалық экономикалық комиссиясында электрондық іскерлік айналым стандарттары, оның ішінде аграрлық азық-түлік секторы үшін де әзірленді және енгізілді [127]. Осылайша, электрондық фитосанитариялық сертификаттар, зертханалық талдаулардың нәтижелерімен электрондық алмасу, саудаға арналған сертификаттармен басқару және алмасу, тамақ өнімдері мен жемшөп қауіпсіздігі мәселелері бойынша электрондық хабарлама және т.б. жұмыс істейді.

БҰҰ Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы электрондық ауыл шаруашылығы (E-agriculture) және цифрлық ауыл шаруашылығы (digital agriculture) мәселелеріне де назар аударады. Жыл сайын электрондық ауыл шаруашылығы бойынша форумдар мен веб-семинарлар өткізіледі. 2016 жылы Азия-Тынық мұхиты аймағы елдері үшін электрондық ауыл шаруашылығы стратегиясын әзірлеу бойынша нұсқаулық шығарылды (EAgriculture Strategy Guide, Piloted in Asia-Pacific countries) [128].

Ауыл шаруашылығы салаларын цифрлық трансформациялау арқылы мынадай міндеттердің жиынтығын кешенді шешу көзделеді: еңбек өнімділігін арттыру; экспорттық түсімді ұлғайту; сала кәсіпорындарының құнын барынша ұлғайту; салалар өсуінің экономикалық қарқынын ұлғайту; өндірушіден тұтынушыға дейін тиімді өткізу тізбегін құру; цифрлық экономиканың аралас салаларына кірігу; ауыл шаруашылығындағы жұмыстың тартымдылығын арттыру және ауыл шаруашылығы өндірушілері табысының өсуі.

Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері бірыңғай цифрлық платформа құру бойынша, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін басқару және ілгерілету бойынша бірлескен жұмыс жүргізуде. Еуразиялық экономикалық одағының цифрлық күн тәртібі бойынша мынадай бағыттар ұсынылды [129]: цифрлық салалық және кросс-салалық трансформация; тауарлардың,

көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің цифрлық нарықтары; басқару үдерістерін цифрлық трансформациялау; цифрлық инфрақұрылым және қауіпсіздік.

Ресурстарды тиімді пайдалану және ғылыми негізделген тәсілдер негізінде өнім өндіруге жұмсалатын шығындарды азайту, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру ауыл шаруашылығын цифрландырудың басты міндеті. Сондықтан көптеген ғалымдар ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі үшін цифрлық технологияны қолданудың әртүрлі жақтарын қарастыруда:

– *инновациялық технологияларды қолдану тетіктері*. Ол үшін өндіріс шығындары мен логистикалық шығындарды біртіндеп төмендету, бүкіл азық-түлік тізбегі бойынша шығындарды азайту, инновациялық технологияларға инвестицияларды ұлғайту қажет [130];

– *ауыл шаруашылығын цифрландыруға ықпал ететін негізгі факторлар*: фермерлер мен қызметкерлердің ауыл шаруашылығы білімін жетілдіру үшін интернет, мобильді желілер және әлеуметтік желілер арқылы ақпараттарды тарату қызметтерін пайдалану; ауыл халқының цифрлық технологияларды пайдалану дағдыларының болуы; ауыл кәсіпкерлерін цифрлық технологиялар мен инновацияларды енгізуге итермелейтін мәдени ортаны құру [131];

– *цифрлық технологиялар арқылы қызмет көрсету*: роботтандырылған фермалар, нақты егіншілік, оларды қолдану ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді [132];

– *цифрлық технологиялардың артықшылықтары*. Технология тәуекелдерді азайтады, климаттың өзгеруіне бейімделеді, дақылдардың өнімділігі мен жануарлардың өнімділігін арттырады, далалық жұмыстарды уақытылы жоспарлайды. Ауыл тауар өндірушілерін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету сатып алу мен сатуға транзакциялық шығындарды төмендетуге, алқаптан тұтынушыға дейін өнім жеткізу тізбегін жеңілдетуге, білікті жұмыс күшінің тапшылығын қысқартуға мүмкіндік береді [133];

– *смарт-ферманың даму әлеуеті*. Тыңайтқыштарды енгізудің дәлдігін бақылау, қолайсыз табиғат құбылыстарын болжау, өнім өсіру сапасын арттыру және фермерлер мен тұтынушылардың ашық өзара іс-қимылы, ресурстар шығынын азайту, фермалардың кірістілігін арттыру үшін смарт фермерлікті дамытудың артықшылықтары мен әлеуетін қарастыру [134];

– *ауыл шаруашылығындағы цифрлық трансформацияны кадрлық қамтамасыз ету*. IT-компаниялардың аграрлық университеттермен өзара іс-қимылын ұйымдастырудың тәсілдері және білім беру үдерісіне қатысушылар қол жеткізетін әсерлер ұсынылған [135].

Көріп отырғанымыздай, цифрлық ауыл шаруашылығы жоғары өнімділікпен, болжамдылықпен және өзгерістерге, оның ішінде құбылмалы климатты туындататын өзгерістерге бейімделу қабілетімен сипатталатын жүйелер құруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде азық-түлік қауіпсіздігін, табыстылық және тұрақтылық деңгейін арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Отандық ауыл шаруашылығы өнімінің және оны қайта өңдеу өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру отандық өнімді ішкі нарықта да, экспорттық

нарықтарда да жылжыту және позициялау қажеттілігімен тығыз байланысты. Сондықтан цифрландыру арқылы ауыл шаруашылығының тұрақтылығы негізінде өндіріс тиімділігін арттыруға болады [136].

Қазіргі уақытта елімізде ауыл шаруашылығын цифрлық трансформациялау ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізілуде. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары әзірленіп, бекітілді, онда еліміздің агроөнеркәсіптік кешеніне цифрлық технологияларды енгізуді қамтамасыз ету көзделген.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес автоматтандырумен мынадай үдерістер қамтылатын болады:

- 1) субсидиялау және мемлекеттік қолдаудың басқа да шаралары;
- 2) мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің бақылануы;
- 3) Агроөнеркәсіптік кешендегі (АӨК) сауда;
- 4) ауыл шаруашылығы техникасын есепке алу;
- 5) жер ресурстарының мониторингі және есепке алу;
- 6) астық қолхаттарын есепке алу;
- 7) ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге несие беру;
- 8) ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін сақтандыру [137].

«Мал шаруашылығы және Өсімдік шаруашылығы өнімдерін қадағалау» және «АӨК-дегі сауда» бағыттары «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында көзделген [138].

Цифрлық технологиялар таяу болашақта дақылдарды жоспарлаудан, суаруды автоматтандырудан және егінді цифрлық модельдеуден бастап ірі қара малды азықтандыруға арналған жемді есептеуге дейінгі аграрлық мәдениеттің ажырамас бөлігі болуы керек. Қазақстанның ауыл шаруашылығын трансформациялау ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық бағыттарын: өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, балық аулау, құс шаруашылығы, селекция және генетика, жылыжай саласы және т. б. цифрландыруды көздейді.

Ол үшін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін цифрлық технологиялар арқылы арттырудың тұжырымдамасын әзірледік. Тұжырымдаманың мақсаты ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға және түрлендіруге қабілетті цифрлық ауыл шаруашылығы мен технологиялық инновацияларды жеделдету болып табылады. Бұл мақсатқа жету үш бағытта жүзеге асырылуы керек:

1. Электрондық қызметтерді көрсету;
2. Ақылды технологияларды қолдану;
3. Электрондық сауда алаңын дамыту (Қосымша Ө).

Ауыл шаруашылығында ІТ технологиясын қолдану салалары: нақты егіншілік; «ақылды фермалар»; «ақылды жылыжайлар»; шикізатты басқару, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау; ауыл шаруашылығы көлігін басқару;

«үлкен деректер». Біз осы цифрлық технологияларды қолдануды келесі тұрғыда қарастыруды ұсынамыз:

- ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру (кесте 18).

Ауыл шаруашылығындағы цифрлық технологиялар жобаларын қарастырайық:

Электрондық қызметтер. Ауыл шаруашылығын цифрландыру мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары, мамандардың онлайн консультациялары туралы ақпаратты онлайн алу мүмкіндігінен басталуы тиіс. Онлайн режимде несиелер мен субсидиялар, лизинг алуға және жер учаскелерін алуға арналған өтінімдерге мониторинг жүзеге асырылады. Онлайн жүйелер инвесторларды іздеуді, техниканы, тұқымдарды іздеу мен жалға алуды, тіпті аграрлық саланың мамандарын іздеуді айтарлықтай жеңілдетеді. Сондай-ақ цифрландырудың көмегімен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің электрондық ілеспе құжаттарды алуға, мемлекеттік, банктік және сақтандыру өнімдеріне қол жеткізуге мүмкіндігі бар. Көрсетілген шаралардың арқасында: 1) мемлекеттік қызметтер алуды оңайлату; 2) мемлекеттік қызметтер көрсетудің ашықтығы мен жеделдігін арттыру; 3) өнім экспорты кезінде әкімшілік кедергілерді азайту қамтамасыз етіледі.

Нақты егіншілік – жаһандық геопозициялау технологияларын (GPS), географиялық ақпараттық жүйелерді (GIS), өнімділікті бағалау технологияларын (Yield Monitor Technologies), ауыспалы нормалау технологиясын (Variable Rate Technology), Жерді қашықтықтан зондтау технологиясын (ЖҚЗ) және «Заттар интернеті» (IoT) технологиясын шешуді қамтитын ауыл шаруашылығы менеджментінің жоғары технологиялық кешенді жүйесі. Бұл технология «ақылды» құрылғыларды қолдану арқылы өсімдіктердің тіршілік ету ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, дақылдардың өнімділігін басқаруды, сондай-ақ жерді тиімді пайдалануды жүзеге асыруға көмектеседі. Нақты егіншілік элементтеріне: алқаптардың электрондық карталары, нақты метеодеректер, сенсорлар мен датчиктер, космомониторинг және басқалар жатады.

Кесте 18– Ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды пайдалану

Бәсекеге қабілеттілік деңгейі	Цифрлық технологиялар жобалары	Алынатын мүмкіндіктер
Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі	Электрондық қызмет көрсетулер	- мемлекеттік және кәсіби қызмет көрсету
	Нақты егіншілік	- технологиялық карталарды жасау; - егуді жоспарлау
Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі	Ақылды фермалар	- жануарлардың қозғалысы мен денсаулығына мониторинг жүргізу
	Ақылды жылыжайлар	- топырақтың ылғалдылық деңгейін бақылау;

		- оңтайлы егін жинау уақытын жоспарлау
	Ауыл шаруашылығы көлігін басқару	- көлік қозғалысын бақылау; - отын шығынын бақылау.
Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі	Ауыл шаруашылығы өнімін сақтау	- сақтау температурасын басқару; - жиналған өнім көлемін есепке алу
	Электрондық сауда алаңы	- өнімді сатып алу-сату бойынша ақпарат жинау; - баға қалыптастыру
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [129; 130, с.; 131, 8 с.; 132, с4.; 133; 134, 11 с.]		

«Ақылды фермалар» үй жануарларының өнімділігі мен өнім сапасын арттыруға, сондай-ақ шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Ғалымдардың пікірінше, дәстүрлі әдістерге негізделген мал шаруашылығы қазіргі кезде тиімді емес, өйткені планетаның жерлерінің үштен бір бөлігінде мал жайылады, ал өсу процесінде жануарлар өсірілген астықтың көп бөлігін жейді. Бұдан басқа, ветеринариялық қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру үшін технологиялық шешімдер бар, олар жеке ветеринариялық есепке алуды, жануарлардың бірыңғай дерекқорын, жануарлар иелерінің есебін жүргізуге мүмкіндік береді.

«Ақылды жылыжайлар» тыңайтқыштарды, химикаттарды, суды неғұрлым тиімді жұмсауға, сондай-ақ дақылдарға күтім жасау үшін қажетті персонал санын оңтайландыруға және адам факторынан туындайтын шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. «Ақылды жылыжайлар» бүкіл суару үдерісін басқаруға және микроклиматты реттеуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы көлігін басқару. Жерсеріктік навигациялық жүйелер (мысалы, GPS) мен көрсеткіштердің көмегімен ауыл шаруашылығы техникасын пайдалануды бақылау жанармай шығынын азайтуға, сондай-ақ бағдарларды және техникаға қызмет көрсететін персоналдың жүктемесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау. Шикізатты жинау және тасымалдау үдерісінде оның сақталуы үшін орны ауыстырылатын шикізаттың орналасқан жерін де, салмағын да толық қадағалауға мүмкіндік беретін тиісті датчиктер пайдаланылады. Арнайы берілген алгоритмдер нақты уақыт режимінде сақтау кезінде өнімнің жай-күйін бақылайды (қоймалардың температуралық режимі, ылғалдылық деңгейі, көмірқышқыл газының мөлшері) және дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің электрондық сауда алаңы. Ауыл шаруашылығы өндірушілеріне қол жетімді және сенімді ақпаратпен сапалы алмасу тек өндіріс кезеңінде ғана емес, сонымен қатар өз өнімдерін, соның ішінде экспортты нарықтарда жылжыту кезінде де қажет. Нарықтарды (азық-түлік, географиялық) зерттеу бойынша жұмыс, жаһандық трендтер мен клиенттердің қалауының әсерін талдау жеке өндірушілердің де, жалпы саланың да табыстылығына қатты әсер етеді. Сенімді ақпаратқа ие болу өнімді жылжыту үшін өте маңызды, өйткені бұл өндірушіге тұтынушыға өнімнің уақтылы және тауарлық түрін бұзбай келетіні туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Тәжірибе көрсеткендей, бұл мәселенің тиімді шешімін өнімнің нақты қадағалануын қамтамасыз ете алатын Blockchain технологияларын қолдану арқылы қамтамасыз етуге болады.

Отандық ауыл шаруашылығы өндірісінде цифрлық технологияларды қолдану енді ғана қарқын алып келеді. Бұл технологияларды қолдану арқылы ауыл шаруашылығы саласының, кәсіпорындарының және өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Цифрлық трансформацияның әсері ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігінің барлық деңгейінде орын алады, атап айтқанда:

а) ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі деңгейінде институционалдық экономикалық тетіктерді қолдану арқылы электрондық қызметтер көрсетіледі және жер қатынастарының технологиялық карталары анықталады. Мұнда институционалдық экономикалық тетіктерді жетілдіруге қатысты шаралар іске асады:

– мемлекет ауыл шаруашылығы өндірушілері туралы нақты деректер жинақтайды, бұл көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларының (субсидия, инвестициялау, бюджеттік қаржыландыру) тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді;

– егін шаруашылығын технологиялық карталар арқылы тиімді жоспарлау шешім қабылдаудағы белгісіздікті төмендетуге, климаттық өзгерістерге, дүлей зілзалаларға дайындықты арттыру негізінде жеке және институционалдық тәуекелдерді қысқартады;

– өңірлік цифрлық технологияларды енгізу және ауыл шаруашылығы платформасының функционалын интеграциялау ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мемлекеттік, банктік және сақтандыру өнімдеріне тиімді қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

ә) ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігі деңгейінде нарықтық және институционалдық экономикалық тетіктер арқылы цифрлық технологиялар (ақылды ферма, ақылды жылыжайлар, логистикалық қызметтер) қолданылады. Мұнда нарықтық және институционалдық экономикалық тетіктер көмегімен:

– цифрлық ауыл шаруашылығы платформасына қосылған ауыл шаруашылығы өндірушісі адамның қатысуын барынша азайта отырып, автоматты түрде: егістер (табындар), ресурстар, ауа райы жағдайлары туралы ақпаратты; жануарлардың (дақылдардың) дамуын ескере отырып, толық бақылауын; барлық ауыл шаруашылығы техникасын цифрлық басқару жүйелеріне қосуға қол жеткізе алады;

– ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен әзірлеушілерге отандық өнім өндіруді ынталандыру және әртүрлі цифрлық ашық платформаларға (цифрлық алаң, табын, техниканы басқару, жылыжайлар және т.б.) қолжетімділік қамтамасыз етіледі;

– ауыл шаруашылығы шикізатының, сондай-ақ түпкілікті өнімнің қадағалануы негізінде (тегтер, чиптер, сәйкестендіргіштер, технологиялар, құрылғылар, жүйелер арқылы) шаруашылықтар мен тұтынушылар үшін агронарықтардың ашықтығын арттыру үшін жағдайлар жасалады;

б) ауыл шаруашылығы өнімнің бәсекеге қабілеттілігі деңгейінде нарықтық экономикалық тетіктер арқылы дайын өнімді сақтайтын орындар және оларды өткізетін электрондық сауда алаңдары қалыптасады. Мұнда нарықтық экономикалық тетіктер арқылы:

– ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, маусымның басталуына дейін негізгі өнімдердің бағасын болжауға мүмкіндік алады;

– операциялық шығындарды, ақпараттық қолжетімділікті, нарықтардың ашықтығын, алаңнан сөреге дейінгі шығындарды төмендету негізінде азық-түлік тауарларының тиімді және теңгерімді бағалары қалыптастырылады;

– ауыл шаруашылығы өнімдерін (шикізатты, жартылай фабрикаттарды, қайта өңдеу өнімдерін) ілгерілету үшін онлайн сауда платформалары мен жүйелері енгізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін қарастыра отырып теориялық және тәжірибелік негіздегі **қорытындылар** жасауға болады:

1. Ауыл шаруашылығының бәсекелестік қабілетін дамытудың теориялық мәселелерін жалпылай қарастыра отырып:

– «бәсекелестік» ұғымына қатысты әртүрлі ғалымдардың көзқарастарын салыстыра отырып, оның өзіндік ерекшеліктері (субъектілердің әркелкілігі, біртекті тауарлардың болуы, маманданған тауар нарығының болуы) анықталды. Бұл *«бәсекелестік дегеніміз маманданған нарықта өз өнімдерін тұтынушыларға өткізу үшін жекелеген субъектілердің жарысы»* деп анықтауға мүмкіндік берді;

– ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің құрамдас бөліктері мен бәсекелестік артықшылықтарының сызбасы анықталды: ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігі (өзіндік құны, сапасы, бағасы), ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігі (бизнес жүргізу саясаты, инновациялар, бәсекелік орта), ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі (мемлекеттік саясат, ғылыми зерттеулер нәтижесі, сыртқы нарық, макроэкономикалық жағдай). Өзірленген сызба арқылы нарықтағы алмастырушы тауарларды ескере отырып, өнімнің тұтынушылар сұраныстарына сәйкестігін және оны іске асырудың сәттілігін болжауға, кәсіпорынның және бизнес иелерінің бәсекелестік артықшылықтарын сақтау мүмкіндіктерін анықтауға, әлеуетті инвесторлардың мұқтаждықтары үшін және іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау мақсатында бизнес-ортаны бағалауға болады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, авторлық анықтама берілді: *ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі – бұл субъектінің әлемдік және отандық нарықтардағы тұтынушылардың талаптарына жауап беретін жоғары сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру қабілеті.*

2. Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің барлық факторлары бір-біріне өзара тәуелді екендігін айта кету керек. Ауыл шаруашылығына әсер ететін факторлардың табиғаты мен әсер ету дәрежесін ескеру оның бәсекеге қабілеттілігін басқару үдерісін неғұрлым нәтижелі және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жасалған зерттеулердің нәтижесі бойынша келесідей қорытынды шығаруға болады:

– ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды оның құрамдас бөліктеріне (ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар; ауыл шаруашылығы кәсіпорнының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар; ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар) орай қарастыру қажеттілігі анықталды. Бұл өзара тиімділік пен тепе-теңдік жағдайында ауыл шаруашылық өндірісінің объектілері мен субъектілеріне әсер ететін факторларды анықтайды;

– ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар (әсер ету деңгейіне қарай, қалыптастыру және ұстап тұру табиғатына қарай) топтастырылды. Ұсынылған факторлар бірыңғай технологиялық тізбектің әртүрлі кезеңдерінде ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің мәнін ашуға және мақсатты нәтижеге қол жеткізу кезінде туындаған қарама-қайшылықтарға уақытылы жауап беруге мүмкіндік береді.

3. Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін екі бағытта қарастыру қажет: нарықтық экономикалық тетіктер және институционалдық экономикалық тетіктер. *Нарықтық экономикалық тетіктер* ауыл шаруашылығы нарығындағы функционалдық негізгі элементтердің өзара әрекеттесуі және нарықтың негізгі экономикалық заңдары өзара байланысы арқылы жүзеге асады. Нарықтық экономикалық тетіктер сұраныстың өзгеруі, ұсыныстың өзгеруі, тепе-теңдік бағасы, бәсекелестік, құн, табыстылық және пайда сияқты экономикалық заңдарға негізделген. *Институционалдық экономикалық тетіктер* ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мемлекеттік реттеудің неғұрлым ауқымды әдістерін қолдануы тиіс. Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың институционалдық экономикалық тетіктері ғылым мен инновацияның дамуын және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикалық әдістер мен құралдарды, қамтамасыз ету жүйелерін қолданады.

Сонымен, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктері:

– экономиканың әртүрлі деңгейлерінде басқарушылық шешімдердің дұрыстығын, құндылығын және уақытылы дайындалуы мен қабылдануын қамтиды;

– ауыл шаруашылығы нарығында бәсекелестердің өндіріске әсер ету құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың қазіргі деңгейіне сәйкес келуіне негіздейді;

– ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың нақты жағдайларына қатысты мемлекеттік реттеудің қолайлы жобаларын анықтайды.

4. Ауыл шаруашылығы өндірісін еңбек ресурстарымен қамту жағдайын талдау мынадай қорытындыларға әкелді:

– қазіргі таңда Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығындағы жұмыс күші 75,6%-дан (2011) 70,3%-ға (2020) дейін төмендеген. Бұл үрдіс ауылдық аумақтарда жұмысқа жарамсыз, яғни зейнет жасындағы адамдардың көбеюімен байланысты. Аталған жағдай болашақта ауылдық аумақтардағы еңбек нарығының дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін;

– ауылдық аумақтарда 2020 жылы жұмыспен қамтылған 3587,5 мың қызметкерлердің 1066,7 мың адамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, яғни үлесі тек 29,7%-ды құрайды. Жұмыспен қамтылғандардың ішінде орта кәсіптік (арнаулы) білімі тұлғалардың үлесі 38,6% мөлшерінде, ал жалпы орта білімі барлар – 24,6%. Нәтижесінде жоғары технологиялық жұмыстарды орындау үшін жұмыс күшінің жетіспеушілігі байқалады, бұл еңбек өнімділігінің өсуін ғана емес, сондай-ақ біздің елімізде ауыл шаруашылығының одан әрі дамуын да айтарлықтай тежеуі мүмкін;

– Республика бойынша бір қызметкердің орташа айлық жалақысы соңғы жылдары тұрақты өсіп келеді. 2011 жылы елімізде бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 90028 теңгені құраса, ал 2020 жылы 213003 теңгеге дейін жетті. Ауыл шаруашылығындағы бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 2011 жылы 44986 теңге болса, ал 2020 жылы 130178 теңгеге дейін көбейген. Дегенмен, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің орташа жалақысының тұрақты өсуіне қарамастан, ол республика деңгейіндегі орташа жалақыдан әлдеқайда төмен. Бұл өз кезегінде еңбек өнімділігінің деңгейіне, ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етеді.

5. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өндірісінің ағымдық жағдайын талдау нәтижесінен мынадай қорытындылар жасауға болады:

– 2010-2019 жылдар аралығындағы нақты мәліметтер көрсеткендей, соңғы он жылдықта, ауыл шаруашылығында өнім өндірісінің жалпы өсімі орын алғанын байқауға болады. 2010 жылға (1442,6 млрд. теңге) қарағанда 2019 жылғы (5151,2 млрд. теңге) ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің көлемі шамамен 3,6 есеге көбейген. Ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдердің жартысынан астамы өсімдік шаруашылығына тиесілі. Дегенмен кейінгі жылдары мал шаруашылығы өнімдері үлесінің өсуі орын алды;

– 2011 жылы ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында жұртшылық шаруашылықтың үлесі 45% болса, 2015 жылы 51,8%-ға жеткен, 2017 жылы 47,5%-ға дейін және 2019 жылы 44%-ға дейін кеміген. Дегенмен, жұртшылық шаруашылығының жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымындағы үлесі әліде зор. Ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында шаруа немесе фермер қожалықтарының үлесі елеулі және тұрақты артып келеді. Мәселен, 2011 жылы үлесі 25,7%-дан 2019 жылы 31,1%-ға дейін артқан. Ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында ауылшаруашылығы кәсіпорындарының үлесі 2011 жыл (29,4%) мен 2019 жыл (25%) аралығында керісінше азайып кетті;

– жалпы ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында үлесі жоғары өңірлер қатарына Алматы облысы, Түркістан облысы, Солтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облыстарын жатқызуға болады. Аталмыш облыстар ауыл шаруашылығының өнім шығарылымын тұрақты арттырып, жалпы елдегі үлестерін арттырған. Мәселен, жалпы ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында Алматы облысының үлесі 2011 ж. 12,7% болса, 2016 ж. 16,2%-ға және 2019 ж. 16,4%-ға дейін арттырған. Сол секілді Түркістан өңірі 9,1%-дан (2011) 11,9%-ға (2019) дейін үлесін кеңейткен. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан облысы 8,8%-дан (2011), 11,1%-ға (2015) дейін және 11,5%-ға (2019) дейін арттырған болатын. Солтүстік Қазақстан облысы, керісінше, ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында өз үлесін жоғалтқан. Мәселен, 2011 ж. облыстың үлесі 15,5% болса, 2015 ж. 11,5%-ға дейін және 2019 ж. 11,8%-ға дейін азайтқан. Өсімдік шаруашылығының жалпы өніміндегі кейбір облыстардың үлестері басым. Олардың қатарында Солтүстік Қазақстан, Алматы, Түркістан, Қостанай және Ақмола облыстары жатады. Бұл облыстар еліміздің өсімдік шаруашылығындағы жалпы өнім өндірісінің шамамен 67,4% қамтамасыз етеді. Еліміздің мал шаруашылығындағы жалпы өнім

шығарылымында облыстардың үлестері жоғары өңірлер қатарында Алматы, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарын жатқызуға болады. Олардың үлестері елдегі мал шаруашылығындағы өнім шығарылымының 40%-дан асады. Ауылшаруашылығы салаларындағы көрсетілетін қызметтер 2011 жылмен салыстырғанда 2019 жылға қарай 2,1 есе өскен. Қызметтер көлемі ішінде Алматы, Қызылорда, Түркістан мен Қостанай облыстарының үлесі жоғары.

6. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін экспорттық және импорттық операциялар арқылы қарастыра отырып мынадай қорытындылар жасауға болады:

– *импорттық өңделген ауыл шаруашылық өнімдеріне тәуелділіктің жоғары деңгейі сақталып отыр.* Мәселен ірімшіктер, шұжықтар, ет консервілері, май секілді өнімдер бойынша импорт тұтынудың шамамен 40-50% құрайды. Өңделген өсімдік өнімдері бойынша дәнді дақылдарға аз тәуелді, бірақ майға айтарлықтай тәуелділік бар - шамамен 30%, жеміс - жидек пен көкөніс консервілері – 80%-дан астам, қантқа толықтай тәуелділік сақталып отыр. Ет және ет өнімдері қатарына ет және жаңа сойылған, суытылған, мұздатылған тағамдық қосымша өнімдер жатқызылады. Бұл өнім түрінің импорт көлемі жыл сайын артып келеді. 2011 ж. 186983 тонна сатып алынса, ал 2019 ж. 205518 тонна импортталды. Дәнді дақылдардың дәнінен, ұннан, крахмалдан немесе сүттен жасалған дайын өнімдер импорты соңғы жылдары артқан. Мәселен, 2011 ж. 276739 мың АҚШ долларға сатып алынса, ал 2019 ж. 285434 мың АҚШ долларға елге жеткізілді. Бұл өнімдер санаты бойынша елеулі бөлігі ТМД елдерінен әкелінеді;

– *соңғы он жыл ішінде өңделмеген ауыл шаруашылық өнімдерінің экспортының басымдығы әліде өзгермеген.* Олардың қатарына мақта талшықтары, арпа, жүн, күріш, бидай жатқызылады. Елімізден мақтаның экспорты 2011 жылға қарағанда 2019 жылы шамамен 2,3 есе артқан. Отандық мақта талшығының негізгі импорттаушылары Латвия Республикасы, Молдова Республикасы және Қытай Халық Республикасы болып табылады. Арпаның басым бөлігін Иран Ислам Республикасы сатып алады. 2019 жылғы мәліметтерге сәйкес, экспортталған 1625,5 мың тоннаның 88,3%-ы осы елге тиесілі. Сонымен бірге, отандық арпаның негізгі сатып алушылары Өзбекстан, Ресей мен Біріккен Араб Әмірліктері болып табылады. Елден экспортталатын жүннің негізгі бөлігін Қытай сатып алады. 2015 жылдан бастап Қытай Халық Республикасы отандық жүн өндірісінің негізгі тұтынушысы болып келді. Күріш экспорты негізінен ТМД елдеріне жөнелтілген. 2019 жылы күріштің басым бөлігі ТМД елдері ішінен Тәжікстан, Ресей мен Өзбекстан елдеріне экспортталды. Бидайдың басым бөлігі ТМД елдеріне экспортталды. Соның ішінде Өзбекстан Республикасы негізгі импорттаушы ел болып табылады. Жалпы бидай экспортындағы бұл елдің үлесі 2019 жылы 41,3%-ы немесе 2177 мың тоннаны құраған. Экспорт көлемі бойынша екінші орында Тәжікстан республикасы орналасқан. 2019 жылы бұл елге жалпы экспорттың 19,4%-ы немесе 1019 мың тонна тиесілі болды.

7. Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің даму бағыттарын анықтау үшін, оның күшті және әлсіз жақтарын ескере отырып SWOT-талдау жүргізілді. SWOT-талдау ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаруға маманданған өңірлердің көптігін және көршілес мемлекеттердегі азық-түлік өнімдеріне деген сұраныстың көбеюін көрсетті. Дегенмен, отандық ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін әрі қарай дамыту үшін мынадай бағыттарды анықтауға болады: жоғары білімді жұмыс күшін көбейту; орташа жалақыны республика деңгейіндегі орташа жалақымен теңестіру; жұртшылық шаруашылығы өнімдерінің басымдығын шектеу; логистикалық инфрақұрылымды дамыту; импорттық азық-түлік тауарларының басымдығын төмендету; электрондық сауданың мүмкіндігі туралы ауыл халқына кеңестер жүргізу; экспортқа өңделмеген ауылдық өнімдердің шығуын шектеу тетіктерін әзірлеу.

Ауыл шаруашылығы саласын еңбек ресурстарымен қамту ерекшелігін, ауыл шаруашылық өндірісінің қазіргі жағдайын және ауыл шаруашылық өнімдерінің экспорттық-импорттық операцияларын ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін:

- қаржылық қамтамасыз етудің тиімді бағыттарын ұсынған жөн;
- цифрлық технологияларды пайдалану тетіктерін әзірлеу керек.

8. Ауыл шаруашылығын қаржылық қамтамасыз етудің әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін анықтау үшін корреляциялық-регрессиялық модель әзірленді. Бұл үшін нәтижелі (эндогенді) факторлық белгі ретінде Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы болып табылады (y). Тәуелсіз (экзогендік) факторлық белгілер ретінде екінші деңгейдегі банктердің несие беру көлемі (x_1), мемлекеттік бюджет шығыстары (x_2) және негізгі капиталға инвестициялар (x_3) таңдап алынды. Алынған мәліметтер негізінде келесі қорытынды жасалды: Екінші деңгейдегі банктердің несие беру көлемі 1%-ға ұлғайған кезде Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 0,0831%-ға ұлғаятын болады. Мемлекеттік бюджет шығыстары 1%-ға артқан кезде Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 0,8758%-ға артатын болады. Негізгі капиталға инвестициялар көлемі 1%-ға өскен кезде Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 0,2356%-ға өсетін болады. Бұл ауыл шаруашылығы бюджеттік қаржыландыруды пайдаланудан және негізгі капиталға инвестиция салудан, ал ең аз дәрежеде несиелеуден оң нәтиже алады дегенді білдіреді.

Осылайша, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тиімді қолдау және жұмыс істеу тетігін қалыптастыру кезінде:

– «Бәйтерек» холдингінің барлық кәсіпорындарының несиелік портфельдерін қайта құрылымдау және оңтайландыру, барлық банк операцияларын білікті сүйемелдеу, ауқым тиімділігі есебінен қосымша кіріс алу үшін, сондай-ақ неғұрлым тиімді шарттарда қаржы ресурстарын тарту

мүмкіндігін алу үшін Холдингтің қаржы ағындарын шоғырландырудың және қаржылық басқарудың бірыңғай орталығын құру қажет;

– берілген несиелерді олар толық өтелгенге дейін, сондай-ақ жаңадан берілген несиелер бойынша жеңілдікпен несие беру тәжірибесін жалғастыру. Алайда, ауыл шаруашылығында несиелерді бөлу олардың аграрлық өндірістің ерекшелігіне сәйкес өзін-өзі ақтауын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс, бұл ретте жеңілдікті инвестициялық несиелер көбінесе конкурстық негізде жоғары табысты жобаларды іске асыруға бағытталуы тиіс;

– жоспарлау сатысында бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру тетігін кешенді зерделеу. Ауылдық өңірлерде мемлекеттік бағдарламалар мен инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражаты таратылуда. Қаржыландыру жүйесі олардың нақты нығаюына ықпал етуі және тиімділігін арттыруға, ауыл шаруашылығы өнімін шығару көлемін ұлғайтуға және оны өндіруге жұмсалатын шығындарды қысқартуға түрткі болуы тиіс.

9. Отандық ауыл шаруашылығы өндірісінде цифрлық технологияларды қолдану енді ғана қарқын алып келеді. Бұл технологияларды қолдану арқылы ауыл шаруашылығы саласының, кәсіпорындарының және өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Цифрлық трансформацияның әсері ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігінің барлық деңгейінде орын алады, атап айтқанда:

– ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігі деңгейінде институционалдық экономикалық тетіктерді қолдану арқылы электрондық қызметтер көрсетіледі және жер қатынастарының технологиялық карталары анықталады;

– ауыл шаруашылығы кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігі деңгейінде нарықтық және институционалдық экономикалық тетіктер арқылы цифрлық технологиялар (ақылды ферма, ақылды жылыжайлар, логистикалық қызметтер) қолданылады;

– ауыл шаруашылығы өнімнің бәсекеге қабілеттілігі деңгейінде нарықтық экономикалық тетіктер арқылы дайын өнімді сақтайтын орындар және оларды өткізетін электрондық сауда алаңдары қалыптасады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан 2012. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014>.
- 2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2018 жылдың 12 шілдесі, №423 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000423>.
- 3 Коноплицкий В., Филина А. Это – бизнес: толковый словарь экономических терминов. – Киев: Альтерпресс, 1996. – 448 с.
- 4 Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. – М.: Эконом, 1993. – 475 с.
- 5 Портер М. Конкуренция / пер. с англ. – М.: Изд. Вильямс, 2005. – 608 с.
- 6 Курно Ог. Основы теории шансов и вероятностей. – М.: Наука, 1970. – 384 с.
- 7 Робинсон Дж. Истинное богатство. Духовный подход к деньгам и работе / пер. с англ. – М.: Весь, 2010. – 160 с.
- 8 Шумпетер Й. Теория экономического развития: исследование предпринимательской прибыли, капитала, кредита, процента и цикла конъюнктуры. – М.: Прогресс, 1982. – 453 с.
- 9 Хайек Ф.А. Конкуренция, труд и правовой порядок свободных людей / пер. с итал. – М.: Изд-во "Пневма", 2009. – 200 с.
- 10 Юданов А. Выбор стратегии – решающий фактор конкурентоспособности // Высшее образование в России. – 2006. – №9. – С. 39-46.
- 11 Правила рынка: иностранные инвестиции; внешняя торговля; трудовая миграция; конкурентоспособность; дипломатия; помощь / под ред. В.Д. Щетинина. – М.: Международные отношения, 1994. – 352 с.
- 12 Найт Ф.Х. Риск, неопределенность и прибыль. – М.: Дело, 2003. – 360 с.
- 13 Азоев Г.Л. Конкуренция: анализ, стратегия и практика: монография. – М.: Центр экономики и маркетинга, 1996. – 208 с.
- 14 Қазақстан Республикасының Кодексі. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі: 2015 жылдың 29 қазанда, №375-V ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>. 02.04.2021.
- 15 Иванов В.Н., Фокина И.А. Методические основы управления конкурентоспособностью // Инновационные подходы к модернизации современного общества: журнал «Российское предпринимательство» т.17 №10. – г. Саратов, 2010. – С. 41-44.
- 16 Самуэльсон П. Монополистическая конкуренция – революция в теории // В кн: Вехи экономической мысли. – СПб., 1999. – Т. 2. – С. 354-370.
- 17 Сабден О. Основные направления повышения конкурентоспособности экономики Казахстана // Повышение конкурентоспособности национальной

экономики в условиях глобализации: проблемы, приоритеты, пути решения: Избранные труды, том Инновационная экономика С 340 – Алматы, 2008. – С. 11-19.

18 Фатхутдинов Р.А. Конкурентоспособность: экономика, стратегия, управление: учеб. пос. – М.: Инфра-М, 2000. – 311 с.

19 Сагадиев К.А. Реформы: аналитический взгляд. – Алматы: Gauhar, 2006. – Т. 3. – 352 с. С. 25-46.

20 Шеховцева Л.С. Конкурентоспособность региона: факторы и метод создания // Маркетинг в России и за рубежом. – 2001. – №4. – С. 11-16.

21 Долинская М.Г., Соловьев И.А. Маркетинг и конкурентоспособность промышленной продукции. – М.: Издательство стандартов, 1991. – 125 с.

22 Завьялов П.С. Конкурентоспособность и маркетинг // Российский экономический журнал. – 2005. – №12. – С. 14-18.

23 Сидоренко В., Михайлушкин П. Конкурентоспособность аграрного сектора России в мировой экономике // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2011. – №6. – С. 7-11.

24 Latruffe L. Competitiveness, Productivity and Efficiency in the Agricultural and AgriFood Sectors: papers OECD. – Rennes, 2010. – 63 p.

25 Саубанов К.Р., Саубанов Р.Х. Оценка конкурентоспособности сельского хозяйства Республики Татарстан. – Казань: Изд-во ТГГПУ, 2008. – 164 с.

26 Zhussupov Y.A. Technologies and mechanisms of sustainable development of agriculture of the Republic of Kazakhstan // Вестник Карагандинского университета. – 2019. – №2(94). – С. 168-173.

27 Анохина М.Е., Середина Н.С. Конкурентоспособность отечественного АПК: проблемы, решения // Экономика и управление народным хозяйством. – 2016. – №1(134). – С. 51-57.

28 Чемерис Е.М. Конкурентоспособность сельского хозяйства (управленческий аспект): монография. – Бишкек: КРСУ, 2014. – 184 с.

29 Новрузова З.Р. Конкурентоспособность отраслей сельского хозяйства и потенциал ее повышения: монография. – Баку: Игтисад Университети, 2011. – 316 с.

30 Шарнина Н.М. Система управления конкурентоспособностью предприятий АПК // <http://mosi.ru/en/node/2542>. 06.04.2021.

31 Большая советская энциклопедия // <http://bse.sci-lib.com/>. 32 Беленов О.Н., Анучин А.А. Конкурентоспособность стран и регионов. – М.: КНОРУС, 2015. – 148 с.

33 Ахметов Т.С. Факторы конкурентоспособности предприятия // Международный научно-исследовательский журнал. – 2014. – №8-2(27). – С. 7-8.

34 Zhussupov Y.A. Factors increase of competitiveness of agricultural products of the republic of kazakhstan // Статистика, есеп және аудит. – 2019. – №1(72). – С. 68-71.

- 35 Ильина З.М., Батова Н.Н. Конкурентоспособность продукции и продовольственная безопасность: теоретические и практические аспекты. – Минск: Институт системных исследований в АПК НАН Беларуси, 2010. – 120 с.
- 36 Юркова Е.А. Конкурентоспособность сельскохозяйственных предприятий и влияние инновационного потенциала АПК на ее повышение: дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – М., 2013. – 159 с.
- 37 Климова Н.В. Конкурентоспособность сельскохозяйственной продукции (региональные условия: теория и практика). – Ульяновск: ГСХА, 2004. – 112с.
- 38 Ключац В.А. и др. Маркетинг в региональном АПК как фактор совершенствования экономических связей и отношений на рыночных принципах // Регион: системы, экономика, управление. – 2012. – №3(18). – С. 17-25.
- 39 Лифиц И.М. Теория и практика оценки конкурентоспособности товаров и услуг. – М.: Юрайт-М, 2001. – 221 с.
- 40 Гельвановский М.И. Национальная стратегия конкурентоспособности как основа промышленной политики России // Россия и совр. мир. – 2006. – №3. – С. 118-128.
- 41 Кондратьев В. Макроэкономические проблемы конкурентоспособности России // Мировая экономика и международные отношения. – 2001. – №3. – С. 54-60.
- 42 Фокин С. Конкурентоспособность стран мира // www.georpub.narod.ru. 10.04.2021.
- 43 Оливье А., Дайан А., Урсе Р. Международный маркетинг / пер. с фр. М., 1993. – 560 с.
- 44 Мазилкина Е.И., Паничкина Т.Г. Управление конкурентоспособностью. – М.: Омега-Л, 2009. – 328 с.
- 45 Голубков Е.П. Основы маркетинга. – М.: Финпресс, 2003. – 688 с.
- 46 Зулькарнаев И.У., Ильясова Л.Р. Метод расчета интегральной конкурентоспособности промышленных, торговых и финансовых предприятий // Маркетинг в России и за рубежом. – 2004. – №1. – С. 24-29.
- 47 Kennedy P.L., Harrison N.G., Piedra M.A. Analyzing Agribusiness competitiveness: The case of the United States Sugar Industry // International Food and Agribusiness Management Review. – 1998. – Vol. 1, №2. – P. 245-257.
- 48 Томпсон А.А., Стрикленд А.Дж. Стратегический менеджмент: концепции и ситуации для анализа / пер. с англ. – М., 2006. – 928 с.
- 49 Harris M., Codur A.M. Macroeconomics and the Environment. – Medford: Tufts University Global Development And Environment Institute, 2004. – P. 31-33.
- 50 Марамохина Е.В. Факторы конкурентоспособности сельского хозяйства в России // Аэкономика. – 2014. – №1(1). – С.11-15.
- 51 Venables A.J. Using natural resources for development: Why has it proven so difficult? // Journal of Economic Perspectives. – 2016. – Vol. 30(1). – P. 161-183.
- 52 Fitriani R., Sumarminingsih E. Determination of spatial extent of land use in the fringe of Jakarta metropolitan: A semivariogram analysis // Theoretical and Empirical Researches in Urban Management. – 2015. – Vol. 10(1). – P. 43-54.

53 Lin C.C., Lin J. Capitalism in contemporary China: Globalization strategies, opportunities, threats, and cultural issues // Journal of Global Business Issues. – 2008. – Vol. 2(1). – P. 31-40.

54 Schwab K. The Global Competitiveness: report 2013-2014 // http://www3.weforum.org/docs/WEF_GlobalCompetitivenessReport. 15.04.2021.

55 Саубанов К.Р. Конкурентоспособность регионального сельского хозяйства в приволжском федеральном округе: дис. канд. экон. наук: 08.00.05. – Казань, 2010. – 176 с.

56 Zhussupov Y.A., Baktymbet S.S., Shmarlovskaya G.A. Innovative development in the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan // Bulletin of the Karaganda university. – 2019. – Т. 4(96). – P. 187-193. 57 Fostering Productivity and Competitiveness in Agriculture OECD // <http://browse.oecdbookshop.org/oecd/pdfs/product/5111131e.pdf>. 16.04.2021.

58 Трухачев В.И., Бинатов Ю.Г., Костюкова Е.И. Факторы и условия повышения конкурентоспособности российского аграрного бизнеса в условиях глобализации // Вестник АПК Ставрополя. – 2016. – №S1. – С. 88-93.

59 Лапова Ю.С. Повышение конкурентоспособности продукции в АПК // <http://www.scienceforum.ru/2013/160/1906>. 60 Гончаров В.Д. Конкурентоспособность пищевой промышленности России // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. – 2009. – №7. – С. 28-30.

61 Ленская Т.И. Организационно-экономические факторы повышения конкурентоспособности продукции АПК: дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – Минск, 2013. – 152 с.

62 Дрокин В.В., Журавлев А.С. Основные факторы, влияющие на конкурентоспособность аграрного сектора региона // <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-factory-vliyaushie-na>. 18.04.2021.

63 Esterhuizen D. An Evaluation of the Competitiveness of the South African Agribusiness Sector // <http://upetd.up.ac.za/thesis/available/etd>. 18.04.2021.

64 Пирназаров Ш.М., Шарофов У. Повышение конкурентоспособности сельскохозяйственного производства // Кишоварз, (Земледелец). – 2013. – №3. – С. 39-40.

65 Шогенов Б.А., Шогенов А.М. Управление конкурентоспособностью агропромышленного производства // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. – 2005. – №5. – С. 23-25.

66 Ахмадов М.М. Конкурентоспособность фирмы: содержание категорий // <http://www.mstu.edu.ru/science/conferences/11ntk/materials/section8>. 20.04.2021.

67 Толковый словарь русского языка: в 4 т. / под ред. Д.Н. Ушакова. – М.: Гос. изд-во иностр. и нац. слов., 1938. – Т. 2. – 1040 с.

68 Павленков Ф. Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка // http://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwwords/42123. 20.04.2021.

69 Измалков С., Сонин К., Юдкевич М. Теория экономических механизмов (Нобелевская премия по экономике 2007 г.) // Вопросы экономики. – 2008. – №1. – С. 4-26.

- 70 Философский энциклопедический словарь / сост. Е.Ф. Губский и др. // <http://terme.ru/dictionary/184/word/mehanizm>.
- 71 Лафта Дж.К. Менеджмент: учеб. пос. – М.: ТК Велби, 2004. – 592 с.
- 72 Кульман А. Экономические механизмы / пер. с. фр. – М.: Прогресс, 1993. – 192 с.
- 73 Абалкин Л.И. Хозяйственный механизм развития социального общества. – М.; Мысль, 1973. – 269 с.
- 74 Бычкова А.Н. Экономический механизм: определение, классификация и применение // Вестник Омского университета. – 2010. – №4. – С. 37-43.
- 75 Бачурин А.В. Планово-экономические методы управления. – Экономика, 1973. – 455 с.
- 76 Ушачев И.Г. Рекомендации по организационно-экономическому механизму функционирования интегрированных формирований в АПК – М.: АНО «Издательство МСХА», 2003. – 174 с.
- 77 Павленко Н.Е. Формирование и развитие экономического механизма в сельском хозяйстве России (теория, методология, практика): автореф. ... док. экон. наук: Шифр- 08.00.05 (экономика)– М., 2012. – 50 с.
- 78 Ходос Д.В., Иванов С.Г., Дьяченко О.Г. Экономический механизм развития АПК региона // Вестник КрасГАУ. – 2013. – №12.– С. 24-28.
- 79 Семин А.Н. Научные основы формирования экономических механизмов: формы, типы, виды // Агропродовольственная политика России. – 2012. – №5. – С. 5-12.
- 80 Лукьянова А.А. Организационно-экономические основы дальнейшего реформирования АПК: проблемы и решения. – Новосибирск: РПО СО РАСХН, 2001 – 287 с.
- 81 Щербаков В.Н. Основы рациональной системы хозяйствования. – М., 1998. – 313 с.
- 82 Дронова Н.Ф. Экономические аспекты функционирования продовольственных рынков (на материалах Краснодарского края). – Краснодар, 1999. – 272 с.
- 83 Векленко Е.В. Цели, задачи и принципы построения экономического механизма воспроизводственного процесса в сельском хозяйстве // Вестник Курской государственной сельскохозяйственной академии. – 2015. – №4. – С. 33-36.
- 84 Алтухов А.И., Кундиус В.И. Российский АПК: современное состояние и механизмы развития: монография. – М.; Барнаул: Изд-во АГАУ, 2006. – 723 с.
- 85 Мочалов А.П. Экономический механизм АПК // Вестник Ульяновской государственной сельскохозяйственной академии. – 2011. – №3(15). – С. 130-135.
- 86 Озерова М.Г. Концептуальные основы экономического механизма агропродовольственного сектора // Вестник КрасГАУ. – 2013. – №5. – С. 25-30.
- 87 Инновационная деятельность в агропромышленном комплексе России / под ред. И.Г. Ушачева, Е.С. Оглоблина, И.С. Санду и др. – М.: Экономика и информатика, 2006. – 374 с.

88 Козаев И.С., Дементьев, В.И. Организационно-экономический механизм развития регионального скотоводства: теория, методология и практика: науч. изд. – Мичуринск-наукоград РФ: Изд-во Мичурин. гос. аграр. ун-та, 2007. – 336 с.

89 Мазлоев В.З. Механизмы институциональных преобразований агропромышленных объединений // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. – 2005. – №7. – С. 37-40.

90 Ахмедова Ж.А. Организационно-экономический механизм функционирования и развития аграрной сферы депрессивного региона: автореф. ... док. экон. наук: 08.00.05 – М., 2012. – 41 с.

91 Боев В.Р. Совершенствовать экономический механизм развития АПК // АПК: экономика, управление. – 1993. – №3. – С. 61-64.

92 Цхурбаева Ф.Х., Фарниева И.Т. Организационно-экономический механизм управления предприятиями АПК // Terra Economicus. – 2009. – Т. 7, №2-3. – С. 151-154.

93 Численность населения по регионам Республики Казахстан (2000-2020) // <https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/8>. 25.04.2021.

94 Қазақстан халқының экономикалық белсенділігі: стат. жинақ (2011-2015) / Статистика комитеті. – Астана, 2015. – 202 б.

95 Қазақстанда жұмыспен қамтылу: стат. жинақ / Статистика комитеті. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 245 б.

96 Қазақстан Республикасындағы еңбекақы: стат. жинақ Статистика комитеті. – Астана, 2015. – 130 б.

97 Қазақстан Республикасындағы еңбекақы: стат. жинақ / Статистика комитеті. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 125 б.

98 Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы: стат. жинақ / Статистика комитеті. – Астана, 2015. – 192 б.

99 Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы: стат. жинақ / Статистика комитеті. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 220 б.

100 Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы: стат. жинақ / Статистика комитеті. – Астана, 2016. – 260 б.

101 Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы: стат. жинақ / Статистика комитеті. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 264 б.

102 Agriculture, forestry, and fishing, value added per worker (constant 2010 US\$) // <https://data.worldbank.org/indicator/NV.AGR.EMPL.KD>. 26.04.2021.

103 Об инвестиционной деятельности в Республике Казахстан (2016) // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>.

104 Об инвестиционной деятельности в Республике Казахстан (2017) // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>.

105 Об инвестиционной деятельности в Республике Казахстан (2018) // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>.

106 Об инвестиционной деятельности в Республике Казахстан (2019) // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>.

107 Об инвестиционной деятельности в Республике Казахстан за (2020) // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>.

108 Об инвестиционной деятельности в Республике Казахстан (2011) // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>.

109 Об инвестиционной деятельности в Республике Казахстан (2012) // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>.

110 Об инвестиционной деятельности в Республике Казахстан (2013) // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>.

111 Об инвестиционной деятельности в Республике Казахстан (2014) // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>.

112 Об инвестиционной деятельности в Республике Казахстан (2015) // <https://stat.gov.kz/official/industry/161/statistic/5>.

113 Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің 2016 жылғы орындалуы туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жаршысы // <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents>.

114 Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің 2017 жылғы орындалуы туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жаршысы // <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents>.

115 Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің 2018 жылғы орындалуы туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жаршысы // <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents>.

116 Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің 2019 жылғы орындалуы туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жаршысы // <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents>.

117 Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің 2020 жылғы орындалуы туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жаршысы // <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents>.

118 Льготные кредиты и другие меры: как государство помогает сельскому хозяйству // <https://baiterek.gov.kz/ru/pr/media/stati-i>. 28.04.2021.

119 Ұлттық Банктің Статистикалық Бюллетені / Қазақстан Ұлттық Банкі. – 2021. – №01(314). – 162 б.

120 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы, №151 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2015 жылдың 29 қазанда, №860 бекітілген (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 наурызда, №113 қаулысымен күшін жойған). // <https://adilet.zan.kz>. 01.08.2021.

121 Гусаров В.М. Статистика: учеб. пос. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 463 с.

122 Қазақстан Республикасы Президент. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері: жолдауы – 2018 жылғы 10 қаңтаы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002018>. 28.04.2021.

123 Алтухов, А.И., Дудин М.Н., Анищенко А.Н. Глобальная цифровизация как органи-зационно-экономическая основа инновационного развития агропромышленного комплекса РФ // Проблемы рыночной экономики. – 2019. – №2. – С. 17-27.

124 Василенко Н.В. Цифровизация как основа евразийской экономической интеграции. Государство и рынок: механизмы и институты евразийской интеграции в условиях усиления глобальной гиперконкуренции: кол. монография. – СПб., 2017. – 152 с.

125 Бодрунов С.Д. Некоторые аспекты евразийской интеграции и процессы новой индустриализации России // Экономическое возрождение России. – 2017. – №1(51). – С. 12-16.

126 Ленчук Е.Б., Власкин Г.А. Формирование цифровой экономики в России: проблемы, риски, перспективы // Вестник ИЭ РАН. – 2018. – №5. – С. 9-21.

127 Implementing UN/CEFACT e-Business standards in Agricultural Trade // <https://www.unecse.org>. 05.06.2021.

128 Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединённых Наций // <http://www.fao.org/3/a-i5564e.pdf>. 08.09.2021.

129 Основные направления реализации цифровой повестки ЕАЭС до 2025 года // <http://www.eurasiancommission.org>. 05.10.2021.

130 Маслова В., Авдеев М. Повышение конкурентоспособности отечественной агропродовольственной продукции и развитие цифровой экономики в АПК // АПК: экономика, управление. – 2018. – №8. – С. 4-12.

131 Норалиев Н.Х., Юсупова Ф.Э. Цифровые технологии в сельском хозяйстве // Вопросы науки и образования. – 2020. – №8(92). – С. 4-10.

132 Романова Л.В. Шашкова И.Г. Развитие агропромышленного комплекса в условиях цифровой экономики // Фундаментальные исследования. – 2020. – №11. – С. 152-156.

133 Есполов Т.И. Цифровизация АПК – требование нового времени // <http://kzvesti.kz/kv/thirdband/25528-cifrovizaciya-apktrebovanie>. 28.04.2021.

134 Годин В.В., Белоусова М.Н., Белоусов В.А. и др. Сельское хозяйство в цифровую эпоху: вызовы и решения // E-Management. – 2020. – Т. 3, №1. – С. 4-15.

135 Куликов Ю.А. Цифровизация АПК: кадровый вопрос // Управление рисками в АПК. – 2020. – №2. – С. 27-33.

136 Zhussupov Y., Tursumbayeva M., Shokhan R. et al. Main Directions of Increasing Competitiveness Taking Into Account Specificity of Agriculture and Its Sustainable Development // Journal of Environmental Management and Tourism. – 2020. – Vol. 11, Issue 7(47). – P. 1825-1836.

137 Стратегический план Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан на 2020-2024 годы // <http://extwprlegs1.fao.org/docs/pdf/kaz201683>. 04.03.2021.

138 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2017 жылдың 12 желтоқсаны, №827 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>.

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН АҚМОЛИНСКАЯ ОБЛАСТЬ,
АСТРАХАНСКИЙ РАЙОН, СЕЛО НОВОЧЕРКАССКОЕ.

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«АГРО СТРОЙ СОЮЗ»

Исх. № 04-21/7 от 21» 04 20 21 ж/г.

ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ АКТ

Ізденуші Жусупов Ержан Алпысбаевичтің «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының келесі ғылыми нәтижелері біздің мекеменің қызметіне енгізілді:

- ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар топтамасы;
- ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қатысты экономикалық тетіктердің құрылымдық сызбасы;
- Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі дамуының SWOT-талдауының кестесі;
- ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды қолданудың деңгейін, жобаларын және мүмкіндіктерін анықтайтын кесте.

Директор
ТОО «Агро Строй Союз»



Б.К. Жунусов

Жоба

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін цифрлық технологиялар арқылы арттырудың тұжырымдамасы

Тұжырымдаманың мақсаты ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға және түрлендіруге қабілетті цифрлық ауыл шаруашылығы мен технологиялық инновацияларды жеделдету болып табылады.

Бұл мақсатқа жету үш бағытта жүзеге асырылады:

1. Электрондық қызметтерді көрсету. Бұл бағыттағы жұмыс ауыл шаруашылығын жүргізу бойынша кенес беру қызметтерін, нарық туралы ақпаратты, ауа райының өзгеруі туралы және мәдени өсімдіктерге қауіп төндіретін зиянкестер туралы ескерту жүйелерін, сондай-ақ мемлекеттік субсидиялау, ауыл шаруашылығын сақтандыру, несиелеу және төлемдер сияқты цифрлық қаржылық қызметтерді қамтиды.

Іске асыру тетіктері:

- жер учаскелерін ресімдеу, субсидиялар алу бойынша мемлекеттік цифрлық қызметтер;
- қаржылық қызметтерді цифрландыру (сақтандыру, несиелеу, электрондық төлемдер);
- шағын фермерлік шаруашылықтардың қатысуымен тиісті жаңалықтарды іріктеу және бейімдеу жөніндегі бастамалар;
- цифрлық технологиялар мен басқа да жаңалықтарды пайдалану мақсатында негізгі жалпы білім беру бағдарламаларына оқытуды енгізу;
- цифрлық және басқа да инновациялық ауыл шаруашылығы технологиялары саласында ақпарат тарату мақсатында өңірлік инновациялық орталықтар құру.

Алынатын әсер:

Электрондық қызмет көрсету ауыл шаруашылығындағы ЖІӨ көрсеткішінің неғұрлым жылдам өсу қарқынына, ауыл шаруашылығы саласына тартылған қоғамдық құрылымдардың неғұрлым тез әрекет етуіне, хабардарлық пен табыстылықты арттыруға, қоршаған ортаның тұрақтылығы мен климатты қорғауды, азық-түлік қауіпсіздігін жақсартуға және ауыл шаруашылығы өндірісінде және басқа да аралас экономикалық салаларда, мысалы, көлік, логистика, қаржы және басқа да салаларда жаңа жұмыс орындарын құруға және ынталандыруға әкеледі.

2. Ақылды технологияларды қолдану (нақты егіншілік, ақылды фермалар, ақылды жылыжайлар, ауыл шаруашылығы көлігін басқару, ауыл шаруашылығы өнімін сақтау). Ақылды технологиялар цифрлық және басқа технологияларды біріктіреді, мысалы, нақты ауыл шаруашылығы, суарудың «ақылды» шешімдері, жылыжайларды басқару, жер мен дақылдарды диагностикалау, сандық байланысты біріктіретін ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру, басқа технологиялық инновациялардың бірі.

Иске асыру тетіктері:

- фермерлік шаруашылықтардың цифрлық тізілімі;
- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің тізілімі;
- жануарлардың орын ауыстыруын есепке алу және бақылау жүйесі;
- ауыл шаруашылығы саласының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің орталықтандырылған дерекқоры;
- тоңазытқыш қондырғылары және сақтау саласындағы технологиялар.

Алынатын әсер:

Ақылды технологияларды қолдану айтарлықтай жоғары өнімділікке, климаттың өзгеруіне және басқа да қауіптерге төзімділікті арттыруға, азық-түлік сапасын жақсартуға, өндірістік-өткізу тізбегінің ресурстарын пайдалануды жақсартуға және табыстылықты арттыруға әкеледі.

3. Электрондық сауда алаңын дамыту. Бұл бағыт цифрлық нарықта байланыстар жасаумен байланысты, яғни ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына сапалы ауыл шаруашылығы ресурстары, жер және жабдықтар қолжетімді болатын немесе ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына жергілікті және халықаралық сатып алушылармен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін алаңдар мен қызметтер құрылатын болады.

Иске асыру тетіктері:

- нарық туралы ақпаратты жинау және тарату жүйесі (мысалы, шикізат пен тауар бағасы);
- цифрланған азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі.

Алынатын әсер:

Электрондық сауда алаңын енгізу ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жоғары кірістері тұрақтылығының өсуіне, жоғары сапалы нарықтарға шығуға және нарықтық байланыстардың жаңа мүмкіндіктерін кеңейтуге әкеледі, сондай-ақ аграрлық саланың кәсіпкерлері мен инвесторлары үшін неғұрлым қолайлы экономикалық жағдайлар жасайды.